

У
Бюро
Коммунистической
партии
СССР

1962 № 9 - 7

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл шығуы

№ 9

СЕНТЯБРЬ

1962

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА—Бастауыш партия ұйымы—бұқараны ұйымдастырушы	3
А. НҮСІПБЕКОВ — Ұлы орыс халқының тарихи жеңісі	9
В. ПУТИНЦЕВ — Күрделі құрылысқа күнделікті көңіл бөліңсін	15
А. ӘДІЛОВ — Ішкі резервтер — тұнған байлық	20
Л. ТӘЖІБАЕВ — Су қоры—молшылық көзі	26
О. КЕРІМБЕКОВ — Қолхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесінің артуы	31
Ұ. БАҒАЕВ — Сыр бойының саңлақтары	36
А. ТУҒАНБАЕВ — Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланысы	40
Ә. ШАЛАБАЕВ — Саяси қырағылық — совет азаматының қасиетті борышы	44

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ Әңгіме

М. ЕСЕНӘЛИЕВ — Ұлт-азаттық қозғалыстың кәзіргі кезеңдегі ерекшелігі	49
---	----

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ ТАҚЫРЫБЫНА

Т. ТӘЖІБАЕВ — Коммунизм ісіне берілгендік немен ыспатталады	53
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

С. НИЯЗБЕКОВ — Жаңаша басқарудың жақсы лебізі	59
Т. БӨКЕБАЕВ — Партия тобы—біздің сүйенішіміз	63
О. БАТЫРБЕКОВ, Т. НӘБИН — Комсомолдың күші — партия басшылығында	66

ХАТ-ХАБАР

А. МҮСЫЛМАНҚҰЛОВ — Еңбек өнімділігін арттыру—өзекті міндет	70
Ә. ӘЛІМБЕКОВ — Шымкент цементі	74

ОҚУШЫЛАР СҰРАҒЫНА ЖАУАП

А. БАСОВ — Техниканың моральдық тозуы деген не?	77
---	----



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Боевые организаторы масс	3
А. НУСИПБЕКОВ — Историческая победа великого русского народа (К 150-летию Отечественной войны 1812 года)	9
В. ПУТИНЦЕВ — Капитальному строительству повседневное внимание	15
А. АДИЛОВ — Резервы предприятий привести в действие	20
Л. ТАЖИБАЕВ — Источник изобилия	26
О. КЕРИМБЕКОВ — Рост культурно-технического уровня колхозного крестьянства	31
У. БАГАЕВ — Рисоводы Сырдарьи	36
А. ТУГАНБАЕВ — Экономическая связь Казахстана с зарубежными странами	40
А. ШАЛАБАЕВ — О политической бдительности советских людей	44

БЕСЕДА О ПРОГРАММЕ КПСС

М. ИСЕНАЛИЕВ — Некоторые особенности национально-освободи- тельного движения на современном этапе	49
--	----

МОРАЛЬНЫЙ КОДЕКС СТРОИТЕЛЯ КОММУНИЗМА

Т. ТАЖИБАЕВ — Преданность делу коммунизма — важный нрав- ственный принцип	53
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ


С. НИЯЗБЕКОВ — Новое в руководстве сельским хозяйством	59
Т. БУКЕБАЕВ — Партгруппы — наша опора	63
О. БАТЫРБЕКОВ, Т. НАБИН — Сила комсомола — в партийном ру- ководстве	66

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

А. МУСУЛМАНКУЛОВ — Повышение производительности труда на железнодорожном транспорте	70
А. АЛИМБЕКОВ — Гигант цементной промышленности	74

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

А. БАСОВ — Что такое моральный износ оборудования?	77
--	----



Бастауыш партия ұйымы— бұқараны ұйымдастырушы

Бастауыш партия ұйымдары бұқараға ең жақын тұрған ұйым, фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында партияның шешімдерін солар жүзеге асырады. Бастауыш ұйымдар — партияның негізі. Әрбір бастауыш ұйым Коммунистік партияның — еліміздегі басшы да бағыт сілтеуші партияның, Отанымыздың тағдыры үшін, оның экономикасы мен қорғаныс қуатының өсуі, мәдениет пен ғылымның дамуы үшін жауап беретін партияның құрамды бір бөлігі болып саналады. Міне, сондықтан да бастауыш партия ұйымына ерекше күшті жауапкершілік жүктеледі.

Кезінде ұлы көсеміміз В. И. Ленин партияның бастауыш ұйымдары туралы былай деп жазған болатын: «...бір-бірімен және партияның орталығымен тығыз байланысты бұл ұялар, өздерінің тәжірибесімен алмаса отырып, қоғамдық өмірдің барлық саласына, еңбекші бұқараның түрлі-түрлі және әралуан топтарының бәріне түгел үйлесе отырып, насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмыстары, осындай әртарапты жұмыстар арқылы өздерін де, партияны да, тапты да, бұқараны да үнемі тәрбиелеп отыруға тиіс» (Шығармалар, 31-том, 187-бет). Владимир Ильичтің бұл даңышпандық ой-пікірі партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Уставында айқын бейнеленген. Бастауыш партия ұйымдары тікелей еңбекшілердің қалың ортасында жұмыс істейді, оларды коммунистік партияның төңірегіне топтастырады, бұқараны партияның шешімдерін, коммунизм құрылысының міндеттерін жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдырады деп көрсетілген партияның Уставында.

Елімізде коммунистік құрылыс неғұрлым кеңінен құлаш жайған сайын партия ұйымдарының ролі солғұрлым арта бермек. Өйткені социалистік мемлекеттіктен қоғамның өзін өзі басқаруына көшкен сайын партия ұйымдарының жұмысы жанжақты сипат ала береді, сонымен бірге олар барлық қоғамдық ұйымға үлгі көрсетуге тиіс. Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы бастауыш партия ұйымдарының бұқараны ұйымдастыра, оған үйрете білу шеберлігіне байланысты.

Партияның тарихи XXII съезінің өткеніне онша көп уақыт болған жоқ. Осыған қарамай съезд шешімдері совет адамдарының ақыл-ойын, санасын түгел билеп алды. Еңбекшілер бұқарасының саяси және еңбектегі белсенділігі күн сайын арта түсуде. Партия мен халық коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынасты қалыптастыру, жаңа адамды тәрбиелеу жолындағы күресті барған сайын кеңінен өрістетіп түсуде. Бұл күресте бастауыш партия ұйымдары ерекше күшті роль атқарып отыр.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің республикада да бастауыш партия ұйымдары нығая түсті, олардың белсенділігі артты. Партия ұйымдары партиялық күшті өндірістің шешуші буындарына шоғырландыра түсті, бригадаларда, бөлімшелерде, цехтарда партия ұйымдары мен партия топтарының құрылып, жұмыс істей бастауымен байланысты әрбір еңбекшіге күнделікті саяси ықпал жасап отыруға мүмкіндік туды.

Сонымен бірге республикамызда партия ұйымдарының қатары да мықтап өсті. Мысалы, кәзір республикамыздың ауыл шаруашылығында ғана 130 мыңнан астам коммунист жұмыс істейді. 476 колхоз бен совхозда партия комитеті құрылған. Орта есеппен алғанда әрбір кол-

хоз партия ұйымында 49 коммунист, әрбір совхоз партия ұйымында 71 коммунист жұмыс істейді. Бұл—колхоз және совхоз өндірісінің жағдайына шешуші ықпал жасай алатын үлкен күш.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы негізгі буын—еңбекшілер арасында күнделікті ұйымдастыру жұмысын жүргізу, социалистік жарысты ұйымдастыру, кәсіпорын мен құрылыстың, колхоз бен совхоздың ішкі мүмкіндіктерін ашып, оны тиімді пайдалану, ғылым мен техниканың жетістіктерін, озаттардың тәжірибесін өндіріске кеңінен енгізу жолындағы күреске бұқараны жұмылдыру. Бастауыш партия ұйымдары негізінен алғанда бұл міндетті ойдағыдай атқарып келеді, олар партияның Орталық Комитетінің март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, шаруашылыққа нақты да іскер басшылық жасай бастады.

Республикамыздың партия ұйымдары КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің бүкіл совет халқына, Қазақстан еңбекшілеріне арнаған Үндеуі негізінде үлкен ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмыстарын жүргізуде. Республика еңбекшілері партия мен үкіметтің шақыруына зор патриоттық іспен жауап бере отырып, Отан қоймасына мол астық құю үшін күресті кең өрістетуде.

Бұл жолдағы күресте республиканың оңтүстік облыстарының еңбекшілері кәзірдің өзінде елеулі табыстарға жетті. Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан өлкелерінің, Алматы облысының колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Кәзір Батыс Қазақстан облысының еңбекшілері Отан қоймасына 102 миллион пұт астық (бұл екі жылдық жоспармен барабар), Оңтүстік Қазақстан облысының дихандары жүгері мен күрішті қосқанда 30 миллион пұт, Алматы облысының колхозшылары мен совхоз жұмысшылары 25 миллион пұт астық құю үшін қажырлы күрес жүргізуде.

Отан игілігіне берілетін қазақстандық мол астыққа Тың өлкесінің еңбекшілері салмақты үлес қосуға тиіс. Кәзір республика тың даласында астық үшін ұлы күрес жүріп жатыр. Бұл өлкенің егіншілері биыл жоспар бойынша мемлекетке 681 миллион пұт астық тапсыруға тиіс.

Республика еңбекшілерінің Отан алдында алып отырған жоғары міндеттемесінің табысты орындалуы колхоз және совхоз партия ұйымдарының іскерлігі мен талабына байланысты. Міне сондықтан да Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жақында болып өткен пленумы өз қаулысында: облыстық және аудандық партия комитеттері, өндірістік басқармалардың партия ұйымдастырушылары бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға, олардың назарын егін орағы мен астық дайындауды ойдағыдай өткізуге аударып, совхоздар мен колхоздарда істің жағдайы үшін бастауыш партия ұйымдарының жауапкершілігі мен ролін арттыра берулері керек деп көрсетті.

Республика еңбекшілерінің алдында мұнан басқа да жауапты міндеттер тұр. Ауылшаруашылық жылы аяқталып келеді. Мақта, қызылша, овощ дақылдарын ысырапсыз жинап алу керек. Сонымен бірге қоғамдық малды күйлі қыстауға әзірлік жұмыстарын жүргізудің шешуші кезеңі туды. Бастауыш партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасын ұйымдастырған, коммунистер шын мәнісінде авангардтық роль атқарған жерде бұл жұмыстардың ойдағыдай аяқталатынында күмән жоқ.

Биыл—жетіжылдықтың төртінші жылы—республиканың еңбекшілері Отан игілігіне мол астық берумен бірге, мемлекетке кемінде 800 мың тонна ет, 1 230 мың тонна сүт, 1 737 мың тонна қант қызылшасын, 225 мың тонна мақта тапсыру үшін күресуде. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін әрбір колхоз бен совхозда ауылшаруашылық жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Республикамызда ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде партия мен үкімет белгілеген шаралардың толық жүзеге асуын

камтамасыз етіп, еңбекшілер бұқарасының жалынды ұйымдастырушылары болып отырған бастауыш партия ұйымдары аз емес. Олардың қатарына Шымкент облысындағы «Мақтаарал» совхозының, Алматы облысындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мамлют» совхозының партия ұйымдарын және басқа да көптеген ұйымдарды қосуға болады.

Бастауыш партия ұйымының колхоз бен совхоз өміріндегі ролін Сайрам ауданының Киров атындағы колхозының тәжірибесінен де айқын көреміз. 1958 жылы шаруашылығы нашар өркендеген екі колхоз Киров атындағы артель болып бірікті. Осыған байланысты бастауыш партия ұйымы да нығайды. Партия ұйымына секретарь болып жігерлі де талапты, жас коммунист Ә. Мұталов жолдас сайланды.

Партия бюросы бірінші күннен бастап-ақ артель шаруашылығын ұйымдастыруды қолға алды, коммунистердің авангардтық ролін арттырып, оларды шаруашылықтың шешуші буындарына қойды. Осының нәтижесінде артель шаруашылығы қарыштап алға басты. Колхозда астық, ет, сүт және басқа өнімдер өндіру еселеп артты. Аз уақыттың ішінде колхозда көптеген өндірістік және шаруашылық құрылыстар, мәдени-тұрмыс орындары, тұрғын үйлер салынды. Колхоз аулының көркі мүлдем өзгерді, көшелер асфальтталынды, су құбырлары жүргізілді, колхозшылардың үйінде Ильич шамы жанды, газ плиталары орнатыла бастады. Міне, осының бәрін жүзеге асыруға бастауыш партия ұйымы үлкен еңбек сіңірді.

Бастауыш партия ұйымының басшылығымен артель шаруашылығына ғылым жаңалықтары, озат тәжірибе кеңінен енгізілуде. Мұнда сиырды байламай бағып, электрмен сауу, қойды қыста қоздату, мал семірту үшін түрлі биологиялық қоздырғыштарды қолдану арқылы ауылшаруашылық өнімдері арзан да мол алынып келеді. Ұйымдағы 74 коммунистің әрқайсысы қоғамдық іске неғұрлым өтімді ықпал жасай алатын орынға қойылған. Партия бюросы өндірістің шешуші буындарына партиялық ықпалды күшейте беру мақсатымен артельдің науқанды жұмыстарының кезінде коммунистерді қайта орналастырып, әрбір коммунист атқарып келе жатқан партиялық талсырманы қайта қарап отырады. Осы арқылы партия ұйымы аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарының барысына қатаң партиялық бақылау жасайды.

Биыл да егін орағының қарсаңында партия ұйымы өз күшін қайта бөліп, тиімді орналастырды, егін орағына техниканың, механизатор кадрлардың және басқа жабдықтың әзірлігі мұқият тексерілді. Осының нәтижесінде артель механизаторлары ерте пісетін дәнді дақылдарды қысқа мерзімде шығынсыз жинап алды, колхоз дихандары мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындап шықты. Қазір артель дихандары бітік өсірілген жүгеріні жинауда, биыл дән үшін егілген жүгерінің гектарынан 50 центнерден өнім алынады деп күтілуде. Өткен жылы артель жүгерінің гектарынан орта есеппен 35 центнерден дән алған болатын.

Артель коллективі партияның тарихи XXII съезінің қарсаңында коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысқа қосылып, бұл құрметті де жоғары атакты жеңіп алды. Бұл—колхозшылар қауымының бастауыш партия ұйымының басшылығымен қол жеткен басты жеңісінің бірі. Қазір артель мүшелері коммунизмдегіше еңбек етіп, тұрмыс құру жолында табысты еңбек етуде. Колхоз өмірінде саналы еңбек, өзара достық көмек, мәдениетті тұрмыс өркендері күн санап қаулап өсіп келеді.

Бірақ бізде колхоз және совхоз өміріне өтімді ықпал жасай алмай келе жатқан бастауыш партия ұйымдары да бар. Кейбір партия ұйымдары өндірісті ұйымдастыру, әкімшіліктің жұмысын бақылау сияқты басты мәселелерді жеткілікті жігермен қолға алмайды. Ал, базбір партия ұйымдары бастаған ісін аяғына дейін апармайды, тәп-тәуір шешім-

дер қабылдағанмен оның орындалуын бақыламайды немесе ұйымдастырмайды.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктер партияның Орталық Комитетінің март Пленумы шешімдерінде, Н. С. Хрущев жолдастың сөйлеген сөзінде айқын көрсетілген болатын. Ауыл шаруашылығына басшылық жасау ісіндегі Пленум ашып көрсеткен кемшіліктерді: ғылым жаналықтары мен озат тәжірибенің жаппай қолданылмауы, ауылшаруашылық техникасының, жердің тиімді көзін тауып пайдаланылмауы, социалистік жарыстың өрістетілмеуі, материалдық ынталандыру принциптерінің дұрыс қолданылмауы сияқты кемшіліктер партия ұйымдарының жұмысында осы күнге дейін орын алып келеді.

Кәзір бүкіл республикамызда бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары өтіп жатыр. Бұл жиналыстарда баяндама жасаушы бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, жарыс сөзге шығып сөйлеуші коммунистер партия ұйымының жұмысындағы мұндай кемшіліктерді терең ашып, оны жоюдың жолдарына, алда тұрған міндеттерге баса назар аударуда.

Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданындағы «Путь Ильича» совхозы—жас шаруашылықтардың бірі, ол өткен жылы көктемде ұйымдастырылды. Осыған қарамай совхоз өткен жылы дәнді егіннің гектарынан 12 центнерден астамнан өнім жинап, мемлекетке бір миллион пұт астық тапсырған еді. Биыл совхоз дихандары астықтың гектарынан 100 пұттан өнім жинауда. Совхоз коллективі жарты жылдық жоспарды ет жөнінен 104 процент, сүт жөнінен 112 процент, жүн жөнінен 107 процент орындады. Совхоздағы 56 сауышшының 38-і өткен жылы әр сиырдан 2700—3370 литрге дейін сүт сауды. Жас та жаңа коллективтің ұйымшылдығы артып, шаруашылықты өркендетуде алғашқы табыстарға жетуінде бастауыш партия ұйымының, совхоз коммунистерінің сіңірген еңбегі зор.

Жақында болып өткен есеп беру, сайлау жиналысында совхоз партия ұйымының, коммунистердің бір жылғы жұмысына қорытынды жасалумен бірге ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарындағы кемшіліктер терең ашылды, оларды жоюдың жолдары көрсетілді. Партия ұйымы озат тәжірибені өндіріске енгізу ісін нақты ұйымдастыра алмаған. Мысалы, биылғы егін жинау науқанына әзірлік кезінде егін жинайтын кең алымды агрегаттар мен жаткаларды қолдану туралы көп сөз болды. Бірақ бұл озат әдіс егін жинау науқанында кеңінен қолданылмай келеді. Осының салдарынан да егін жинау мерзімі ұзаққа созылуда.

Егін жинаудың мұндай озат әдістерін кеңінен қолдану еңбек өнімділігін арттырумен бірге, жұмыс қолын аз керек етеді, егін жинаудың мерзімін қысқартады. Бұл әдісті пайдалану байтақ егін жайы бар, бірақ жұмысшы күші, механизатор кадрлары жеткіліксіз Қазақстан үшін аса қолайлы. Осыны ескеріп Н. С. Хрущев жолдас Курск облысының Қалиновка селосының еңбекшілерімен кездесуде сөйлеген сөзінде біздің республиканың дихандарына да бұл озат әдісті кеңінен қолдану туралы кеңес берген болатын. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда, бастауыш партия ұйымдары белсенді жұмыс істейтін жерлерде бұл озат әдіс кеңінен қолданылуда. Бірақ кейбір шаруашылықтардың басшылары, бастауыш партия ұйымының секретарьлары егін жинаудың озат әдістерін өндіріске енгізуге жетекші бола алмады. Мұндай шаруашылықтарда егін жинаудың мерзімі ұзаққа созылуда.

Бастауыш партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі—еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру. Республикамыздың партия ұйымдары партияның XXII съезінің тарихи шешімдерін, партияның жаңа Программасын басшылыққа ала отырып, саяси-тәрбие жұмысын өрістете түсті, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің, оларға саяси

ықпал жасаудың әдістері мен жолдарын жетілдіре түсті. Мыңдаған еңбекшілер коммунистермен бірге партиялық оқу жүйесіне тартылған. Еңбекшілердің саяси және мамандық білімдерін арттыруға көмектесетін түрлі үйірмелердің, озат тәжірибені үйрететін мектептердің, семинарлардың саны арта түсті. Бастауыш партия ұйымдары еңбекшілерге саяси-тәрбие берудің бұл сияқты формаларын шебер пайдаланған. оларға күнделікті басшылық жасап отырған жерде бұқараның коммунистік саналылығы артып, коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінде көрсетілген принциптер қалтқысыз жүзеге асып келеді.

Дегенмен бастауыш партия ұйымдарының еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеу жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Барлық партия ұйымдары бірдей бұл жұмысты белсене қолға алып отырған жоқ. Кейбір партия ұйымдарында саяси-тәрбие жұмысы нашар жолға қойылған, партиялық оқу жүйесінің жұмысы ұйымдастырылмаған, идеологиялық жұмыстың жағдайы туралы мәселелер партия жиналысының талқылауына өте сирек қойылады.

Бұл жөнінде бір мысал келтіруге болады. Есіл ауданының «Калачевский» совхозы партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында коммунистер партия бюросының идеологиялық жұмысты, совхоз еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беру жұмысын нашар ұйымдастырып келгенін қатаң да орынды сынады. Мұнда партия жиналысы сирек өткізіліп келген, коммунистік тәрбие, озат тәжірибені тарату, коммунистерді орналастыру, оларға тапсырма беру, адамдарды озат еңбек әдістеріне үйрету сияқты маңызды мәселелер партия жиналысында бірдебір рет талқыланбаған. Адамдар арасында тәрбие, олардың саяси білімін арттыру жұмысының нашарлығынан бір жыл ішінде партия қатарына ешкім қабылданбаған. Партия ұйымының, коммунистердің белсенділігі мен инициативасы төмендігінен совхозда ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді молайтудың мүмкіндіктері нашар пайдаланылып келеді. Мұнда әрбір 100 гектар егістік жерге шаққанда небәрі 6,4 центнер сүт, 18 килограмм жүн, 2,3 килограмм ет қана өндіріледі. Совхозда мал саны да аз. Осындай кемшіліктердің салдарынан совхоз ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке тапсырудың жарты жылдық жоспарын орындай алмады.

Жаңа сайланған партия бюросы партия ұйымының жұмысындағы бұл кемшіліктерді жойып, совхоз өндірісінің тағдыры үшін коммунистердің жауапкершілігі мен белсенділігін арттыруға тиіс. Бұл жөнінде партия ұйымына партия ұйымдастырушысының, аудандық партия комитетінің нақты да қолма-қол көмегі керек.

Партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі өз жұмыстарын күшейте отырып, еңбекшілерді біздің қоғамның коммунистік ожданына, коммунистік моральдің принциптеріне сай етіп тәрбиелеуге, бұл жолда арамтамақтарға, жеке меншікшілдік психологияның көріністеріне, өзімшілдерге, маскүнемдер мен тәртіп бұзушыларға қарсы аяусыз қатал күрес жүргізуге тиіс.

Бастауыш партия ұйымының іскерлігі мен белсенділігі оның секретарына да байланысты. Партия ұйымының секретары білімді де тәжірибелі, іскер де қажырлы, принципті коммунист болса, басқа коммунистер соған теңелуге тырысады. Мұндай ұйымда істің үнемі алға баса беретінін тәжірибе көрсетіп отыр. Өзінің ақыл-парасатымен, іскерлігімен, үлгі-өнегесімен коммунистердің сый-құрметіне бөленген, коллективтің нағыз жетекшісі атанған партия ұйымы секретарьлары аз емес. Мұндай секретарьлардың басшылығымен партия ұйымдары колхоз-совхоз шаруашылығын өркендетуде, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде елеулі табыстарға жетуде.

Целиноград облысындағы «Самар» совхозы партия ұйымының секретары В. Чепраков жолдас парасатты да өнегелі секретарьлардың бірі. Ол іс басында, адамдардың арасында болудан, олармен әңгімеле-

сіп, кеңесуден уақытын аямайды. Партия ұйымының секретары совхозда астық шаруашылығымен бірге қой шаруашылығын өркендету туралы айтқан озат мал өсірушілердің ұсынысын қызу қолдап, оны жүзеге асыруды ұйымдастырған еді. Бүгінде ол ұсыныс тамаша нәтиже берді, кәзір қой саны 21 мыңға жетті. Совхоз арзан астықпен бірге арзан ет өндіруде.

Партия ұйымының секретары — коллективтің саяси жетекшісі. Оның көзі қырағы, жаны сезімтал, қиялы қанатты, кішіпейіл болуға тиіс. Міне, сонда ғана ол бұқараны алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра алады. Партия ұйымының секретары бұқарамен тығыз байланыс жасап, оның ақыл-кеңесіне, талап-тілегіне айрықша ілтипатпен қарайтын адам болуы керек.

Бастауыш партия ұйымының өмірінде секретарьдың ролі күшті. Сондықтан да кәзіргі өтіп жатқан есеп беру-сайлау жиналыстарында коммунистер партбюроның мүшелерін, партия ұйымының секретарьларын сайлауға ерекше жауапкершілікпен қарауда.

Биылғы сайлау партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Устав негізінде жүргізілуде. Бұл сайлауда бастауыш партия ұйымы секретарьларының тең жартысына жуығы жаңадан сайлануда. Бұлардың бірсыпырасы бұрын партия жұмысында болмаған жас коммунистер. Сондықтан партия ұйымдастырушыларының, аудандық партия комитеттерінің партия ұйымдары секретарьларын оқытуға, оларға ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарының әдістерін үйретуге айрықша көңіл бөлені дұрыс.

Бастауыш партия ұйымдарының іскерлігі мен белсенділігі олардың жұмысына партия органдарының басшылық дәрежесіне де байланысты. Әсіресе бұл жөнінде облыстық партия комитеттерінің өндірістік басқармалардағы партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылар топтарына ерекше жауапты міндеттер жүктеледі. Ауыл-селодағы бұл партиялық жаңа буын колхоз-совхоз өндірісіне партиялық басшылықты бастауыш партия ұйымдары арқылы, солардың белсенділігін арттыру арқылы жүргізуге тиіс. Партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылары колхозға немесе совхозға келгенде алдымен бастауыш партия ұйымының жағдайымен танысып, ұйымның жұмысын жолға қоюға көмектескенде, коммунистермен ақылдасып, солардың белсенділігін арттыруға қамқорлық жасағанда ғана партияның сенімін ақтай алады.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуымен байланысты аудандық партия комитеттерінің де бастауыш партия ұйымдарына басшылығын жақсарту беруіне аса қолайлы жағдай туды.

Бастауыш партия ұйымдары — біздің партияның тірегі. Сондықтан олардың жұмысын жақсарту, коммунистердің белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру үшін партия органдары қолдан келген шаралардың бәрін істеуге міндетті. Өйткені, еліміздегі коммунистік құрылыстың табыспен жүзеге асырылуы бастауыш партия ұйымдарының шеберлігі мен іскерлігіне тікелей байланысты. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында: «Бастауыш ұйым—партияның негізі, олар күнделікті бұқараның қалың ортасында жұмыс істейді. Ісіміздің табысты болуы партияның төменгі ұйымдарындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстардың дәрежесіне байланысты» деп көрсеткен болатын.

Бастауыш партия ұйымдары өздеріне жүктелген бұл үлкен де абыройлы сенімді ақтай отырып, республика еңбекшілерін коммунистік құрылыстың жаңа белестеріне қарай бастай береді.

Ұлы орыс халқының тарихи жеңісі

(1812 жылғы Отан соғысының 150 жылдығына)

А. НҮСІПБЕКОВ,

тарих ғылымының докторы

Ұлы орыс халқының тарихи өмірі талай тамаша оқиғаларға, сан-қилы ерлік істер мен күрестерге толы. Сондай даңқты оқиғаның бірі— 1812 жылғы Отан соғысындағы ұлы орыс халқының қол жеткен тарихи жеңісі екені әлемге аян. Өз Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы бұл соғыста ұлы орыс халқы өзінің асқан патриоттығын, жаяқиярлық ерлігі мен мұқалмас жігерін, ұйымшылдығы мен табандылығын айқын көрсетті. Соның арқасында опасыздықпен тұтқиылда шабуыл жасаған күші басым жау — Наполеон армиясын алты ай ішінде тас-талқан етіп жеңді.

Орыс халқының бұл тарихи жеңісі Наполеон тепкісінен батыс Еуропа халықтарын да азат етті. Сөйтіп, буржуазиялық Францияға тәуелді болып, оның құлдығына айналған Батыс Еуропа елдерінің халықтары бостандыққа ие болды. Міне, сондықтан да 1812 жылғы Отан соғысының тарихи маңызы ерекше зор. Оның 150 жылдығын бүкіл совет халқының атап өтуі де осыдан.

* * *

1812 жылғы сұрапыл соғыстың шығу себебін, оның сипатын түсіну үшін, ең алдымен соғыстың алғы жылдарында болған оқиғаларға назар аударған жөн.

1789—1794 жылдарда Францияда буржуазиялық революция жеңді, ірі буржуазия үстемдік орнатып, үкімет билігі соғыс диктаторы Наполеон Біріншінің қолына тиді. Буржуазиялық революцияға қарсы күресу үшін контрреволюциялық монархиялардың одағы құрылды. Бұл одаққа орыс патшасы Александр I-де қатысты. Бірақ революция жетістіктерін қорғау мақсатын көздеген француз халқы мен оның армиясы монархиялар одағының құл-талқанын шығарды. Кертартпа феодалдық қоғамның мүддесін жоқтап одақтасқан монархтар (патшалар) жеңілгеннен кейін, амалсыздан Наполеонға бас июге мәжбүр болды.

Александр I-нің жорығына аттанған орыс әскері өз тылынан тым ұзап кетіп, одақтас Австрия мен Пруссия жерінде қыруар шығынға ұшырап қалды. Осы сәтсіз соғыстың аяғы барып атақты Тильзит бітімімен тынды.

Тильзит бітімінің негізгі шарттары бойынша Россия Францияға қарсы одақтан шығып, керісінше, оның одағына қосылды. Соғыстың нәтижесінде Наполеон I жаулап алған Батыс Еуропа елдерін буржуазиялық Францияның отары, ал, Наполеон Франция императоры деп танылды. Сонымен бірге Англияға қарсы Наполеон қолданған «Континенталдық қоршау» дейтін (экономикалық қоршау) саясатына Россия да қосылды. Мұның өзі Россия мен Англияның сауда қатынасына, еліміздің экономикасына көп зардабын тигізді. Бұл жөнінде Ф. Энгельс «Сауда қоршауы Россия үшін төзбестей жағдай туғызды» деп қорытқан. Сол ауыр жылдар (1806—1812) Россия мен Түркия арасындағы соғыс шаруашылықты күйзелтті. Әсіресе, бұл басыбайлы шаруалардың жанына қатты батты. Себебі, ұзаққа созылған соғыс ауыртпалығы ша-

руаларға түсті. Міне, осыдан келіп Россияда шаруалар қозғалысы өріс алып, тап тартысы шиеленісе түсті. Қанаушы тап—помещиктер арасында «Пугачев бүлігі» қайталануы мүмкін деген қорқыныш тарай бастады. «Континенталдық қоршауға» қарсы наразылық білдірген помещиктер тобы жіктелді. Бірақ олар орыс-түрік соғысы аяқталмай жатып, Наполеонға қарсы соғысуды мақұлдамады. Бұл Ф. Ростопчин мен Н. Карамзиннің патшаға арнаған хаттарынан да айқын көрінеді: олар патшаға ар төгіп, бас исек те Наполеонға қарсы шықпа деп кеңес берді. Алайда, соғысты тежеу тек солардың ғана қолында емес еді.

Буржуазиялық Франция соғысты неғұрлым тездетуге күштар болды, оған жанталаса әзірленді. Сол мақсатпен жаулап алған Батыс Европа елдерімен, кешегі Россияға одақтас Австрия, Пруссиямен бірлесіп одақ құрды. Бұл елдердің байлығы, әскер күші Наполеон құрған «ұлы» армияға көмекші болды. 1810 жылы бұл армияның әскер саны 1200 мың адамға жетті. Мұның өзі сол замандағы сан жағынан алғанда ең қуатты армия еді.

Наполеон армиясының сипатын, оның қолданған саясатын, оған қарсы халықтардың күресін В. И. Ленин өзінің «Юниустың кітапшасы туралы» деген еңбегінде былайша анықтаған болатын: «Ал Наполеон, — деп жазды Ленин, — Европаның баяғыдан қалыптасқан, ірі, өмірге бейімді, ұлттық мемлекеттерінің бірқатарын құл ету арқылы француз империясын құрған кезде француздың ұлттық соғыстарынан өз кезегінше Наполеон империализміне қарсы ұлт-азаттық соғыстарды тұрғызып империалистік соғыстар келіп шықты» (Шығармалар, 22-том, 325—326-беттер).

Дәл осы мағынада болған ұлт-азаттық соғыс Россияда 1812 жылы басталды. Сөйтіп, Тильзит бітімі ұзаққа созылмады. Бірақ ол жаңа соғысты бастау үшін бүркеншік болып, Наполеонның армиясын шабуылға толық даярлауға мүмкіндік туғызды. Жаулап алған Батыс Европа елдерінің байлығын, олардың соғыс күшін француз императоры толық пайдаланды. Мысалы, 1810 жылы бір ғана Пруссиядан алған алым саны 400 мың центнер ақ бидай, 200 мың центнер қара бидай, 200 мыңдай жылқы, 44 мың ірі қара болды. Келесі жылдары армия мұқтаждығына деп жинаған алым саны онан әрі өсе берді. Аш бөрідей жалаңдаған император өзінің соғыс диктаторлығын дүние жүзіне таратуды көкседі, соған даярлық жасап, енді орыс жерін басып алуды кезекті борышым деп санады.

Осындай агрессиялық мақсатты көздеген Наполеон 1811 жылы «Бес жылдан соң әлемнің қожасы өзім боламын; жалғыз ғана Россия қалады, оның да күлін көкке ұшырамын» деп кеудесін соға көкіді.

Соғыс қаупінің қара бұлттай қаптап, төніп келе жатқанын Россия қауымы сезбей қалмады. Наполеон шабуылына тойтарыс беру қажеттігін сол заманның саналы адамдары ескертті. Патша үкіметі соғысқа дайындық жасау ретінде халықтан алым жинады, оның негізгі ауыртпалығын шаруалар көтерді. 1810 жылы Россияда мемлекеттік бюджет 279 миллион сом болса, оның 60 проценті соғыс мүддесі үшін жұмсалды, ал келесі жылы бұл мақсатқа тағы да 137 миллион сом қаржы бөлінді.

Дегенмен Россия соғысқа толық әзірлене алмады. Ұдайы 6 жыл болған орыс-түрік соғысы жеңіспен бітсе де, мұның өзі орыс армиясын көп шығынға ұшыратты. Түркия жеңіліп, Бухарест бітімі жасалған соң (1812 ж.) патша үкіметі әскерді түстік-батыстан батыс шекараға аударды. Сөйтсе де темір жол қатынасының нашарлығынан әскердің басым көпшілігі әлі де болса батыс шекараға келіп жетпеген еді. Соғыс басталар алдында Батыс шекарадағы Наполеон әскері 678 мың адам, 1372 зеңбірекпен жабдықталған болса, оған қарсы тұрған орыс әскерінің саны 212 мың ғана еді. Соғыс қаруы жағынан фран-

шүздікінен әлдеқайда әлсіз болатын. Міне осы жағдайды пайдаланған Наполеон I Россияға опасыздықпен бас салды.

Француз армиясы 24 июнь күні шекараны бұзып, орыс жеріне шабуыл жасады. Сөйтіп, 1812 жылғы Отан соғысы басталды.

Бұл соғыстың барысын әдетте негізгі екі дәуірге бөледі:

1) Орыс армиясы шегініп, Наполеон әскері шабуыл жасау дәуірі (24 июнь—20 сентябрь);

2) Орыс армиясы шабуылға көшіп, француз басқыншыларын талқандау, олардан орыс жерін арылту дәуірі.

Әлбетте, бұл екі дәуірдің шеңберінде толып жатқан белестер де аз емес. Бұл арада тек орыс армиясының алғашқы тұрағын, олардың қолданған тактикасын айта кету жөн. Александр I патша жоғарғы қолбасшы деп саналса да әрбір армия жеке-жеке басқарылды, оларда бір-келкі қорғану жоспары болмады. Майданның желісі 600 километрге созылды. Армиялардың бір-бірімен байланысы нашар болды. Сөйтіп патшаның соғыс кеңесшісі генерал Фуль (неміс) ұсынған жоспар сәтсіз болып шықты. Мұның салдары орыс армиясына өте ауыр тиді.

Саны көп, қаруы сай жау орыс жеріне өршеленіп басып кірді. Батыс майданында соғысқан бірінші және екінші орыс армиялары шегінген сайын олардың арасы алшақтап ашыла берді. Шабуылшы армия оны пайдаланып, ілгері қарай ұмтыла түсті, ол 26 июнь күні Минскіні, ал 8 июль күні Могилевті алды. Сөйтіп, жаудың әскері батыс майданында шегінген орыс армиясын жеке-жеке құртуға тырысты. Бірақ, оның ойлағанындай болмады.

Амалсыздан шегініп келе жатқан екі армия Смоленскіде тоғысты. Олар қару-жарақтарын, адам күшін сақтап, жауға тойтарыс берерлік халде 3 август күні бұл қалаға жетті. Смоленскіні Москваның батыстағы дарбазасы деп атаушы еді. Шынында да солай еді. Бұл екі қаланың арасында төте жол болғандықтан, жау ең алдымен Смоленскіні алуға күш салды. Наполеон өзінің жоспары бойынша осы маңда орыс армиясын талқандап, Москваға бөгетсіз баруды қарастырды. Шегінуші армиялардың қолбасшылары да жауға соққы беріп, оның күшін әлсіретуді мақұл көрді. Бірақ шабуыл жасаған армия басшылары Барклай-де-Толли мен Багратион арасында келісім болмады, олар бірліксіз өз беттерімен ұрыс жүргізді. Бірақ, бұл шабуылдан нәтиже шықпады. 6 август күні жау Смоленскіні алды; орыс әскерлері тағы да шегінді.

Смоленскіні жауға қалдыру әскер арасында да, халық арасында да үлкен наразылық туғызды. Барлық ірі-ірі қала жұртшылығы, қоғам қайраткерлері патшадан армияны мемлекет пен императордың атынан басқаратын бір қолбасшы керек деп тіледі. Бұл тілекті орындамасқа патшаның лажы болмады. Ол халықтың қалаулы ұлы, даңқты генерал-фельдмаршал М. И. Кутузовты орыс армиясына бас қолбасшы етіп тағайындады.

М. И. Кутузов майданға 29 август күні келді. Армия оны өте жақсы қарсы алды. Халық арасында, солдаттар арасында оның беделі өте бағалы еді. Өз Отаны үшін көп еңбек сіңіріп, даңққа бөленген жауынгер, ақыл-тәжірибесі мол генерал Кутузовқа, оның әскери іскерлік қасиетіне халық та, армия да сенді. Майданға ол орыс армиясы тоқтаусыз шегініп бара жатқан шағында келді. Бұл жағдайда әскерді шабуылға бірден бастау оңай емес еді, оған армияны дайындау қажет екенін қолбасшы жақсы түсінді. Сондықтан ол армияның хал-жайымен танысып болғаннан кейін, тағы да шегіну керек деп шешті. Бұл кезде орыс әскерінің қатарында 96-ақ мың адам қалған, ал жаудың әскері одан екі есе көп еді. Сондықтан Кутузовтың қолданған стратегиялық жоспары жаудың күшін әлсірету, ол үшін батыл қорғаныс ұрыстар арқылы жауға мықтап соққы беру болды. Дәл осындай соққы жау армиясына бірінші рет Бородино селосы маңында болған тарихта теңдесі жоқ шайқаста берілді.

Бородино Москвадан 110 километр жерде. Ол Смоленскіден Москваға баратын төте жолда еді. Осы арада 7 сентябрь күні киян-кескі ғажайып ұрыс болды. Бұл тарихқа Бородино шайқасы деген атпен енді.

Бородино — Москва үшін ғана болған шайқас емес, Россияның тағдыры үшін болған шайқас. Дәл осы шайқас үстінде орыс әскерінің асқан төзімділігі, рухани мызғымас күші мен жауынгерлік абзал қасиеттері толық көрінді. Бородино — орыс халқы ерлігі мен патриотизмінің мәңгі өшпес ескерткіші, жаппай батырлықтың асқан үлгісі.

Француз императорының өзі де мұндай жауынгерлік ерлікті бірінші рет көргенін еріксіз мойындады.

Сөйтіп бұл ұрыста Кутузов ұтты, Наполеон ұтылды. Француз әскері орны толмас шығынға ұшырады. Олар осы ұрыстың өзінде ғана 58 мың солдаты мен 47 генералынан, ал орыс әскері 44 мың солдаты мен 23 генералынан айрылды. Бородино шайқасынан кейін Наполеонның «жеңілмейтін армия» деп дәріптелген армиясының даңқынан жұрнақ та қалған жоқ. Бірақ, дандайсыған император жеңілгенін сонда да мойындағысы келмеді.

Ал, бұған керісінше, орыс әскерінің сенімі күшейді. Сонда да М. И. Кутузов шабуыл жасаудың әлі де ерте екенін, оған күш жетпейтінін жақсы білді. Орыс әскері тағы шегіне бастады. Француз армиясы шегінген орыс әскерінің ізімен Москваға қарай жылжи берді.

2 сентябрь күні орыс әскері Москваны ұрыссыз қалдырды. Әскермен бірге москвалықтар да кетті. Наполеонның аш әскері Москваны талады, қалаға өрт салды. Бұл шексіз жауыздық халықтың зығырданын қайнатты, оның намысына тиді.

Наполеон шапқыншылығы өздері үшін бұдан да әрі құлдық бұғауы болатынын сезінген орыс шаруалары туған жерін қорғауға ұйымшылдықпен аттанды, сөйтіп ортақ жауға тойтарыс беру үшін өз армиясына белсене көмек көрсетті.

Орыс халқы жауға мейірімсіз болды, жер-жерде партизан отрядтарын құрып, қарулы халық жасақтары армиямен бірге шабуылға дайындалды. Москваны аш бөрідей талаған француздар енді қоршауда қалды. Оларға ешқайдан азық-түлік, қару-жарақ алатын жер болмады, барлық жол орыс әскерінің қолында болды.

Орыс әскері Москваны қалдырған соң Тарутин лагерін құрып, жаудың жолын торыды. Онымен қатар күш жинап, шабуылға дайындық жасады. Тың полктер қосылды, әскер саны артты, қару-жарақ толықтырылды. Тарутин лагерінде Кутузовтың армиясы 11 октябрге дейін болды. Бұл кезде әскердің саны 120 мыңға жетті. Орал заводтары зеңбірек шығарды. Енді орыс әскерінде зеңбірек саны жаудыкінен екі есе артты.

Соғыс енді тек екі армияның, не болмаса екі мемлекеттің арасындағы соғыс емес, ол бүкіл Россия халқының жауға қарсы соғысына айналды. Ал, Наполеон болса соғыстың бүкілхалықтық отаншылдық сипат алатынын ойлаған жоқ, ол тек орыс әскерімен соғысамын деп долбарлады. Басқыншылық саясатын көздеген француз императорының есебінен қатты жаңылысқан жерінің бірі, міне, осы болды.

Соғыстың бүкілхалықтық сипатын мынадан байқауға болады: егер октябрь айында орыс армиясының жатарында небәрі 120 мың адам болса, қаруланған халық жасақтарының қатарында—200 мың адам болды. Тек қана Дон казактарының өзі ғана 26 полк құрып, оны жабдықтап жауға қарсы аттандырды. Сондай-ақ, башқұрттан 20 полк, қалмақтан 2 полк құрылды, олар да отандастарымен бірге жауға қарсы аттанды.

Отан соғысы халықтың патриоттық сезімін оятты. Еңбекші бұқара Отан қорғау қорын жасады, оған 60 миллион сом ақша берді.

Кутузов партизан соғысына ерекше мән берді. Күрделі партизан отрядтарын басқаруға офицерлер бөлді. Жаудың тылына партизан отрядтарымен байланыс жасау үшін 20 әскери отряд құрды, оның әрқайсысында адам саны 200-ден 2 500 дейін болды. Бұлар қолбасшысының жоспары бойынша жаудың тылында «Кіші майдан» ашты. Партизан қозғалысы жау қолында қалған жерлердің бәрін қамтыды. Отрядтардың басым көпшілігі шаруалардан құралды, олардың кейбіреуінде 2 мыңға тарта адам болды. Мысалы, Гжат маңында шаруалардан құрылған Ермолай Четвертаков пен Федор Потаповтар басқарған отрядтың қатарында 1500—2000 шаруа болды, ал басыбайлы шаруа Герасим Куриннің отрядына — 5 мың шаруа партизан болып, жауға қарсы соғысты.

Партизан отрядтары орыс армиясы шабуылға көшкенге дейін 30 мың француз солдатын қырып, тұтқынға алды. Наполеон партизан отрядтарына қарсы арнаулы әскер бөлімдерін жіберді, бірақ Прибалтикадан Украина даласына дейін, орыс орманын бетке ұстап жаудың жолын күзеткен партизан қозғалысын жоюға мүмкін емес еді, оған жаудың күші жетпеді. Көпке топырақ шашқандай болып императордың есі кетті.

Москваны талап алған Наполеонның әскері күн санап құри бастады. Азық-түлігі таусыла бастаған француз басқыншыларының құты қашты. Оның үстіне күзгі суық та қыса түсті. Наполеон әскері ендігі жерде жансауғалап, кері қайтуға тырысты.

Бұл кезде орыс әскері тың күш алып, Тарутин лагеріне қарсы тұрған француз генералы И. Мюраттің әскеріне 6 октябрь күні шабуыл жасады. Оны Чернишня өзенінің бойында ойсырата жеңді.

7 октябрь күні Наполеон Москваны қалдырды, оның әскері кері қайтты. Жаудың негізгі күші Москвадан түстік бағытқа бет алса да орыс әскері үсті-үстіне соққылап, келген жолымен қайта шегінуге мәжбүр етті.

Калуга, Елин арқылы шегінбек болған Наполеон әскерінің ойы да іске аспады. Кутузовтың бұйрығы бойынша орыс әскері бұл жолды да бөгеді. 12 октябрь күні соғысушы армиялар Малоярославец түбінде сұрапыл ұрыс жүргізді. Бұл ұрысқа екі жақтан да 24 мыңнан әскер қатысты. 18 сағатқа созылған ұрыста Малоярославец қолдан-қолға 8 рет өтті. Француз әскерінен 5 мың солдат шығын болды. Жау армиясы жеңіліп, Калуга жолына өте алмай, бұрынғы ізімен өзі талап алған Можайск, Вязьма, Смоленск арқылы кері қайтты. Бұл ұрыстардан соң әскер мен партизан отрядтары бірдей қимылдады. Орыс әскері 4 бағытта бірдей шабуылға шықты. Мұндай шабуылда атты әскер үлкен роль атқарды. Әсіресе, М. И. Платов басқарған казак полктері жауды бүйірлеп, ес жиғызбады. Сөйтіп, Вязьма, Дорогобуж, Духовщина, Ляхова маңында болған ұрыстарда жау 13 мың әскерінен айырылды. Ал, Смоленскіге жеткенше Наполеон әскері 50 мың шамасындай ғана қалды.

Смоленскіде ұрыс жүргізуге шамасы келмеген жау әскері тағы да шегінді. Бірақ, орыс әскері оны Красный қаласында қуып жетіп, тағы да кездесті, 3—6 ноябрьде төрт күн ұдайы ұрыс болды. Соның нәтижесінде Наполеон әскерінен 6 мың адам өлді, 26 мың адам тұтқынға алынды. Бұл кезде майданның солтүстік қанатында Петербург бағытын қорғаушы 3-армия мен генерал П. Х. Витгенштейн бастаған корпус октябрь—ноябрь айларында Луцк, Борислав, Минск қалаларын жаудың әскерінен арылтты.

Сөйтіп, Наполеон армиясы бірте-бірте тозып құрыды. Оның 600 мыңға жуық әскерінің 550 мыңы орыс жерін жастанды. Аздаған әскерімен Наполеон жансауғалап Неман өзенін өте қашты. Декабрь айының орта кезінде Наполеон жаулап алған аудандар толығымен азат етілді, орыс жері жаудан мүлдем арылды.

Бұл тамаша жеңісте М. И. Кутузовтың асқан қолбасшылық ролі атқарғанын атап айтуымыз керек. Оның данышпандық стратегиясы даңғой Наполеон стратегиясынан анағұрлым озық болып шықты. М. И. Кутузов стратегиясының басымдылығы оның соғыс маневрін аса шеберлікпен және тапқырлықпен жүргізе білуінде еді. Оның үстіне ұлы қолбасшы армия мен халықтың күшін өте тиянақты түрде есептеп отырды. Шегініс кезінде де армияны сақтауды ойластырды: «Москваны жоғалтқанмен Россия әлі жоғалған жоқ, — деді М. И. Кутузов. — Армияны сақтап, бізге көмекке келе жатқан тың күшпен жақындасуды бірінші міндет етіп қоямын... Ал егер армия құрыса, онда Москва да, Россия да құриды».

Міне, бұл стратегия өзін толық ақтап шықты.

Наполеон армиясын Россия жерінде талқандағаннан соң орыс армиясы батыс Европа елдерінің халықтарын азат ете отырып, алға қарай жылжыды. 1813 жылдың басында Пруссия мен Польша жері наполеондық шапқыншылардан тазартылды.

1814 жылы орыс әскері одақтас әскерлермен тізе қоса отырып Парижге енді. Сөйтіп, Энгельстің атап көрсеткеніндей, Наполеон Москваға барамын деп орыстарды Парижге алып келді. Сөйтіп, ұлы орыс халқы өзінің асқан патриоттығы арқасында, біріншіден, өз Отанын наполеондық Францияның құлдануынан сақтап қалды, екіншіден, бүкіл Европа халқын азат етті. 1812 жылғы Отан соғысы жеңісінің дүниежүзілік-тарихи маңызы да, міне, осында.

Алайда, ұлы орыс халқының бұл тамаша жеңісін буржуазия мүддесіне пайдаланған Александр I керпартпа саясат жүргізді. Ол бостандықтың қас жауы болып алды, сөйтіп, «Европа жандармы» атанды. Бұған ұлт азаттығы үшін, бостандық үшін күрескен орыс халқы да, халықтың ардагер ұлдары мен Отан соғысының батырлары да кінәлі емес еді.

Бүкіл совет халқы бұл күндері Бородино шайқасының даңқты 150 жылдығын мерекелей отырып, өз Отанын қорғауда көрсеткен орыс халқының асқан ұлы ерлігін қасиеттеп еске түсіреді. Өйткені, бұл ерлік совет адамдарының бойын мақтаныш сезіміне бөлейді, оларға әрдайым патриоттық рух береді. Мұны 1941—45 жылдардағы Ұлы Отан соғысының мысалынан да анық көруге болады.

Совет халқы өз бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау жолындағы әділетті Отан соғысын ұлы жеңіспен аяқтады. Сонымен бірге ол Европаның құлдық бұғауына түскен көптеген елдерін гитлершіл фашистердің қанды шеңгелінен аман алып қалды.

Содан бері де талай жылдар өтті. Наполеонның да, Гитлердің де сүйегі әлдеқашан қурап қалды. Ал, бірақта олардың аруағын тірілтіп тағы да соғыс өртін тұтандыруға тырысушылар әлі де құрып біткен жоқ. Әсіресе, америка империалистері мен Батыс Германия реваншистері соғыс тілеп, күннен күнге өзеурей түсуде. Н. С. Хрущев айтқандай, империалистер біздерге қыр көрсетуде, бірақ олардың қыр көрсетуі бейбітшіл елдерді үрейлендіре алмайды. Империалистік державалардан күші де кем емес, мүмкіндігі де кем емес елдерге қыр көрсетуі—өзін өзі өлтірушінің қыр көрсетуі болып саналады.

Кәзір коммунизм орнатудың ұлы программасымен жігерленген совет халқы тамаша, қаһарман шақта өмір сүріп отыр. Біздің дәуіріміз—коммунизмнің сәулетті сарайын тұрғызу, космосты игеру дәуірі. Бұл жолдағы тамаша жеңістерімізге бүкіл әлем шаттана сүйсінуде.

Бұл тамаша шақта гүлденген өмірімізге зәрлі уын төгіп, жарқын болашағымызға қаратпек орнатуды көксеушілер әлдеқалай агрессия жасайтындай болса, онда совет адамдары олардың да Наполеон мен гитлерлік фашистердің кебін киетінін жақсы түсінеді. Өйткені, тарих сабағы осылай дейді. Ал одан ешбір агрессор құтыла алмайды.

Күрделі құрылысқа күнделікті көңіл бөлінсін

В. ПУТИНЦЕВ

Қазақстан КП Орталық Комитетінің құрылыс және құрылыс материалдары бөлімінің меңгерушісі.

Партия мен үкімет, Н. С. Хрущев жолдастың өзі елімізде құрылыс, әсіресе күрделі құрылыс мәселелеріне ұдайы зор көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді. Соңғы жылдары құрылыс жайын мейлінше жақсарту бағытында ірі-ірі шаралар белгіленіп, іске асырылды. Оның ішінде өнеркәсіпте жасалған конструкциялардан өндірістік және тұрғын үй құрастыруға жаппай көшу, құрастырмалы темірбетон, құрылыс материалдары өнеркәсібін өрістету жөніндегі шаралар бар. Жобалау ісіндегі және құрылыстағы ысырапқорлықты, жадағай әшекеймен орынсыз әуестенуді жою бағытында да біраз жұмыс істелді. Мұның бәрі құрылыс жоспарын ойдағыдай орындауға, құрылыс пен құрылыс материалдары өнеркәсібінде сапа көрсеткішін жақсартуға, техникалық прогресті күшейтуге зор мүмкіндіктер туғызды.

Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС жаңа Программасы коммунистік қоғам орнатуда күрделі құрылысты өрістетудің маңызы зор екенін атап көрсетті. «Күрделі құрылыстың орасан зор көлемде жүргізілуі,—делінген Программа да,—құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өнеркәсібін шапшаң өркендетіп, техникалық дәйектілікпен индустрияландыру, өнеркәсіпте өндірілген аумағы ірі конструкциялар мен элементтерден үлгі жобалар бойынша толық құрастырмалы үйлер мен құрылыстар салуға көшуді тезірек аяқтау жолымен халық шаруашылығының керектерін қамтамасыз ететін, құрылыс мерзімін барынша қысқартатын, оның құнын кемітіп, сапасын жақсартатын дәрежеге жетуді талап етеді».

Күрделі құрылыстың аса маңызды міндеттерін орындау жолында республика партия ұйымдары тиісті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Бұдан біраз жылдар бұрын Қазақстанда құрылыс материалдары өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы кенже қалған еді. Мұның өзі күрделі құрылыстың өркендеу қарқынын едәуір кідіріткені мәлім. Сондықтан да бұл мәселені жедел қолға алып, кемшілікті жоюдың шарасын қолдануға тура келді.

Жетіжылдықтың өткен үш жылы ішінде құрылыс материалдары мен құрылыс индустриясы өнеркәсібін өркендетуге 396 миллион сом, яғни өткен 38 жыл ішінде осы жұмысқа қанша жұмсалса, сонша қаржы жұмсалды. 1958 жылмен салыстырғанда құрылыс материалдары өнеркәсібінің жалпы өнімі өткен жылы екі еседен астам өсті. Құрастырмалы темірбетон жасайтын кәсіпорындар қуаты 2 миллион 160 мың текше метрге жетті. Сонымен бірге ірі панелді құрылысты өркендету жөнінде де біраз жұмыс істелді.

Қабырға материалдарын жасап шығаруға көп көңіл бөлініп келеді. Республиканың кәсіпорындары 2,3 миллиард данаға жуық (шартты есеппен) кірпіш құйды, цемент өндіру жылына 3,5 миллион тоннаға дейін жеткізілді. Мұның бәрі күрделі құрылыстың көлемін ұлғайтып, қарқынын шапшандатуға негіз болды.

Көптеген құрылысшылар еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетіп, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне ие болуда. Семей облысындағы «Совнархозстрой-2» тресінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің

депутаты, республиканың еңбегі сіңген құрылысшысы Төлеу Нұртаев жұмыс нормасын үнемі 140—150 процент орындайды. Әбіл Тарбаев басқаратын «Алмаатапромстрой» тресінің бетоншылары коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін социалистік жарысқа түсіп, жеті айлық жұмыс нормасын едәуір асыра орындап шықты.

Еңбекте жоғары көрсеткішке жеткені үшін Гурьевтің «Нефтехимстрой» тресінің ағаш шебері С. Танжиғалиев жолдас, Торғай «Алюминийстрой» тресінің тас қалаушысы М. Магомедов жолдас, «Қазмедьстрой» тресінің бригадирі Ш. Әбдрахманов жолдас және тағы басқа өндіріс озаттары, құрылысшылардың дәстүрлі мерекелі күні Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталды.

Кәзір коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін республикада жеті мыңнан астам коллектив күрес жүргізуде. Биылғы жылдың бірінші жартысында былтырғы осы мерзімдегімен салыстырғанда күрделі қаржы 12,5 процент артық игерілді, атқарылған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі де біраз өсті. Сөйтіп алты айда 1,1 миллион шаршы метр тұрғын үй, Қазақ металлургия заводының төртінші мартен пеші салынып бітті, қуаты 127,5 мың киловаттық электр станциясы, сыймдылығы 214 тонналық астық қоймасы, 176 мың малға қора-жай және тағы басқа көптеген құрылыс салынып, пайдалануға берілді.

Дегенмен, жалпы алғанда жоспарды орындау онша жаман болмағанмен, өте маңызды объектілердің құрылысы бұрынғыша қанағаттанарлықсыз жүргізіліп келеді. Мұның негізгі себебі кейбір қалалық және облыстық партия комитеттері мен халық шаруашылығы советтерінің басшылары күрделі құрылыс қарқынын тездету, оның сапасын жақсарту мәселелеріне тиісті дәрежеде мән бермей, бұған үстірт қараумен жүр.

Республика бойынша құрылыс-монтаж жұмысының жарты жылдық жоспары 93,6 процент, өндірістік объектілерді салу жоспары 86,6 процент қана орындалды. Құрылыс материалдары мен жабдықтың бәрі бола тұрса да аса маңызды 33 құрылыс объектісінің жоспарды тек 13 ғана орындады. Бірінші жарты жылдықта күрделі құрылыстар: төрт ірі турбина, ірі-ірі құрастырмалы темірбетон жасайтын бірнеше кәсіпорындар, сыймдылығы 45 мың тонна элеватор, астық қоймалары және мұздатқыш тағы басқасы салынып бітпей қалды.

Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы советі күрделі қаржы мен құрылыс-монтаж жұмыстары жөніндегі жоспарды асыра орындағанымен, титан-магнит комбинатын, цемент және Лениногор мырыш заводтары тәрізді құрылыстарды салу жұмысын ақсатып алды.

Біз республикадағы бірсыпыра күрделі құрылыстардың жұмысын тексертіп, түрлі кемшіліктің себебін іздестірген кезімізде көп жерде жұмыс күшінің, құрылыс материалы мен механизмнің жетіспейтіні анықталды. Мысалы, Қарағанды металлургия заводының аглофабрика тәрізді ірі құрылысында мыңнан астам жұмысшы, Павлодар алюминий заводында 700-дей жұмысшы, Жітіқара комбинатында екі мыңнан астам жұмысшы жетіспейді. Соның салдарынан бұл құрылыстарда жұмыс біркелкі жүргізілмей, елеулі олқылыққа ұшыраған. Мысалы, Жітіқара комбинаты құрылысында арматурлық болаттың кезінде жеткізілмеуінен бүкіл арматурлық және темірбетон жұмыстары июнь айында он күн бойына жүргізілмей тоқтап қалған. Іске қосылуға тиісті біркелкі объектілер кәзір кабельмен, бакылау-өлшеуіш аспаптармен қамтамасыз етілмеген. Осы жағдай Шу қант, Жамбыл суперфосфат, Ақтөбе хром қосындысы заводтары құрылысының нашар жүргізілуіне әкеліп соқты.

Бірақ Қазақ халық шаруашылығы советі, республиканың жоспарлау комиссиясы осындай маңызды құрылыстарды керекті материалдармен жабдықтау жөнінде пәрменді шара қолданбай отыр. Әдетте олар жұмыстағы кемшіліктер, «қанағаттанғысыз» жағдай жайында тиісті

орындарға құлаш-құлаш қағаз жазуға тым құмар, ал істегі кемшілікті қолма-қол жою, жергілікті жердегі құрылыстардың жұмысына басшылықты жақсарту мәселесіне келгенде көп жағдайда орашолақтық жасайды.

Күрделі құрылыс жоспарының орындалмауының негізгі себебі мынада: халық шаруашылығы советтері мен оның тиісті басқармалары құрылысқа ұйымдастыру-техникалық жағынан нақты басшылық жасамай отыр. Мысалы, Павлодардың алюминий заводында ұйымдастыру жұмысының жобасы алдын ала әзірленбеген. Соның салдарынан құрылыс жұмысының технологиясы өрескел бұзылуда. Маманданған ұйымдар бірде жұмыссыз қарап тұратын болса, бірде жанталасып, даурығып, жұмысты асығып-аптығып істеуге мәжбүр болады.

Халық шаруашылығы советтерінің жабдықтау басқармалары да іске қосылуға тиісті объектілердің талап-тілегін орындауға кейде жауапсыз қарайды. Мысалы, Соколовтағы құрғақ магнит серпарациясы фабрикасында бірінші тоқсанда іске қосылатын құрылысқа керекті көп жабдық жетістірілмеген, осы себепті фабриканы уақытша схема бойынша іске қосуға тура келген. Сеніп тапсырылған жұмысқа осылай жауапсыз қарау Жезқазғандағы № 2 фабриканың аса маңызды құрылысында да орын алып отыр. Бұған 130 дана технологиялық жабдық, 56 дана санитарлық-техникалық жабдық тағы сондай заттар жеткізілмеген.

Халық шаруашылығы советтері жаңа өнеркәсіп орындарын жоспарлау ісімен де тиянақты шұғылданып отырмайды. 250-ден астам өнеркәсіп құрылысының техникалық документі кезінде жасалмаған.

Күрделі құрылыс жұмыстарында орын алып отырған бұл сияқты кемшіліктер мен олқылықтарға тек шаруашылық органдарының басшылары ғана кінәлі десек, онша дұрыс бола қоймас еді. Бұған құрылыстардағы партия ұйымы басшылары да жауапты. Олар, әсіресе құрылысшылар арасындағы тәлім-тәрбие жұмысындағы елеулі кемшіліктерге етене болып, төзімділік жасап отыр, кәсіпорындар мен құрылыстар әкімшілігінің шаруашылық жұмысын бақылап отырмайды.

Павлодарда құрылысты ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік мол. Солай бола тұрса да мұнда бірде-бір құрылыс орны өндірістік жоспарды орындай алмай келеді, еңбек өнімділігінің дәрежесі төмен, жұмысшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыс нашар. Ал Павлодар қалалық партия комитеті мен құрылыстардағы бастауыш партия ұйымдары осы тәрізді кемшіліктерді көре біле тұрса да жауырды жаба тоқып отыр. Ақтөбе құрылыс тресінің партия комитеті де құрылыс жұмысын бақылау, кемшілікті жоюға жұртты жұмылдыру жөніндегі өз міндетін ойдағыдай орындап отыр деуге болмайды.

Жетіжылдықтың төртінші жылында құрылыстардағы партия ұйымдарына аса жауапты міндеттер жүктеліп отыр. Олар бұқара арасында партия-көпшілік, саяси жұмыстарды жолға қоя отырып, күрделі құрылыстың, әсіресе аса маңызды объектілер жоспарларының үнемі орындалып отыруын, шаруашылық аппараттың күллі буынында мемлекеттік тәртіптің нығайтылуын қамтамасыз етуі керек.

Құрылысқа нақты басшылық етіп, жоспарды орындау резервтерін іске жұмылдыру, ғылым мен озат тәжірибені насихаттау арқылы шаруашылықты дұрыс жүргізу жөнінде құнды бастама көтеріп отырған партия ұйымдары аз емес. Соның бірі—Өскемен қалалық партия комитеті мен Алтай қорғасын құрылыс тресінің партия ұйымы. Өскемен қалалық партия комитетінің құрылысшылар арасында жүргізген ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстары нәтижелі болып келеді. Қазір қала құрылысшылары мемлекеттік жоспарды асыра орындауда, құрылыстың құнын анағұрлым кемітуде. Қалалық партия комитеті еңбекті аз жұмсап, үдемелі индустриялық құрылысты өрістетуге жөніндегі тама-

ша қозғалысты тікелей басқарып, оны өндірістің тиімділігін арттыруға пайдалана білді.

Шымкент цемент заводының партия ұйымы (секретары Қалыбаев жолдас) еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту, жалпы тәртіпті нығайту техникалық прогресс мәселелерімен ұдайы шұғылданып отырады. Сонымен қатар заводтың өндірістік жұмысының барысын партия бюросының мәжілісінде, партия жиналыстарында қарау, жұмысшылар арасында саяси-бұқаралық жұмысты күн сайын жүргізу арқылы өндіріс күшті ықпал жасалады. 1961—1962 жылдар ішінде партия бюросы мен партия жиналысында қаралған мәселелердің жартысынан көбі өндіріс тақырыбы болды.

Партия бюросы әрбір жұмысшының цементті неғұрлым көп өндіру өнімнің түсер құнын кеміту жөніндегі қозғалысына тікелей басшылық жасап келеді. Заводта май айында болып өткен экономикалық конференция соны мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған шаралар белгіледі. Завод коллективі үстіміздегі жылы әрбір жұмысшының 120 тоннаға дейін, ал 1963 жылы 1700 тоннаға дейін цемент өндіру жөнінде міндеттеме алды. Жыл аяғына дейін бір тонна цементтің түсер құны 11 сомға дейін кемітілуге тиіс. Бұл үшін алдағы уақытта өндірісті жұмысты автоматтандыру және механикаландыру өрісі кеңейтіле бермек. Мұның өзі 104 адамның қызмет орнын қысқартуға, жабдықты пайдалану тиімділігін арттыруға, электр қуаты мен отынды едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді.

Партияның ХХІ және ХХІІ съездерінің шешімдерінде елдің, әсіресе Шығыс аудандарының өндіргіш күштерінің дамуына, олардың табиғат байлығын толық кәдеге жаратуға бұдан былай да ерекше назар аудару қажеттігі атап көрсетілді. Жеті жыл ішінде құрылысқа жұмсалуда тиісті бүкіл күрделі қаржының 40 проценттен астамы осы Шығыс аудандардағы үлкен құрылыстарға арнап бөлініп отыр.

Қазақстан—қара және түсті металлургияның, көмір мен химия өнеркәсібінің, астық пен мал шаруашылығының сарқылмас қоры бар аса маңызды аймағы. Сондықтан оның бүкілодақта алатын орны үлкен. Мұнда күрделі құрылыстың бүкіл елдегіден анағұрлым жоғары қарқыны белгіленіп отыр. Мұны халық шаруашылығына бөлінген күрделі қаржының мөлшерінен айқын көруге болады. Мысалы, 1958 жыл мен салыстырғанда күрделі қаржы жұмсау 1961 жылы бүкіл Одақта 1,33 есе артса, Қазақстанда 1,7 есе өсті.

Алдағы 20 жылда күрделі қаржының 65 проценті өндірістік құрылысқа, оның 50 проценті жаңа кәсіпорындар салуға жұмсалмақшы. Республикада бүкіл халық шаруашылығын өркендетудің негізі болып табылатын өндіріс құрал-жабдығы өндірісі оза өседі, республика толығымен электрленеді, соның негізінде халық шаруашылығының барлық саласында электр қуаты қолданылады, өндіріс жұмыстары түгелдей механикаландырылып, автоматтандырылады.

Қазақстанның көптеген өнеркәсіп аудандары: Теміртау, Балқаш, Өскемен, Шымкент, Рудный тағы басқалары таяудағы жылдары үрдіс өркендейтін болады. Кәзір үлкен Жезқазғанның күрделі құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Павлодарда алюминий және машина жасау, ферросплав заводтарының, Ермак бу электр станциясының құрылыстары қызу қолға алынып отыр. Өскеменде, Лениногорда түсті металлургия кәсіпорындарының заводтары және басқа кәсіпорындардың құрылыстары салынып жатыр. Республиканың оңтүстігінде ауыл шаруашылығы үшін маңызды минералдық тыңайтқыш заводының құрылысы жүргізілуде. Ақтөбе мен Гурьевте химия, мұнай өнеркәсібінің кәсіпорындары өркендетіліп келеді.

Әрине, республика экономикасының өркендеуіне лайықты индустриялық база жасалуға, алдымен құрылыс материалдарының сарқылмас

қоры болуға тиіс. Бұл қор кәзіргіден кемінде 2—3 есе арттырылуы шарт. Республикада 1965 жылға, яғни жетіжылдықтың аяғына белгіленген күрделі құрылыс көлемін игеру үшін 5,5 миллион тонна цемент, 4,5 миллион текше метр темірбетон бұйымдарын өндіре аларлықтай база болуға тиіс. Бұл үшін құрылыс трестерін, арнаулы құрылыс ұйымдарын нығайту керек, құрылыс материалдары индустриясының жаңа қуатын игеру қажет.

Құрылысқа жұмсалатын күрделі қаржының құрылымында да елеулі кемшілік бар екені байқалады. Мысалы, Қазақстанда 1962 жылы жұмсалуға тиісті 2068 миллион сом күрделі қаржының 1280 миллион сомы, яғни 62 проценті құрылыс-монтаж жұмысының үлесіне тигелі отыр. Ал өндірістің жеке салаларын алатын болсақ арасалмақ бұдан да жоғары болып шығады. Ол түсті металлургияда—70 процентке, қара металлургияда—75,5 процентке, көмір өнеркәсібінде—70 процентке дейін жетеді. Мұның өзі бірсыпыра өнеркәсіп орындарын жоспарлауда елеулі кемшілік бар екенін, құрылыс көлемінің шамадан тыс ұлғайтылғанын ыспаттайды. Мұның тиімсіздігі көптеген кәсіпорын құрылысы жұмысынан кәзірдің өзінде-ақ айқын көрініп отыр.

Жобалау ісінің сапасын арттыру үшін күресу—алдымен құрылыс құнын арзандату үшін күрес деген сөз. Құрылыста темірбетон конструкцияларының ірі блоктарын қолдану еңбек өнімділігін арттырып, құрылыстың мерзімін қысқартуға даңғыл жол ашады.

Өнеркәсіп құрылысына жаңа техника мен озат технологияны кең қолдану, құрылыс машиналарының аса зор паркін дұрыс пайдалану, прогрессивті құрастырмалы үйлер мен құрылыстар — еңбек өнімділігін арттырудың маңызды шарттары. Еңбек өнімділігін арттырудың бұл тәрізді мол мүмкіншіліктерін дұрыс пайдаланған кәсіпорындары жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Бірақ ол барлық жерде бірдей дұрыс пайдаланылып отырған жоқ, озат техниканың тамаша паркін толық, дұрыс пайдаланбау салдарынан өнімді қымбаттатып, ысырапқа жол беріп, орынсыз шығындарды көбейтіп алып отырған кәсіпорындар да бар. Мысалы, 1961 жылы республикадағы 636 құрылыстың 379-ы құрылыс құнын жоспарда белгілеген мөлшерден қымбаттатып алды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті еңбек өнімділігін арттыру, ұқыптылық пен үнемділік мәселесіне үлкен мән беріп, республикада өнеркәсіп пен құрылыстың сапа көрсеткіштері жайында арнаулы қаулы алды. Жақында құрылыс кәсіпорындарының көпшілігінде дерлік экономикалық конференциялар өткізілді. Мұнда өнімнің түсер құнын кеміту мен еңбек өнімділігін арттыру мәселелеріндегі орын алып отырған кемшіліктер мен олқылықтар ашылды. Экономикалық жұмыстағы жақсы тәжірибені жинақтап, кемшіліктерді жоюдың нақты жолын көрсету белгіленген шаралардың орындалуына партиялық бақылауды күшейту—қалалық партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының айбынды міндеті.

Партия ұйымдары мен шаруашылық органдары құрылыстың экономикалық мәселелеріне ұдайы көңіл бөліп, құрылыс жұмысының технологиясын үздіксіз дәйектілікпен жетілдіріп отыратын болса, күрделі құрылыс жоспарын орындауда жаңа табыстарға жете алады.

Ішкі резервтер—тұнған байлық

А. ӘДІЛОВ,

Алматы халық шаруашылығы советінің председатели

Біздің ұлан байтақ Отанымызда прогресшіл адамзаттың ең асыл арманы—коммунизм құрылысы кең өріс алуда. Жетіжылдық жоспар—сол игі мұратқа жеткізетін сара жолдың алғашқы басқышы. Демек, жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінде толық және асыра орындаудың маңызы зор. Ол үшін өндірістік ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып, өнімнің сапасын да, санын да арттыру қажет болады.

Коммунизмнің ұлы жолын нұрландырған КПСС XXII съезі бүкіл совет халқымен бірге Алматы әкімшілік-экономикалық ауданындағы кәсіпорындар коллективтері арасында да үлкен еңбек өрлеуін туғызды. Партия ұйымдарының басшылығы, көмегі арқасында мындаған жұмысшылар мен құрылысшылар, инженер-техник қызметкерлер коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау ісіне өздерінің қажырлы күш-жігерін, парасатты ақыл-ойын, іскерлік дарындылығын жұмсап еңбек етуде.

Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары жетіжылдықтың үш жарым жылында жалпы өнім шығару жоспарын 104,3 процент етіп асыра орындады. 135 миллион сомның өнімі жоспардан тыс өндірілді. Осы уақыттың ішінде еңбек өнімділігі өнеркәсіпте—36 процент, құрылыста—10 процент, транспортта—32 процент өсті. Өнімнің түсер құнын кемітудің ұтымды шаралары жүзеге асырылып, өнеркәсіп пен транспортта 5 миллион 60 мың сом үнемделді. 1961 жылы халық шаруашылығы советі бойынша өндіріс көлемі 1963 жылға белгіленген дәрежеге жетті. Электр қуатын, прокат жабдығын, ауыл шаруашылық машиналарының запас бөлшектерін, трикотаж, былғары аяқ киім, тігілген бұйымдар, арақ-шарап және басқа өнімдерді өндірудің жетіжылдықта белгіленген тапсырмасы артығымен орындалды.

Көптеген кәсіпорындар коллективі өндіріске жаңа техниканы енгізуде, өндіріс технологиясын жетілдіруде, өндірістік жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыруда ұйымшылдық пен ынтымақтың асқан үлгісін көрсетіп, еңбектің, шикі заттар мен қаражаттың тиімді жұмсалыуына күш салып келеді.

Үнемделген әрбір килограмм металл, цемент пен отын, киловатт-сағат электр қуаты, сантиметр мата—мұның бәрі қосымша өнім шығарудың, өндірістің табысты болуының сарқылмас көзі. Мұны дәлелдеу үшін Алматы халық шаруашылығы советі бойынша еңбек өнімділігін бір процент арттырудың өзі бір жылдың ішінде 4165 мың сомның түрлі өнімдерін шығаруға мүмкіндік беретінін айтсақ та жеткілікті. Партияның жаңа Программасында атап көрсетілгеніндей, ұқыптылық, халық қарауындағы әрбір сомды тиімді пайдалану, қаржыны шебер жұмсау—коммунизмге қарай алға басуды тездететін қуатты құрал.

Үнемшілдікті ұран еткен Алматы күрделі машина жасау зауытының жұмысшылары 1965 жылдың межесіне биылдың өзінде жеткелі отыр. Кәзір бүкіл республика кәсіпорындарында қолдау тапқан экономикалық конференция алғаш рет осында өтті. Конференцияда жұ-

мысшылар іске қосатын резервтер мен мүмкіндіктерді есепке алып, оны кәдеге жаратудың жолын, келтірер пайдасын анықтады. Мұның жемісі де берекелі болды. Осы заводтың құю цехында әрбір сом қаржыға 1,4—1,8 сомның өнімі өндірілуде. Бұл—назар аударарлық үлкен жетістік. Коллектив мұндай жоғары көрсеткішке мердігерлік цехты барлық жағынан толық жабдықтап, оның өндіріс технологиясын жетілдірудің нәтижесінде жетті. Мұнда төрт бірдей технологиялық процесс — қалып жасау, қалып жасайтын қосындыны әзірлеу, металды қалыпқа құю мен қосындыны қалыптан алу жұмыстары механикаландырылды. Бұл жаналық кәсіпорынға жылына 900 мың сом үнем жасауға, цехта еңбек өнімділігін 8 процент арттыруға, әрбір жұмысшының табысын 12—17 сомға дейін көбейтуге мүмкіндік берді.

Машина жасаушылар сондай-ақ сым созыш станның көлемін шағындап, салмағын жеңілдету арқылы әрбір станоктан 1800—2000 килограмм металл үнемдеп, табысты молайтудың тағы бір көзін тапты. Қазір олар үнемделген қаржы мен материалдың есебінен 1 миллион 700 мың сомның станоктары мен ауыл шаруашылығы машиналарының запас бөлшектерін қосымша шығаруды нысана етіп отыр.

Халық шаруашылығы советінде шаруашылықтың орасан мол ішкі резервтерін іске қосып, экономикалық жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрген мұндай кәсіпорындар аз емес. «Октябрьдің XX жылдығы» станок жасау заводы, № 1 аяқ киім фабрикасы жалпы өнім өндіру жөнінде 1964 жылғы межеге жетсе, ал Алматы шұға фабрикасы, № 2 тігін фабрикасы және басқа кәсіпорындар 1965 жылғы дәрежеде өнімдер шығарып жүр.

Егер барлық өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарында ішкі резервтер мен мүмкіндіктер мейлінше сарқа пайдаланылып, кәдеге асырылса, онда жетіжылдық жоспарды орындауда біз бұдан да биік белеске көтерілер едік.

Алайда бірсыпыра кәсіпорын өндірістік тапсырманы орындай алмай келеді. Мұндай кәсіпорындар соңғы үш жарым жылдың ішінде 11 миллион 509 мың сомның өнімін мөлшердегіден кем шығарды. Электротехника заводы мен қалайы ыдыс заводы жоспарды бір жарым жылдан бері орындап көрген емес. Сондай-ақ Алматы ет комбинаты мен Қарғалы шұға комбинатында және бірқатар құрылыс ұйымында еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту жөніндегі жоспар орындалмай жүр.

Елеулі кемшіліктердің бірі — күрделі қаржыны игерудегі ысырап-қорлық. Үлкен істе болсын, кішкентай істе болсын үнем жасап, табиғи байлықты, материалдық заттарды ұқыпты пайдалану жағы әлі де жетіспейді. Сондықтан былғары аяқ киім комбинатында өнімнің түсер құны 1960 жылы—160 мың сом, 1961 жылы—207 мың сом қымбаттауы кездейсоқ нәрсе емес. Нақ осындай кемшілік Қарабұлақ қант комбинатында да орын алды. Ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне, озат тәжірибені өндіріске енгізуге бойкүйездікпен караудан Текелі қорғасын-мырыш комбинаты да олқылықтан әлі шыға алмай келеді. Мұнда кен шығарудың жылдамдатылған әдістері жеткілікті дәрежеде игерілмей отыр, еңбек өнімділігі тым төмен. 1961 жылы әр жұмысшының жұмыс күні ішінде өндірген рудасы 0,69 текше метрден ғана болды.

Көп ретте өндірілетін өнімнің жоспарда белгіленген түр-түрі сақталмайды. Тек осы себептен халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары өткен жылы 6,5 миллион сом зиян шекті. Бұл өндіріс жұмыстарының техника-экономикалық сапа көрсеткіштерімен күнбе-күн шұғылданып отырмаудан, еңбектің нашар ұйымдастырылуынан болып отыр. Жұмыс алаңы дер кезінде әзірленбейді. Мұның бәрі кәсіпорындардың бірқалыпты жұмыс істемеуіне әкеп соқтыруда. Ал бірқалыпты жұмыс істеу—үлкен резерв. Демек, кәсіпорындардың өндірістік қуатын

толық пайдаланудың, артта қалғандарды озат коллективтің дәрежесіне жеткізудің мәні үлкен.

Партияның XXII съезі күрделі қаржы мен өндірістің негізгі қорын тиімді жұмсаудың қажеттілігін ерекше атап көрсетті. Өнеркәсіптің жұмысын өнімді станоктармен, машинамен, механизммен жарактандыру, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру, кәсіпорындарды ескірген, өнімсіз жабдықтан тазарту—қолда бар өндірістік жабдықты тиімді пайдаланудың бірден-бір кепілі. «Машина-жабдықты пайдалану мәселесі,—деді Н. С. Хрущев жолдас,—жай ермек емес. Бұл—біздің зор мүмкіндігіміз...»

Бұл аталы сөздің бізге тікелей қатысы бар. Мәселен, Алматы құю-механикалық заводында жабдықты пайдалану коэффициенті 1,8—1,9 өлшемге арттырылса (кәзір мұндағы коэффициент 0,4 өлшемнен аспайды), онда жылына ДТ-54 тракторына 300 мың поршень, 50 мың гильза, 40 мың поршендік палецті қосымша шығаруға болар еді. Мұның өзі заводтың кәзіргі шығаратын өнімі мөлшеріне тең түседі. Осындай ұқыпсыздықтың салдарынан ауыр өнеркәсіп басқармасының кәсіпорындарында жыл сайын 1 миллион 200 мың станок-сағат пайдаланылмай жүр. Бұл—300 станок жыл бойы ешбір жұмыс істемей бос тұрып қалды деген сөз.

Сондықтан халық шаруашылығы советі, оның басқармасы мен инженер-техник және жұмысшылар коллективі өндіріс жұмыстарын күрделі техниканы өзінің жұмыс істеу мерзімі ішінде неғұрлым толық пайдаланатындай етіп ұйымдастыру шараларын қолға алуда. Аса маңызды резервтердің бірі—барлық кәсіпорындар мен құрылыстағы механикалық мастерскойлардың қуатын толығымен пайдалану. Текелі мырыш комбинатындағы металл өңдейтін мастерскойдың жабдықтары саны жағынан да, сапасы жөнінен де № 3 механикалық заводпен тең түседі. Соңғысы жылына 2 миллионнан аса сомның өнімін берсе, ал механикалық мастерской бар болғаны комбинаттың қажетін өтейді және кездейсоқ заказдарды орындайды. Мұнда 1961 жылы 100 мың станок-сағат босқа кетті, оның үстіне 250 шаршы метр өндіріс алаңы пайдаланусыз жатыр. Қазір халық шаруашылығы советі комбинаттың жанынан оның механикалық мастерскойы негізінде металл өңдейтін дербес завод ұйымдастыруды қарастыруда.

Таяуда болып өткен экономикалық конференцияда экономикалық ауданда стандартсыз жабдық, технологиялық жабдықтың запас бөлшектерін шығаруға, пластмассадан детальдар жасауға бейімделген арнаулы өндіріс құру мәселесі көтерілді. Львов халық шаруашылығы советінің үлгісі бойынша жеңіл және тамақ өнеркәсібінде фирмалар ұйымдастырылатын болады. Бізде төрт аяқ киім фабрикасы бір фирмаға біріктіріледі. Бұл жағдайда өндіріс алаңдары едәуір босап, аяқ киім тігу цехтары кеңейтіледі, сөйтіп жылына қосымша бір миллион пар аяқ киім тігуге мүмкіндік туады.

Жеңіл өнеркәсіп орындарында да негізгі жабдықты толық қуатында жұмыс істету жолымен өнім шығаруды едәуір арттырудың басқа да мол мүмкіндіктері бар. Қарғалы шұға комбинатының алдыңғы қатарлы жіп иірушілері мен тоқымашылары жоспарлы өнім шығару нормасын анағұрлым асыра орындауда. Егер комбинаттың бүкіл коллективі озаттар дәрежесінде жұмыс істесе, жылына қосымша 338 тонна иірілген жіп алып, одан 394 мың метр шұға тоқуға болар еді. Осы нысанаға жетудің төңірегінде ұтымды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Өндіріс қуатын арттырып, қосымша өнім шығарудың тағы бір соны жолы—ұзақ уақыт орнатылмай бос тұрған жабдықты дереу іске қосу. Қазір кәдеге асырылмай өнімсіз жатқан мұндай жабдықтардың құны 5,5 миллион сомнан асады. Мұның тең жартысынан астамы азық-түлік товарлары өнеркәсіп орындарына шоғырланған. Әрине, мұның өз

жеке кәсіпорын басшыларының оралымсыздығын сипаттайды. Бұдан тиісті қорытынды шығарып, жабдықтың шаруашылық айналымына қосылуын қамтамасыз ету—шұғыл жұмыстардың бірі.

Жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарды кеңейту және қайта құру—өнеркәсіпті өркендетудің аса тиімді шарты. Біз осы бағытта бірсыпыра жұмыстар атқардық. Үстіміздегі жылы Алматы қалалық сүт комбинатының өндірістік ескі корпусы кеңейтіле бастады. Мұнда сыр, балмұздақ және басқа тағам шығаратын қосымша цехтар салынады. Бұл жұмысқа 240 мың сом қаржы бөлінді. Ал нақ осындай жаңа кәсіпорын салуға 500 мыңдай сом жұмсала еді. Пайда міне осында, Сондықтан да Алматы жіп иіру фабрикасы, шарап заводы қайта құрылып, өндіріс алаңдары кеңейтілуде. Сонымен бірге кәсіпорындарды мамандандыру ісін жетілдіру шаралары да өнеркәсіп өнімдерін шығаруды бұрынғыдан да молайта түседі.

Алматы экономикалық ауданында құрылыс өнеркәсібінің онан әрі өркендеуін күрделі құрылыстың қаншалықты кең қанат жайып отырғанынан айқын аңғаруға болады. 1957—1961 жылдарда бізде 141 миллион сомның күрделі қаржысы игерілді, 49 кәсіпорын мен цехтар жаңадан салынды және кеңейтілді.

Құрылыс өнеркәсібін өркендету саласында да кейбір жетістік бар. 1957 жылдың бас кезінде құрылыс ұйымдарының құрастырмалы темір-бетон жөніндегі қуаты шамалы болса, 1961 жылы ол 2,3 есе өсті. Әрбір жүз мың сомдық құрылыс-монтаж жұмысына қолданылған құрамалы темір-бетон 1958 жылғы 99 шаршы метрден 1961 жылы 260 шаршы метр яғни 2,9 есе артты.

Өткен жылы Алматы үй салу комбинаты, шай өлшейтін фабрика сияқты өндіріс объектілері салынды, Көксу руднигінің байыту фабрикасы ұлғайтылды және басқа көптеген құрылыс қатарға қосылды.

Әсіресе «Алмаатажилстрой» тресі мен үй салу комбинатының коллективтері қарқынды еңбегімен ерекше көзге түсуде. Олар былтыр 1960 жылмен салыстырғанда тұрғын үйлерді екі жарым есе, мектеп үйлерін бір жарым есе, бала тәрбиелейтін мекемелерді—бес есе көп салды. Үй салу комбинатының еңбеккерлері құрылысты шаруашылық есеп әдісімен жүргізе отырып, өз кәсіпорнының қуатын бір жыл ішінде 35 мың шаршы метр үй салудан 140 мың шаршы метр үй салуға дейін жеткізді, 60 мың шаршы метр ірі панельді үйлер дайындап, оның ішінде 41 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді.

Құрылыс ұйымдары механизмдермен едәуір жарақталған. Солай бола тұрса да құрылыста қол еңбегі көбірек қолданылады. Сылақ жұмыстарын техника қуатымен атқаруға жетісе алмай келеміз. Бізде темір-бетон конструкциялары, құрастырмалы темір-бетонды қабырға панельдері сияқты озат әдістер баяу игерілуде. Әсіресе жедел қарқынмен алға кеткен күрделі құрылыстың көлемі мен оны темір-бетон бұйымдарымен жабдықтау арасында елеулі алшақтық бар. Мұның өзі өнеркәсіп құрылысы жоспарының орындалуына және жаңа өндірістік қуатты уақытында іске қосуға тосқауыл болуда. Үстіміздегі жылы Тастақтағы тас уату-іріктеу фабрикасының, аспалы қабырға панельдер цехының іске қосылуы, № 3 темір-бетон бұйымдары заводын қайта жабдықтауды аяқтау құрылыс материалдары жөніндегі тапшылықты жоюға өзінің елеулі себін тигізеді. Сондай-ақ еңбек ұйымдастыруды жақсарту, үй салуда комплексті әдіспен жұмыс істейтін бригадаға көшу, құрылыс ұйымдарының бытыраңқылығын жою—құрылыс қарқынын арттырудың, оның сапасын жақсартудың ұтымды резервтері.

Құрылыс техникасының толық қуатымен жұмыс істеуіне жетудің де маңызы үлкен. Бірақ бұл салада шалағайлық көп. Құрылыс басқармасы үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында сыйымдылығы 0,35 текше метр шөмішті экскаваторлармен атқарылатын жұмыс нормасын 82,3 процент қана орындады. Мұнаралы крандар да тиісті дә-

режеде жұмыс істемеді. Мұның себебі: жұмыс орны кезінде әзірленбеді, технологиялық процестің бұрмалауына жол берілді.

Құрылыс машина-жабдығын жөндеу ісінің сапасыз жүргізілуі, әрі ұзаққа созылуы—құрылыс қарқынына кері әсерін тигізбей тұра алмады. Кәзір бұл кемшіліктерді жою мәселесі өзінің шешуін таба бастады. Құрылыс машиналарын күрделі жөндеуге бейімделген арнаулы кәсіпорын ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ техниканы бір орталыққа шоғырландырып пайдалану тиімді болатын сияқты. Мұның өзі, біріншіден, машина паркін түрлі объектілерде толық қуатында пайдалануға мүмкіндік берсе, екіншіден, маман кадрларды тұрақтандыруға негіз қалайды. Белгілі бір кәсіпке бейімделген басқармалардың, трестердің тәжірибесі мұндай әдістің тиімді екенін көрсетті.

Кәзір құрылыс-монтаж басқармалары мен трестер коллективтерінің алдында күрделі құрылыстағы барлық мүмкіндікті ашып, халықтың игілігіне айналдыру міндеті тұр.

Өнеркәсіп пен құрылыста резервтерді толық пайдалануға жанашылдар мен өнер табушылардың қосар үлесі мол. «Ғылыми-техникалық прогресті барынша тездету,—делінген КПСС Программасында,—аса маңызды жалпыхалықтық міндет». Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында соңғы үш жарым жылдың ішінде жана техниканы игеру, өндіріс технологиясын жетілдіру, өндіріс жұмыстарын механикаландыру мен автоматтандыру жөнінде бір жарым мыңнан аса шара жүзеге асырылды. Жүзден аса жылжымалы конвейерлі және автоматты линиялар орнатылды, төрт жүзге жуық металл кескіштер, ұста-прес, құю жабдығы жаңартылды. Соның нәтижесінде мемлекеттің 4,8 миллион сом қаржысы үнемделді, 4500 жұмысшыны басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік туды.

Техникалық прогрестің пайдасы мұнымен бітпейді, ол еңбек өнімділігін арттырудың да негізгі арқауына айналды. Мәселен, «Октябрьдің XX жылдығы» зауытының тек еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды асыра орындау есебінен өндірген өнімі оның бірнеше жылдық жоспарымен тең түседі.

Зауод биыл ЗПА-100 конструкциялы астық тиегішті халық шаруашылығына енгізу арқылы 2 миллион сомға жуық пайда келтірді. Дақылдар тұқымын шаршы-ұялап егетін сеялка да осында жасалып, сыннан ойдағыдай өтті. Сеялканың өлшеуіш сымы және оны тартатын тетігі жоқ, бұл жұмыстың бәрі автоматпен атқарылады. Мұның өзі сеялканы тек Қазақстан көлемінде пайдаланғанның өзінде 1,5 миллион сом үнем беретіні анықталды. Үстіміздегі жылдың жеті айы ішінде кең алымды сеялка үшін 410 узельдің орнына 506 узель жасалып Тын өлкесіне жөнелтілді.

Машина жасаушылар жетіжылдықтың алғашқы күнінен бері өндіріске жаңа машиналар мен механизмдердің 90-ға жуық үлгісін игерді.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде өріс алған техникалық прогресс өнімнің мол және сапалы шығарылуын қамтамасыз етті. Жаңа техникамен жабдықталған мебель фабрикасында өндіріс көлемі бір жарым есе ұлғайды, ал өнім өлшеміне жұмсалған қаржы 60 процент кеміді. Аяқ киім кәсіпорындарында да осындай жетістік бар. Мұнда 12 конвейер линиясы іске қосылып, жаңа технологиялық процестер игерілді. Нитрит желімін өндіріске енгізген былғары комбинаты өткен жылдың өзінде 14 мың сом пайда тапты.

Жанашылдар мен өнер табушылардың қозғалысы кең канат жая бастады. Кәзір бұл жорыққа 15 мыңға жуық адам қатысуда. Олар жетіжылдықтың алғашқы жартысында 16 мың рационализаторлық ұсыныс жасап, 10 мың сомдай қаржы үнемдеуге жеткізді.

Дегенмен өндіріс техникасын жетілдіре беру жолындағы жұмысты жақсартуға жете мән бермеушілік фактілері әлі де болса кездеседі. Кейбір кәсіпорындар техниканың санын қуып, оның нәтижесіне назар

аудармай берекесіздік жасап жүр. Соңғы екі жарым жылда қалайы ыдыс заводында жаңа техниканы енгізуге 150 мың сом жұмсалған. Содан қандай пайда бар десек, ешқандай алға басқандық жоқ. Тағы бір мысал. Алматының құю-механикалық заводында тракторлар мен автомобиль бөлшектерін шығару үздіксіз өндіріс әдісіне көшірілген. Бірақ бұл жаңалықтың пайдасын жұмыстың басқа саласындағы ұқыпсыздық жоққа шығарып отыр. Шаруашылықты жүргізуде мұндай несіздікке жол беруге болмайды. Жоғары өнімді жаңа техниканы мейлінше толық пайдалану абзал.

Ең басты мәселенің бірі—еңбек ардагерлерінің озат тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру. Ал үлгі-өнеге боларлық озаттар бізде көп-ақ. Бұлар—жұмыста да, тұрмыста да жарқын істің үлгісін көрсетіп жүрген коммунистік еңбек коллективтері мен екпінділері. Қазір бізде коммунистік еңбек туының астында 42 мың адам топтасқан. Мұндай құрметті атақ Гагарин атындағы тігін фабрикасына, 24 цехқа, 97 смена мен учаскеге, 417 бригадаға берілді. Үш жарым мыңнан аса озат коммунистік еңбек екпіндісі атағын жеңіп алды.

Коммунистік еңбек жолындағы жарыс өндіріс озаттарының қалып тобын тәрбиелеп өсіруде, олар әрдайым жаңалықтың, үлгі істің ұйытқысы болып, техникалық прогресті дамытуда, ішкі резервтерді іске қосуда зор роль атқаруда. Металл құюдың және металл пісірудің, металды балқытпай өңдеудің әдістері, пластикалық деформация тәсілдері—міне мұның бәрі сол еңбек саңлақтарының творчестволық дарынды ойынан туған жаңалықтар.

Бізде осындай үздік жаңалыққа, озат әдіске тиісті дәрежеде мән беріп, қолдау жасау жағы жетіспейді. Мастерлер мен цех бастықтары жұмысшылардың өнімді еңбек етуіне әрдайым жағдай жасамайды, кенже қалушыларды озаттардың қағарына тенеу ісі де назардан тыс қалуда. Бұл арада кәсіпорын басшылары тарапынан да бейқамдықтың күшті екенін баса айтқан жөн. Олардың бейтаныс нәрсемен «әуре» болғысы келмейді. Сондықтан да тісті донғалақты Новиков әдісімен жасап шығару әлі игерілмей келеді. Металды ацитиленмен кесудің орнына пропан-бутанмен кесу технологиясы да өндіріске әлі ене қойған жоқ. Тере берсе мұндай кемшіліктер аз емес. Мәселе сол кемшіліктерді тез жойып, бұдан былай болдырмауда болып отыр.

Халық шаруашылығы советінде, сондай-ақ кәсіпорындар мен құрылыста болып өткен экономикалық конференцияларда шаруашылықтың орасан мол ішкі резервтері анықталып, еңбек өнімділігін онан әрі шапшаң арттыру, шығарылатын өнімнің түсер құнын кеміту және кәсіпорындар мен құрылыстардың бүкіл экономикалық жұмысты үрдіс жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар айтылды. Оларды жүзеге асыру, сөйтіп неғұрлым көп пайда келтіру—әрбір жұмысшының, инженер-техник қызметкердің, бүкіл коллективтің ең ардақты ісі, абзал борышы. Сонда ғана жетіжылдықтың асқар биігіне шыға аламыз. Бұл жұмыстың бәрінде біз партия, совет ұйымдарының күнделікті басшылығына, көмегіне сүйенеміз.



Су қоры—молшылық көзі

Л. ТӘЖІБАЕВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің су қорын пайдалану, қорғау жөніндегі комитетінің председатели

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда Қазақстанның алатын орны үлкен. Халық шаруашылығын өркендетудің болашақ жоспарына сәйкес республикамызда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мықтап дамиды, мәдениет гүлдене түседі.

Халық шаруашылығының өркендеуі жергілікті су қорын жоспарлы түрде, барынша тиімді пайдалануды керек етеді. Ол үшін су шаруашылығы мәселесін шешу қажет.

Қазақстанда жер үстінде және жер астында едәуір су қоры бар. Республиканың, Совет Одағының түрлі ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары бізде 70 мыңнан астам өзен мен су қоймасы бар екенін анықтады.

Мемлекеттік гидрологиялық институттың мәліметі бойынша, Қазақстандағы барлық өзеннің жалпы орташа жылдық су қоры 138 миллиард текше метрге тең; бұл — Совет Одағындағы өзендердің орташа жылдық су қорының 3,5 проценті. Бұлардың ішінде басты-басты 23 өзеннің жалпы су қоры — 90 миллиард текше метр. Жайық, Ертіс, Сырдария, Іле сияқты ірі өзендердің үлесіне жалпы су қорының 87 проценті тиеді. Ал орташа және шағын өзендердің су қоры кемінде 47 миллиард текше метрге жетеді.

Республика жерінің 80 процентін алып жататын орталық және оңтүстік-батыс аудандарда қуаңшылық басым, өзен суы өте аз болады. Ойыл, Сағыз, Жем, Торғай, Ырғыз, Нұра, Сілеті және басқа өзендердің орташа жылдық су қоры небәрі 5 мың текше метрге, Жоңғар Алатауы өзендерінікі — 6 мың текше метрге тең.

Ал суды Қазақстанның бүкіл жеріне шаққанда: жылына 1 шаршы километрге 29 мың текше метрден келеді; бұл Украинадағыдан төрт есе, Россия Федерациясындағыдан 8, Грузиядағыдан 30 есе кем.

Әрине, су қоры барлық жерде бірдей емес. Мәселен, Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы, Шымкент облыстарының таулы аудандарында су молырақ; мұнда 1 шаршы километрге су қоры жылына 212 мың текше метрден 24 мың текше метрге дейін төмендейді. Ал Гурьев, Қызылорда облыстарының жазық даласында су азырақ. Бұларда су қоры жылына 1 шаршы километрге 4,7 мың текше метрден 2,3 мың текше метрге дейін төмендеп тұрады.

Республикамыздағы өзендердің суы маусым сайын, кейде тіпті қатарынан бірнеше жыл бойы біресе азайып, біресе көбейіп отырады. Кей жылдары су ондаған есе азайып, жазықтағы өзендер тартылып қалады.

Республикада 38 мыңнан астам көл бар. Бұлардың көпшілігі көктемгі тасқын сумен толатын саяз, тоқтам көлдер. Тек Тың өлкесінде осындай тұщы көлдің саны 11 мыңға жетеді. Бұлардың ішінде көлемі 1 шаршы километрден астам 1300 көлдің жалпы су қоры 1955—1957 жылдары 14 мың текше метр болды. Қырдағы көлдің көпшілігі тартылып қалады.

Осыншама су қорынан жалпы көлемі 7,5 миллион гектар болатын 7 мыңдай көл мен су қоймасы ғана ауыз су, суғару, суландыру, ба-

лық, құс өсіру үшін пайдаланылады. Көптеген көл өнеркәсіп қажетіне жаратылады және олардан минеральды тұз—сульфат, глаубер, ас тұзы, өзге де заттар өндіріледі.

Бірақ, жер үстіндегі су қоры толық және тиімді пайдаланылмай келеді. Мұның негізгі себебі — олардың гидрологиялық жайы жеткілікті зерттелмеген.

Қазақ ССР Ғылым академиясының гидрология бөлімінің, Совет Одағы, Қазақ ССР Геология және табиғат қорғау министрліктерінің мекемелері Қазақстанда 1,5 миллион шаршы километрге жайылып жатқан жер асты және артезиан суының орасан мол қоры бар екенін анықтады. Тұщы және ащылау артезиан суының жалпы қоры Азов теңізіндегі 17 теңіздің суына тең немесе Еділ өзеніндегі Куйбышев су қоймасының суынан 100 есе асып түседі. Кәзіргі уақытта 70-тей артезиан бассейні табылды. Бұлардың ішінен Сарыбұлақ, Шу — Сарысу, Ертіс бойы, Жоғары Соқыр, Доңызтау, Шалқар, Оңтүстік Жем және басқа бассейндерді атап өту керек. Алдын ала шығарылған мәлімет бойынша, жер асты суының мөлшері 800 миллиард текше метр, ал тұщы және ащылау артезиан суының мөлшері 5 триллион текше метрден астам болады. Жер асты суының 65 проценттен астамы Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының тау етегіндегі аудандарда, 19 процентке жуығы Орталық Қазақстан мен Ақтөбе облысының қырат аудандарында, 16 проценті республиканың басқа өңірінде орналасқан.

Жер астындағы су қорын дұрыс пайдалану арқылы 2500 текше метрдей суды қырға шығаруға болады; бұл шөлейт далада 4 миллион гектардай жерді суарып, миллиондаған гектар жайылымды суландыруға мүмкіндік береді. Бірақ жер асты суының осындай орасан мол қоры халық шаруашылығының пайдасына толық жаратылмай келеді.

С. Я. Жук атындағы Су құрылысын жобалау институтының есебі бойынша Қазақстанның бүкіл халық шаруашылығы кәзір жылына 15,85 миллиард текше метр су тұтынады, оның ішінде өнеркәсіп, қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқына—1 миллиард текше метр, ауыл шаруашылығына, жерді суландыруға—1,05, егістікті, бау-бақшаны, жемісті суаруға—10,3, жайып суаруға—3,5 миллиард текше метр су жұмсалады. Соның өзінде өнеркәсіп орындары, қалалар мен поселкелер жергілікті су көзін, негізінен өзен, көл, жер асты суын, канал суын пайдаланады, ал кәзіргі бар су құбырлары халық пен өнеркәсіптің су жөніндегі қажетін толық өтей алмай жүр.

Ауыл шаруашылығында су қорын пайдаланудың кәзіргі жайы мынадай. Бүкіл республикада 1400 мың гектар жер үзбей суарылады. Осы суарылатын жердің 73 проценті — Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында.

Рас, солтүстік және солтүстік-батыс облыстарда да жер суарылады. Бірақ бұларда, әсіресе Орал, Ақтөбе, Қарағанды, Целиноград облыстарында жерді жайып суару әдісі кеңірек тараған. Осылайша суарылатын жердің жалпы көлемі бір миллион гектардан асады.

Ауыл-село негізінен жер асты суымен қамтамасыз етіледі. Бұл үшін, әрине, шахталы және трубалы құдықтар салынған.

Ал республиканың шығыс, оңтүстік-шығыс аудандарында жер үстіндегі су қоры электр станциялар үшін кеңінен пайдаланылады. Бұл жөнінен, әсіресе Ертіс өзені, оған құятын өзендер бірінші орын алады. Мұнда жалпы қуаты 39 мың киловатт Жоғарғы Харлузовск, Тишинск, Ульба су электр станциялары, Өскемен су электр станциясы салынған. Кәзір қуаты 675 мың киловатт Бұктарма су электр станциясы салынып жатыр. Сондай-ақ Шуда, Қараталда, Арыста, Үлкен Алматыда, басқа да өзендерде кіші-гірім су электр станциялары жұмыс істейді.

Кәзір Ертіс, Сырдария, Жайық өзендерінде, Каспий, Арал теңізінде, Балқаш көлінде кеме жүреді, балық ауланады. Бұлардың халық шаруашылығы үшін едәуір маңызы бар. Ал, Есіл, Іле, Қаратал басқа да өзендердегі кеме қатынасы жергілікті жердің ғана қажетін өтейді.

Республиканың өндіргіш күштерін онан әрі дамытуда су қорын пайдалануды түбірінен жақсартудың маңызы зор. Бұл үшін Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле өзендерінің суы пайдаланылатын болады. Сонымен қатар су қоймалары, жер асты суы да осы мақсатқа жұмсалмақ. Тек Еділ, Жайық өзендері аралығындағы аудандар, Ақтөбе, Қостанай өнеркәсіп аудандары үшін Россия Федерациясынан су алуға тура келеді. Республикада өзендердің әр жерде орналасуы Ертіс — Қарағанды, Ертіс — Қостанай, Еділ — Жайық сияқты ірі каналдар салуды талап етеді.

Бұл республиканың су қорын барынша толық пайдалану жөнінде ерекше маңызды әрі жауапты міндет жүктейді. Осыған орай С. Я. Жук атындағы Су құрылысын жобалау институты, Совет Одағының және Қазақ ССР-нің мамандандырылған жобалау институттары «1980 жылға дейінгі кезеңде Қазақ ССР-нің халық шаруашылығын сумен қамтамасыз етудің бас схемасын» жасап жатыр. Бұл схема өндіргіш күштерді дамыту және орналастырудың болашақ жоспарының, жобалау жұмыстарын жоспарлаудың, жер суару, суландыру жөніндегі құрылыстардың алғашқы кезектегі тиімдісін тандап алудың су шаруашылық негізі болмақ.

Кәзір Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына қажетті негізгі су шаруашылық құрылыстары анықталды. Соған байланысты көптеген су құбырлары мен су қоймаларын, каналдар, басқа да бірқатар су-техникалық құрылыстар салу белгіленді. Алдағы жылдар ішінде Тын, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өлкелерінде, басқа да жерлерде жалпы ұзындығы 19 мың километрге жуық, оның ішінде Тын өлкесінде 7 мың километр су құбыры, 22 үлкен канал, 60-қа тарта ірі су қоймасы салынбақ.

Ертіс өзенінде Шульба, Донокой, Семей, Белокаменск және басқа да электр станцияларын салу белгіленді. Ертіс су электр станцияларының жалпы қуаты миллиондаған киловатт болмақ, орта есеппен жылына 11,4 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілмек. Сондай-ақ Іле, Шарын, Шелек, Қаратал өзендері бойында да электр станциялары салынады.

Су қорын пайдаланған кезде оны ластанудан, сарқылудан, жерді сортаңдаудан, селден, лайдан сақтау — ерекше маңызды мәселе. Осыған байланысты елімізде, оның ішінде республикада суды қорғау жөнінде елеулі шаралар қолданылып келеді. Бірақ бірқатар өнеркәсіп орындар суды пайдалану, қорғау ісіне жауапсыз қарағандықтан орасан зор көлемдегі су ластанып кетті. Кейбір су көздері технологиялық, мәдени-сауықтыру шараларын жүргізуге, ауыз су үшін пайдалануға жарамсыз болып қалды.

Су қалай ластанады? Республикада өнеркәсіп, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардан су қоймаларына жылына жүздеген миллион текше метр ластанған су құйылады. Мұндай су — жылдан-жылға көбейе бәрмек. Өндіргіш күштердің қаулап өсуіне сәйкес жетіжылдықтың аяғында лас су 1961 жылғыдан екі еседей көбейіп, жылына 1 миллиард текше метрге жетеді.

Тек Ертіс өзеніне 125 өнеркәсіп, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардан жылына 250 миллион текше метрден астам шайынды су ағып келеді. Мұның көпшілігі Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советінің түсті металлургия кәсіпорындарынан шығады. Ертістің: Филипповка, Тихий, Краснояр, Глубочанка сияқты тармақтары өлі суға айналды; бұларда балық, өсімдік өспейтін болды.

Кәсіпорындарда пайдаланылған суда көптеген бағалы өнеркәсіп шикізаты кетеді. Мысалы, Лениногор полиметалл комбинатынан жылына көптеген тонна мырыш, Ертіс мыс зауытынан жүздеген тонна мырыш, Зырян қорғасын комбинатынан ондаған тонна мыс пайдаланылған сумен бірге ағып кетеді.

Семей, Павлодар облыстарынан Ертіс өзеніне жеңіл және тамақ өнеркәсібінің қалдықтары тасталады, қалалардың шаруашылық, тұрмыс қажетін өтейтін орындарынан пайдаланылған су келіп құйылады.

Жайық өзенінің халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Өзенде балықтардың бағалы тұқымы өседі. Бірақ Жайық өзені 19 ірі өнеркәсіп орнынан жылына 6 миллион текше метрден астам лас суды қабылдап алады. Мысалы, Землячка атындағы Орал былғары зауыты өзенге жылына 600 мың текше метр қалдық тастайды. Соған қарамастан завод суды тазалайтын құрылысты салмай, ақшалай айып төлеп келеді. Айталық, суды тазалайтын құрылыстар салуға шамамен 37 мың сом жұмсалатын болса, заводтың бес жыл ішінде төлеген айыбы 100 мың сомға жетті.

Орталық Қазақстанның өзендері де былғанып барады. Қарағанды облысының және Тын өлкесінің халық шаруашылығы советтеріне қарасты өнеркәсіп орындарынан Нұра, Кеңгір, Есіл, Тобыл өзендеріне, Балқаш көліне құрамында зиянды химиялық және органикалық заттары көп 100 миллион текше метрдей лас су ағып келіп жатады. Бұл өзендердің кейбір жерлері 10—15 километр бойы тоқтам, лас суға айналып барады.

Соған қарамастан бұл облыстарда тазалау құрылыстары өте нашар салынып келеді. Халық шаруашылығы жоспары бойынша 1960 жылы 140, 1961 жылы 148 өнеркәсіп және тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарда тазалау құрылыстарын салу белгіленген болса, екі жыл ішінде соның 40-қы ғана іске қосылды. Тазалау құрылысына бөлінген қаржы жылма-жыл игерілмей қалуда. Мысалы, Семей Халық шаруашылығы советі 1957 жылдан бері осы мақсат үшін бөлінген күрделі қаржының 9, Гурьевте — 40, Шығыс Қазақстанда — 20, Ақтөбеде — 25 проценті ғана игерілді.

1961 жылғы декабрь айында Қазақ ССР Министрлер Советі су қоймаларының кәсіпорындарда пайдаланылған сумен ластануын жою шаралары туралы қаулы қабылдады. Қаулыда негізгі су көздерін тазалау және 140-тан астам өнеркәсіп және тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарда тазалау құрылыстары мен каналдар салу жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Соған орай көптеген кәсіпорындар мен мекемелердің коллективі өзендер мен су қоймаларын таза ұстау қозғалысын өрістетті. Мұны жұртшылық қызу қолдады. Көптеген аудандардың атқару комитеттерінің Советі жанынан тұрақты комиссиялар құрылды, су қоймаларын былғанудан және сарқылудан сақтау жөніндегі штаттан тыс инспекторлар тобы ұйымдастырылды. Бірқатар облыстық, ауданаралық газеттер редакциялары жанынан штаттан тыс «Су қоймаларын қорғау» бөлімдері құрылып, жұмыс істей бастады.

Семей, Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советтері өзендер мен су қоймаларын таза ұстау жөнінде бастама көтерді. Оны республиканың барлық халық шаруашылығы советтері қолдады. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты мен Қостанайдағы жасанды торқа зауыты Тобыл өзенін сақтау жөнінде социалистік міндеттеме қабылдады. Комбинат коллективі тазалау құрылыстары мен каналдар салу жұмысының барысын тексеріп тұратын бақылау топтарын ұйымдастырды; бұлар қоғамдық негізде жұмыс істейді.

Бірақ су көздерін сақтау қозғалысы барлық жерде бірдей өріс алып отырған жоқ. Мемлекеттік маңызы зор бұл істен, әсіресе Қазақ

халық шаруашылығы советі сырт қалып келеді. Ол Шығыс Қазақстан, Семей халық шаруашылығы советтерінің бастамасын қолдамақ түгіл, өзі ешқандай шара қолданбай отыр. Халық шаруашылығы советтерінде су қорын тиімді пайдалану және қорғау топтары әлі күнге дейін құрылмаған. Судың ластануына қарсы күрес жөнінде биыл июль айында Алматыда өткен республикалық ғылыми-техникалық кеңес мұны ерекше атап көрсетті. Бұл кеңес Қазақстандағы су көздерін сақтау жөнінде орын алып келген елеулі кемшіліктерді жедел де батыл жоюға бағытталған нақты шаралар белгіледі. Енді оны кідіртпей іске асыру—біздің қасиетті борышымыз.

Халық шаруашылығы советтері өнеркәсіп орындары пайдаланған судан түсті және сирек металдарды, өзге де химиялық элементтерді айырып алу мәселесін әлі күнге шешпей, суды қайта пайдалану мәселесіне жете көңіл бөлмей келеді.

Республика үкіметі суды қайта пайдалану мақсатына жылма-жыл едәуір қаржы бөледі. Бірақ қаржы қажетке нашар жаратылады. Соңғы екі жыл ішінде осыған бөлінген 6,68 миллион сомның 24 проценттейі ғана игерілген.

Үстіміздегі жылдың май айында республика Жоғарғы Советінің Президиумы «Қазақ ССР-інде табиғатты қорғау туралы» Указ шығарды. Указдың 4-статьясының «г» пунктінде «Пайдаланған суын ағызып жіберіп отыратын кәсіпорындарды, цехтар мен агрегаттарды осы суды тазартуды қамтамасыз ететін шараларды орындамайынша пайдалануға беруге тиым салынсын» делінген. Бұл—халық шаруашылығы советтері, өнеркәсіп орындары басшыларынан, партия, совет ұйымдарынан суды қорғау жөнінде жедел шаралар қолдануды талап етеді.

Су қоры, келешекте суды барынша толық пайдалану, ластанудан, сарқылудан қорғау жөнінде келтірген мысалдарымыз Қазақстанда халық шаруашылығының барлық саласын сумен толық қамтамасыз ету үшін аса зор мүмкіндіктер бар екенін көрсетеді. Әңгіме сол мүмкіндіктерді жете пайдалануда болып отыр.

Қолхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесінің артуы

О. ҚЕРІМБЕКОВ

Партиямыздың Программасында атап көрсетілгендей, елімізде коммунизм құрылысының кең өрістеуі аса зор мәдениет революциясының да шешуші кезеңге қадам басқанын білдіреді. Бұл кезеңнің ең басты мәселесінің бірі—барлық жұмысшы мен шаруаның мәдени-техникалық дәрежесін интеллигенция дәрежесіне жеткізу, қала мен деревня, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою. Өндіргіш күштердің дамуы: атап айтқанда техникалық прогресс, өндірістің ұйымдастырылуы, еңбекшілердің қоғамдық белсенділігінің артуы, өзін өзі басқарудың демократиялық негіздерінің дамуы, тұрмысты коммунистік жолмен қайта құру—мұның бәрі орасан зор дәрежеде халықтың мәдени жағынан өсуіне байланысты болды.

Капиталистік қоғамда еңбекшілер бұқарасының мәдени-техникалық дәрежесін жаппай көтеру мүмкін емес. Тек социалистік қоғамда ғана, адамның адамды қанауы толық жойылған қоғамда ғана еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін арттыруға нақты жағдай жасалды. Совет адамдары қанау мен езгі дегенді білмейді, олар өз қоғамы үшін, өзінің игілігі үшін еңбек етеді.

Совет өкіметінің алғашқы күндерінің өзінде-ақ данышпан Ленин былай деген болатын: «Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен—ағарту ісі мен дамудан мақұрұм қалдыру үшін жасайтын еді. Ал енді техниканың барлық кереметі, мәдениеттің барлық табысы жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналығы ешуақытта да зорлық құралына, қанау құралына айналмайтын болады» (Шығармалар, 26-том, 480-бет).

В. И. Лениннің айтқаны келді. Советтік құрылыс халықтың ғылым, техника, өнер қазынасын игеруіне тарихта тұңғыш рет кең жол ашып берді.

Біздің бүгінгі ауыл-селомызды бұрынғы надандық пен қараңғылық жайлаған қасіретті мекендерге ешбір теңестіруге болмайды. Қолхозшы шаруалардың білім дәрежесі жылдан-жылға өсіп келеді. Ауыл-селода жоғары білімді, орта және жетіжылдық білімі бар адамдардың саны бірнеше есе артты. Қазір колхозшылардың 23 проценттен астамының орта және жоғары білімі бар.

Қолхоз деревняларында кәзір 100 мыңнан астам кітапхана, 115 мыңдай клуб, 85 мыңға тарта кинокондырғы, ондаған мың аурухана, бала бақшасы, ясли, басқа да мәдени-тұрмыс орындары жұмыс істейді.

Ал капиталистік дүниеде жағдай мүлде басқаша. Бұларда мәдени байлықтың қызығын үстем тап көреді. Еңбекші бұқараның бұған қолы жетпейді. Тіпті ең алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің өзінде еңбекші халықтың едәуір бөлегі сауатсыз. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында 8 миллион сауатсыз адам бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша Африкада тұратын халықтардың 80—

85 проценті, ал оның кейбір аудандарындағы халықтардың 90 проценті сауатсыз.

Партияның жаңа Программасында: «колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі» делінген. Колхоз шаруалар үшін әлеуметтік, қоғамдық, өндірістік мектеп болумен бірге олардың мәдени-техникалық дәрежесін көтере беру үшін де үлкен мектеп. Жаңа техниканы тиімді пайдалану, ғылымның табыстарын қолдана білу, еңбек өнімділігін арттыра беру—ауыл-село еңбекшілеріне, ең алдымен, олардың мәдени-техникалық дәрежесіне тікелей байланысты. Ауыл шаруашылығы озаттары мен жаңашылдарының жаңа техниканы меңгеру, жалпы және арнаулы білімін арттыру, сондай-ақ өндірістік мамандығын барынша жетілдіру арқылы ғана жоғары көрсеткіштерге ие болып отырғаны белгілі.

Еңбек өнімділігін арттыруда, ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіруде механизаторлар басты роль атқарады. Отандық техниканы жете меңгеріп, шебер пайдаланып келе жатқан механизаторлар республикамызда аз емес. Михаил Довжик, Қазыбек Жапаров сынды озат механизаторлар өздерінің арнаулы және агротехникалық білімін жетілдіру арқылы тамаша табыстарға жетуде. Шымкент облысы, Ильич ауданының «Заря коммунизма» колхозындағы Николай Ли жолдас басқаратын бригада өткен жылы 208 гектар макта егісінің әр гектарынан 50 центнерден өнім жинады, яғни бригаданың әрбір мүшесі елу тоннадан «ақ алтын» өндірді. Бригада мүшелері мұндай табысқа жұмысты барынша толық механикаландыру арқылы жетті.

Ауыл шаруашылығында озат техниканы кеңінен қолдану — еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің негізгі шарттарының бірі. Ал колхоз құрылысы — миллиондаған совет шаруаларына ауылшаруашылық техникасының барлық түрін пайдалануға жағдай туғызып отыр. Кәзір еліміздің колхоздарында жүздеген мың трактор, комбайн, жүк автомобилі бар. Колхоздардың дені электрлендірілді. Ал электр қуаты ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыруға кең мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің арасындағы орта және жоқозшының еңбегі фабрика мен заводтағы маман жұмысшының еңбегіне жақындай түсуде. Колхоздарда пар мен зябь жырту жұмыстары 99 процент, дәнді дақылдарды, жүгеріні, мақтаны, қант қызылшасын егу 96—98, егін жинау — 89, қант қызылшасын қазу — 84 процент механикаландырылған.

Ауыл шаруашылығын жаппай механикаландыру нәтижесінде колғары білімі бар адамдар негізінен индустриялық сыпаттағы еңбекпен шұғылданады. Мәселен, елімізде әрбір мың малшыға 146 орта білімді адамнан келсе, ал тракторшыға — 336, комбайншыға — 391, өзге ауылшаруашылық машиналарында жұмыс істейтіндерге — 396 адамнан келеді.

Партия мен үкіметтің қаулы-қарарларына сәйкес машина-трактор станцияларының қайта құрылып, техниканың колхоздарға берілуі колхозшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтере түсуге едәуір жәрдемдесті. Тракторшы, комбайншы, шофер, механик, слесарь, токарь, электрші мамандықтарын меңгерген колхозшылар кәзір көп. Механизаторлар ауыл-селода негізгі тұлға болып отыр. Өткен жылы еліміздің колхоздары мен совхоздарында 2 миллион 589 мың тракторшы, комбайншы, шофер, жүздеген мың электрші, автомеханик жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылығын техникамен жарактандыру көлемі барған сайын ұлғайып, егіс көлемінің құрылымы өзгеріп, еңбекті ұйымдастырудың озат әдістері қолданылып отырған жағдайда село механизаторларының техникалық біліммен қатар агрономиялық білімді меңгеруі,

еңбектің жоғары мәдениетіне жетуі көзделіп отыр. Тракторшы-машинистермен қабат мал фермаларының және сазды-шалшықты жерді құрғату, жер суландыру жұмыстарының механизаторлары, ауыл-селоны электрлендіру, бүкіл ауылшаруашылық техникасын жөндейтін — слесарьлар, басқа да мамандықтағы қызметкерлер барған сайын көп даярланбақ.

Елімізде халыққа білім беру жүйесінің қайта құрылуы еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтере беруге, мектепті өмірмен байланыстыру жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуы оқушыларды өндіріске жақындатуға қолайлы жағдай жасады. Алдыңғы қатарлы мектептер кәзірдің өзінде оқуды өнімді еңбекпен ұштастыра жүргізіп отыр. Мектептердің бәрінде дерлік оқушылардың өндірістік бригадасы ұйымдастырылды. Кәзір республикадағы оқушылардың 3864 бригадасы мен звеносында 127 мың шәкірт бар. Мектептердің жанынан тәжірибе шаруашылығы құрылған; бұларда оқушылар механизатор мамандығын меңгеруде.

Мындаған механизатор егінші, сауыншы, бақташы кешкі және сырттан оқытатын мектептерде, ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын арнаулы оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқып, өздерінің жалпы білімі мен мамандығын арттыруда. Мысалы, 1955—1956 оқу жылында жастардың ауыл-селолық мектептерінде 345 400 адам оқыған болса, 1960—1961 оқу жылында олардың саны 517 500-ге жетті. Бұған қоса көптеген жастар сырттан оқып жүр.


Қолхоздарда жоғары және орта білімді ауыл шаруашылығы мамандығы бар адамдардың саны көбейіп келеді. Мұның өзі совет шаруаларының мәдениеті өскенін көрсетеді. Егер 1955 жылы қолхоздарда 36 мың маман жұмыс істеген болса, 1961 жылдың басында олардың саны 197 мыңға жетті. Тек Қазақстанда өткен жылы 8 500 жоғары, 24 400 орта білімді ауыл шаруашылығы мамандары жұмыс істеді. Партияның Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің 1962 жылғы 12 апрельдегі «Қолхоз бен совхоз өндірісін өркендетуде агрономдардың, зоотехниктердің және ауыл шаруашылығының басқа да мамандарының ролін арттыру туралы» қаулысында ауыл шаруашылығының мамандарын колхоз өндірісінде тұрақтандыру жөнінде нақты шаралар белгіленді. Бұл шаралар кәзір ойдағыдай жүзеге асырылып келеді.

Қолхоз председателдерінің де мамандық құрамы анағұрлым көп жақсарды. Мәселен, 1953 жылы колхоз председателдерінің 18 процентінің ғана жоғары және арнаулы білімі болса, 1961 жылы олардың саны 58 проценттен асып түсті.

Ауыл шаруашылығы мамандарының едәуір бөлігі егіс бригадирі, бөлімше, ферма меңгерушісі болып істейді. Біздің республикада соңғы жылдарда колхоз председателдігіне, ферма және бөлімше меңгерушілігіне, бригадирлікке 2 мыңнан астам ауыл шаруашылығының маманы жіберілді.

Мамандарды даярлауға колхоздар да белсене катысуда. Көптеген ауылшаруашылық артельдері өндіріс озаттарын оқуға жіберіп, оларға өз есебінен стипендия беріп отыр. Тек 1960—61 оқу жылында Алматының малдәрігерлік және ауылшаруашылық институттарына колхоздар мен совхоздардың жолдамасымен 271 адам оқуға түсті. Олар оқуды бітірген соң өз колхоздарына жұмыс істеуге барады.

Қолхозшылардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыруға ауыл-селода жұмыс істеп жүрген интеллигенттер де бірсыпыра көмек көрсетіп жүр. Олар сабақтан бос кезінде колхоз жастарын жоғары оқу орындарына түсуге әзірлеп, түрлі тақырыпқа лекциялар оқиды. Ауыл шаруашылығында тікелей жұмыс істейтін мамандар — инженер-



механиктер, зоотехниктер, агрономдар, мал дәрігерлері, экономистер санының өсуі колхозшылардың ішінен іскер кадр даярлауға жағдай жасап отыр. Мысалы, Семей облысы, Новошұльба ауданының Ленин атындағы колхозы кадрды өзі даярлайды. Мұнда механизаторлардың тұрақты мектебі бар. Бұл мектепте инженерлер мен агрономдар, зоотехниктер сабақ береді.

Кәзір еңбекшілер озат тәжірибе мектептерінде де, түрлі курстар мен үйірмелерде де, конференциялар мен семинарларда өз мамандығын жетілдіреді. Биылғы егіс жұмыстары басталғанға дейінгі бірнеше айдың ішінде Қазақстанда озат тәжірибе мектептері мен семинарларда 150 мыңнан астам колхозшы, совхоз жұмысшысы, ауыл шаруашылығының маманы, партия, совет қызметкерлері әзірліктен өтті.

Ауыл шаруашылығына ғылым жетістіктері мен озат тәжірибенің енгізілуі нәтижесінде еңбекшілердің мамандығы артып, жоғары көрсеткішке жетуіне жағдай жасалуда. Партияның Орталық Комитеті март Пленумында бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Пленум қаулысын орындау мақсатымен республикада бұрынғыға қоса ондаған үлгі-тірек шаруашылықтары ұйымдастырылды. Бұлардың саны кәзір 200-ге жетіп қалды. Шаруашылықтарда ғылыми-техникалық Совет жұмыс істейді. Советтер еңбектің озат әдістерін өндіріске енгізуді жоспарлап, олардың іске асырылуын қадағалап отырады.

Елімізде халық университеттері көптеп ашылуда. Село еңбеккерлері университет сабағына үзбей қатысып, өздерінің білімін толықтыруда. Республикамыздың селоларында 174 мәдениет университеті, 66 мәдениет мектебі жұмыс істейді. Оларға 27 мыңнан астам тыңдаушы қатынасады. Мәдениет университеттері аудан, колхоз орталықтарымен қатар, шалғайдағы кейбір мал жайылымында да ұйымдастырылған. Мысалы, Алматы облысы, Панфилов ауданының жайлауында шопандардың мәдениет университеті жұмыс істейді. Мұнда жүзден аса шопан оқып жүр.

Селодағы кітапхана оқушылары, өнерпаздар үйірмесіне қатысушылар санының көбеюі, колхозшылардың тұрмысына радио мен телевизияның, физкультура мен спорттың берік енуі, баспасөзді үзбей оқу, мұның бәрі еңбекшілердің рухани тілегі барған сайын өсіп келе жатқанын көрсетеді. Соңғы жылдары ауыл-селода онжылдық мектепті бітірген жастардың қатары көбеюде.

Жастардың шаруашылықтағы, өнердегі өскелең талап-тілегін, өнерпаздық шыңына сермеген алғыр талабын жергілікті партия, совет ұйымдары ұдайы қолдап отырады. Алматы облысы, Ұйғыр ауданының «Әмгек» колхозында өнерпаздар коллективінің құрамында 70-тен астам адам бар. Мұнда мәдениет үйі салынған. Фермаларды, бригадаларды, алыстағы мал жайылымдарын, басқа көршілес колхоздарды аралап қайтуға колхоз өнерпаздарына арнаулы автомашина бөлінген. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің коллегиясы «Әмгек» колхозы жанындағы көркем өнерпаздар коллективіне халықтың ән-би ансамблі деген құрметті атақ берді. Сондай-ақ Алматы облысы, Талдықорған ауданы, Партияның XXII съезі атындағы ауылшаруашылық артелінің, Жамбыл облысы, Мерке ауданының Жамбыл атындағы колхозының өнерпаздар коллективі халық театры деген атаққа ие болды.

Партияның Программасында атап көрсетілгендей, колхоз деревнялары мен селолары бірте-бірте жайлы жақсы тұрғын үйлері, коммуналдық қызмет көрсету орындары, тұрмыстық кәсіпорындары, мәдени және дәрігерлік мекемелері бар қала тұрғылас іріленген елді пункттерге айналады. Кәзір елімізде кішігірім қала сияқты колхоздар аз емес. Оған мысал ретінде Шымкент облысы, Ильич ауданы, «Заря коммунизма» колхозын алуға болады. Көше-көше бойында кәдімгі қала тәртібімен салынған, біркелкі еңсесі биік әсем үйлер, жа-

сыл желекті жайқалған ағаш. Артельдің мәдениет сарайында 450 орындық көру залы, түрлі үйірмелер сабағын өткізетін бөлмелер бар. 25 мың сомдық кітап қоры бар кітапхана да сонда. Кітапхананың оқу залында 30—35 адамның бір мезгілде кітап, газет оқуына болады. Музыкамен, бимен, суретпен, кестемен әуестенушілер, хорға қатысушылар, дейбы, шахмат ойнаушылар, спортпен шұғылданушылар да осында. Колхозда радио торабы бар. 800 үй радиоландырылған, село толық электрлендірілген. Мұнда бір орта, бір жетіжылдық мектеп, екі жазғы клуб, стадион, қонақ үйі, екі балалар бақшасы мен ясли, аурухана, әр бригада сайын жақсы жабдықталған стандартты егіс қосы бар. Колхоз үйлеріне су құбырлары да тартылып жатыр. Екі монша, байланыс бөлімі, жинақ кассасы, бірнеше дүкен жұмыс істейді. Республикада мұндай колхоздар көптеп кездеседі.

Соңғы екі жылда Жамбыл облысы, Қордай ауданы еңбекшілерінің бастамасы бойынша республикамызда 995 клуб және мәдениет үйі, 432 кітапхана, 707 қызыл мүйіс, 60 қызыл отау, 475 мәдени қосы, 29 кинотеатр, 118 мәдениет және демалыс паркі салынды. Ал Қордай ауданының еңбекшілері мәдени құрылыстар салу жөнінен өздерінің үш жылдық жоспарын орындады.

Колхозшылар еліміздің саяси өміріне советтердің, халық соттарының, басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып келеді. Мұның өзі олардың сана-сезімін көтеріп, Отан, халық алдындағы жауапкершілігін арттыра түсуде. Елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістеуі колхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесін бұдан былай да арттыра түсуді талап етеді. Сонымен қатар бұл— ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жоюдың алғы шарттарының ең бастысы. Еліміздегі халықтың 31,4 проценті болып отырған колхозшы шаруалардың көпшілігі өздерінің жалпы және арнаулы білімі жөнінен инженер, агроном, зоотехник сияқты мамандардан, тіпті қала жұмысшыларының кәсіби даярлығынан едәуір төмен дәрежеде. Ауыл-селоларда қала халқына қарағанда жоғары және арнаулы білімі барлардың саны әлдеқайда аз. Бірақ бұл айырмашылықтар жылдан жылға жойылып барады. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында атап көрсеткендей «техникалық прогресс, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің көтерілуі негізінде ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылық жойылып барады. Озат техникамен, біліммен қаруланған жұмысшы мен колхозшының еңбегінде дене еңбегінің де, ой еңбегінің де элементтері ұштасады».

Ауыл шаруашылығында еңбектің мазмұны өзгеріп келеді, өйткені қол еңбегі барған сайын механикаландырылған еңбекке айналып, ауыл-село еңбеккерлерінен арнаулы білімді, мәдени-техникалық жағынан сауатты болуды талап етуде. Кәзірдің өзінде көптеген колхоз озаты мен жаңашылының еңбегі творчестволық еңбекке айналып, ой еңбегінің элементтерімен тығыз ұштасуда. Алдыңғы қатарлы ауыл-шаруашылық артельдерінде сауыншы, бақташы болып жұмыс істейтін адамдар, басқа да мамандықтағы колхозшылар еңбекте механизмді кенінен пайдаланумен бірге, еңбекті ұйымдастырудың ғылыми тәсілдерін іс жүзінде қолдануда. Бұған коммунистік еңбек озаттарының үлгісі дәлел бола алады.

Колхозшы шаруалардың мәдени-техникалық дәрежесінің көтеріле беруі ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жоюға, сөйтіп әлеуметтік зор жеңіске жеткізеді.

Сыр бойының саңлақтары

Ұ. БАҒАЕВ

Далакөл!

«Даласы дала-ақ болсын, ал көлі қайда?»—деп ойлайтын кішірек кезінде Қатира. Ержеткен шағында да ол үлкендерден пікір тартатын. Бәрібір, бұл өңірде бұрын-соңды су шалқып, ақ түйенің қарны жарылғанын ешкім де айтып бере алмайтын.

Далакөл! Қатира осы Далакөлге қанаттас жатқан Шаған деген жерде өзінің еңбек жолын бастады. Екінші болды, мал өсірді. Отан соғысының қиын-қыстау кезінде жана мамандық—тракторшы мамандығын меңгерді. Одан соң комбайн жүргізді. Беріректе бес жыл бойы колхозды басқарды. Бұдан соң ферма меңгерушісі. Соңғы үш-төрт жылдан бері қайтадан бастапқы егіншілік кәсібіне оралды!

Қысқасы, бұл маңда Қатираның табаны тимеген жер кемде-кем. Қаншама еңбек етіп, қаншама шиырласа да Далакөлдің дәл кәзіргідей кемеліне келгенін ол естіген де, көрген де емес.

Енді ше! Далакөлдің реңі өзгерді, шын мәнінде даладағы көлге айналды. Күрішті алап атанды. Далакөл тыңында жана күріш фабрикасы пайда болды: «Теренөзек» атты совхоз ұйымдасты.

Дарияға нокта салынды. Онын суы дала «денесін» қан тамырындай шарлады: жан бітірді, нәр берді. Далакөл суға бөкті. Дән дариясына ұласты.

Бүгінде коммунист Қатира Мұканова бұл даланың нағыз иесі тәрізді. Әне таңмен бірге орнынан көтерілген ол белін буып, білегін сыбанып күріш плантациясына келіп, төнірекке көз жіберіп тұр.

Атыз жиегінде өскен ну қамыстан төбесі бірде көрініп, бірде жасырынып біреу келеді. Оны Қатира сонадайдан таныды: бригадир Цой Ги Хван. «Елпен қағып, шапқылап-ақ жүргені. Тынымсыз жан. Омырауына Алтын Жұлдыз қадағаны да осындай ерінбестігінен, еңбек сүйгіштігінен болар-ау» деп ойлады ол солай қарай ұмсына түсіп.

Енді бірде көк жиектен қызара көтеріліп келе жатқан алтын күнге назары ауды. Аспан шар айна секілді меңсіз тұнық. Жаңбыр жаумағалы талай уақыт өтсе де жауын шақырар тоқымдай бұлт жоқ. Жер кебір. Үп етіп жел соқса, шап түтіндеп, тұтап кете жаздайды. Қылт еткен көктің тағдыры бір тамшы судың қолында қалғандай.

«Еһ, қасиетті су, алтыннан да қымбатсың—ау. Сонда да барында бағаңа жетпес, жоқ болсаң, іздеп таппас кезіміз аз ба!..»

Ол ойын сейілте бергенде иегінің астындағы шоқ қамыстан бригадир шыға келді. Жарқылдай сәлемдесіп жатыр.

— Қайырлы таң, Қатира жинарың көп болсын!

— Рахмет. Лайым солай болғай, — деп Қатира да жымияды.

— Сақ сөйлеген жақсы. Бірақ дәл мынадай плантациядан алданамын дей көрмеші. — Бригадир алдындағы айдыңға бұрылды; еңбегінің жемісіне берілген бұл бағаға қанағаттана тұра Қатира бригадирден сыр тарту ниетімен;

— Сіздің болжамыңызға қосылмауға хақымыз жоқ, — деп еді. Цой судағы шортандай шоршып кетті.

— Неге? Менің аяғым аспаннан салбырап түсіп пе? О не дегеніңіз?

Қатира Цой Ги Хванның шын пейілден торсандап, бұртиып қалғанына таңдана қарады.

— Бәлі, үндемес бригадирімізден үйдей ашу шықпаса игі еді?

Ол өзінің кішіпейілдігіне басып бір сөз айтуға ыңғайлана бергенде Қатира тағы да бөлді:

— Жиырма-отыз жылдық тәжірибеніздің өзі қанша тұрады. Алтын Жұлдызды жолдан тауып алмаған болуыңыз керек?

Қатираның бұл пікірі Ги Хванның бұлтаруға шамасын келтірмеді. Әйткенмен көпті көрген тәжірибелі бригадир сыр білдірмей, біраз үнсіз келді де, ойын алыстан қайырып былай деді:

— Мақтауымды асырдың, Қатира. Ал мен ел игілігіне аянбай еткен еңбектің бәрі де ерлік еңбек деп түсінем.

Қатираның ойына өткен күзде Қазақстан Компартиясы XI съезінің трибунасында тұрып айтқан мынадай бір сөз оралды. Онда ол «Тереңөзек» совхозының коллективі 1962 жылы күріштің гектарынан отыз центнер өнім өсіру үшін күреседі, деген еді. Соны есіне түсіргендей:

— Тек бригада ғана емес, бүкіл совхозымызды алға сүйресек, сөйтіп межеге мүдірмей жетсек, тәжірибе де, ерлік те нағыз сонда ғой,— деді.

Екеуінің де көкейіндегі сөз.

Бұлар әңгімелесе-әңгімелесе атыздың биіктеу жеріне көтерілді.

Дала—дария секілді. Айнала төңірек—су. Су беті жасыл желең жамылған: егін теңіздей толқиды. Судағы егін. Дариядағы дән!

Плантацияның әр жерінде екі-үштен адам көрінеді. Олар белуардан су кешіп, күріштің арам шөбін отап жүрген егіншілер. Шынайы ерлер осылар! Солардың бірі коммунист Қатира Мұқанова.

Бригадир жүзі күнге тотыққан осы бір аласа бойлы, қараторы әйелге ерекше ілтипатпен көз салды. Оған қараған сайын ала жаздай ыстық күннің аптабына төтеп, мол өнім үшін айқасқа түсетін, табиғаттың дүлей күшімен бетпе-бет белдесетін қарапайым еңбек адамдары көзіне елестеді.

Өзі де күрішші. Тіпті ес білгелі бұл дақылдан қол үзін көрген емес. Сол себепті де күріштің сезімтал екенін, мәпелеуді сүйетінін жақсы біледі.

Тоқсан күні Осыншама уақыт күріш суда тұрады: суда жетіледі, суда піседі. Суға да бап керек. Жас сәбидің жөргегін ауыстырғандай, оның суын да үнемі жаңалап, өзгертіп отыру қажет. Онсыз өнім жоқ. Ал мұндай ерекшелікті екінің бірі біле бермейді. Оған зейін керек, жігер керек. Ал мынау қазақ әйелі Қатира күріш өсірудің ұнғыл-шұңғылына дейін меңгерген! Соның өзінде де ол «мен бәрін игердім, бәрін білем» деп кеудесін көтермейді. Қайта «үйренейін», «үйретіңіз» деуге құмар Цой Ги Хван осы ойын сарапқа салғандай, сәл үнсіз тұрып қалып еді. Қатираның:

— Агроном келеді, Әділ келеді,— деген үні жалт қаратты.

Агроном Әділ Атақаев отыздар шамасындағы жас жігіт. Жас та болса өз ісіне мығым маман. Ол егіншілерді аралағанда бір жағынан агрономиялық ақыл-кеңестер берсе, екіншіден үгітшілік міндетін де қаражу қалдырмай, әртүрлі тақырыпта әңгіме айтып, қарқ қылып кететін.

«Тереңөзек»—совхозы аудандағы ең жас шаруашылық. Өткен жылы ғана құрылған. Негізгі бағыты—күріш егіп өсіру. Бұған қарап мал бақпауға, ет пен сүт өндіруге бола ма? Әрине, жоқ. Ендеше бұл салада не істеліп, не қоюы керек?

Осы мақсатпен шақырылған партия жиналысы көп жайды анықтады. Коммунистер мен активтер егістік жердің әрбір жүз гектарынан 75 центнерден, басқа жердің жүз гектарынан 16 центнерден ет өндіру жөніндегі тапсырманы таяудағы жылдары орындап шығуды көздеген ойлары мен нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Совхоз директоры Қазтай Әбуовтың баяндамасын талқылау үстінде не бір ізгі пікірлер туды. Коммунистер мәселенің қойылысын мейлінше дұрыс түсініп, ең әуелі егіншілікті кең арнаға шығару керек, осының негізінде ғана қоғамдық мал шаруашылығын өскелең талапқа сай дамытуға болады дегенді баса айтты.

Осы орайда шаруашылықтың бас агрономы Әділ Атақаев та күріш өсірудің түйінді жайларына жұрттың назарын аударып, әрбір бөлімшедегі жұмыстың барысына талдау жасаған.

— Суды бей-берекет пайдаланушылыққа тиым салуымыз қажет. Егінді баптау ісін Социалистік Еңбек Ері Цой Ги Хван басқаратын үшінші бригадағыдай, оның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі Қатира Мұқанова жолдастың звеносындағыдай ұйымдастыру керек,—деген болатын ол.

Кәзір, міне сынағалы отыр. «Жер қожасының жіті көзі нендей кемшілікті көре қойды? Мұлт басқан жеріміз бар ма?»

Осындай сұрақтар әркімнің ойын қытықтап отырғанда, —агроном орнынан тұрды да, ілкі алға шығып, бригадир мен звено бастығына атыздың төменгі етегін қолымен нұсқап көрсетті.

— Байқайсыздар ма, өсімдіктің балағы сарғая бастаған.

Өсімдік балағының мезгілсіз сарғаяуы күріш өніміне үлкен қауіп екенін бригадир де, звено бастығы да жақсы біледі.

Мұны олардың өздері де сезген еді. Бірақ алдын ала шара қолданып үлгірмегендеріне өкінді.

— Қамданбасаңыздар, асықпасаңыздар болмайды. Дереу тотияйып қолдану керек,—деп кеңес берді агроном.

Маман бұдан кейін шаруашылықтағы егіннің жалпы жайына аздап шолу жасады. Күріштің шығымы кәзір ойдағыдай. Әйткенмен барша егіншіні мазасыздандыратын бір жай бар. Ол—атыздардағы суды ауыстырып отыратын қашыртқылардың кемдігі.

Сондықтан да «су, су» деген бір сөзді кез келген адам жыр етіп шерткендей болады. Бұл жайында аудандық, облыстық мекемелер де біледі. Жалпақ жазда жайбарақат отырған су шаруашылығы мекемелерінің мамандары совхозға соңғы күндері топ-тобымен ағылып келіп жатқаны да содан.

Онай ма! Совхоздың бір өзі ғана бір мың алты жүз гектар күріш егеді. Егер жаңағыдай бөгде себептердің кесірінен егін шығымы алақол болса, совхозға да, мемлекетке де орны толмас залал емей не. Ендеше күріштің барлық көлемінен мол өнім өсіру—шаруашылық коллективінің абыройлы борышы.

Шаруашылықта еңкейген кәрі мен еңбектеген жасқа дейін тік көтеріліп, күріш қамын ойлайтын бұл шақта бөлімшелер мен бригадалар жетекшілеріне, звено мүшелеріне, өте-мөте мамандарға толас алу қайда! Жарғақ құлақтары жастыққа тимей, күндіз-түні сабылып-ақ жүргені. Мынау агрономның, бригадир мен звено бастығының таңмен жағаласып, уақытпен санаспай қос басында, күріш қасында болуының түп төркіні де осындай камкорлықтың айғағы.

— Өнімнің едәуір бөлегі комбайнмен жиналатын болды.

— Өсімдікті коректендіру самолетпен атқарылады.

— Өткен жылдан бері тұқымды да самолетпен себу тәжірибесі қолданыла бастады.

Мұның бәрі күріш өндіруді механикаландыру жолындағы алғашқы жалғыз аяқ соқпақ тәрізді. Бұл жолды бірте-бірте кеңейтіп, үлкейде тақтақ жолға ұластыру керек. Қатардағы егіншіден, ақ самай ғалымға дейін бұл іске ат салысуға тиіс.

Агроном осы ойларын ортаға сала келіп:

— Көп ұзамай белуардан су кешіп, арам шөп отаудан да құтыламыз,—дегенде, Қатираның звеносындағы мосқалдау әйел Оразкүл:

— Сонда бізге кім отап бермек, жаным-ау,—деп орнынан тұрып кетте жаздады. Бұған біраз кісілер езу тартты. Атақаев та жымыды.

— «Қанатты егіншілер» отайтын болады.

Мұндай атау бұларға түсінікті. Әсіресе күріш өсірумен айналысатындар жақсы біледі. Әңгіме самолет ұшқыштары жайында болып отыр. Сондықтан Оразкүл де, басқалар да қазбалап сұраған жоқ...

Аздан кейін көлге түскен аққудай тізіліп Қатира бастаған егіншілер атызда жүзіп бара жатты. Күннің аптап ыстығы төбеден инедей қадалып, тынысты тарылтады. Бірақ еңбек қимылында ешбір толастау жоқ.

Бір ғана Қатира басқарған звенода ғана емес, бұл тұста совхоздағы үш бөлімше, жеті бригада, елуден аса звено мүшелерінің қимылы да дәл осындай.

Коммунист Қатира Мұқанова бастаған күрішшілер кешке қарай қосқа беттегенде алдарынан қарт егінші Хен Си Дюн жолықты. Ол бүкіл өмірі үлгі адам. Отыз жылдан аса лениндік партияның қатарында. Селода оны «күріш академигі» деп атайды. Десе дегендей. Бір кезде ол жаңа сорт шығарған. Кәзірде де совхоз тәжірибе учаскесінің бастығы. Бірнеше сорттың шығымдылығын, пісу мерзімін, сабағының төзімділігін, басқа да ерекшеліктерін байқау үстінде.

Міне, ол жұмыстан қайтқан Қатираларды ұстап алып, өз учаскесінен бір-ақ шықты. Жалғыз тал арам шөбі жоқ плантация көздің жауын алады.

— Еңбек керек, қыздарым,—дейді ол өз ісінің нәтижесіне балаша қуанып. — Байлық та, бақыт та—еңбекте. Совет қырандарын космосқа шырқатқан да осы еңбек!

Мұны бәрі үнсіз құптап, қартты қаумалай түседі. Оның сәбидей күлімдеген жүзіне, балдай тәтті тіліне қызығады...

...Егін пісті. Күрішке орақ түсті!

Бұл хабар лезде-ақ ауылды аралады. Далакәлді шарлады. Енді қызыл қырман болады. Алтын дән—ақ күріш қоймаға толады.

Шабуылға шығар алдында командирдің бұйрығын еститін майдандағы жауынгерлер тәрізді, совхоздың звено бастықтары, бригадирлері мен бөлімше меңгерушілері, мамандар, механизаторлар бас қосты. Дирекция мен партия комитетінің біріккен мәжілісі өтіп жатыр. Күн тәртібінде—күрішті дер кезінде төкпей-шашпай жинап алу мәселесі.

— Алар шебіміз айқын. Әр гектардан жоспардағы жиырма центнер орнына отыз центнерден өнім жинау—партия мен үкіметтің шақыруына іспен жауап беру деген сөз. Үлкен асу алдында отырмыз, жолдастар,—деп аяқтады директор Қазтай Әбуов қорытынды сөзін.

Орнына отыра бергенде Қатираның көз қиығы Қазтайға түсіп еді. Жас та болса, ауыр жүк арқалап жүрген білікті жетекшінің стол басындағы мына бір тұлғасы ұшуға қанатын қомдаған қырандай боп көрінді. Айтса айтқандай. Ол облыстық, өлкелік партия комитеттерінің мүшесі. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі. Жоғары оқу орнын бітірген жігерлі жас көп салалы шаруашылық коллективін мүдірмей алға бастап келеді.

Міне, ораққа бүкіл село көтерілді. Бүкіл аудан, облыс қол ұшын берді. Совхоздың Қатира Мұқанова бастаған бір топ күрішшісі плантацияға қарай беттеп барады. Жүздері жарқын, көңілдері сергек. Олардың арасында «күріш академигі» Хен Си Дюн, атақты звено бастықтары коммунистер Тоқшылық Шоланов пен Ли Син Ай, механизаторлар Махамбет Бейсенбаев, Садықов, Мәжит Досанов сияқты жүлделі жүйріктер бар. Бұлардың қатары ондап, жүздеп саналады. Міне, сыр саңлақтары осылайша ақ күріштен маржан үюде.

Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланысы

А. ТУҒАНБАЕВ

Советтік Қазақстан — Совет Одағының халықаралық беделін арттыруға лайықты үлес қосқан республиканың бірі. Ол, әсіресе халық шаруашылығын қалпына келтіріп, шет елдермен экономикалық қарым-қатынас орнатуды негізгі мақсат етіп қойған 20-шы жылдары аса көрнекті роль атқарды. Бұл жылдары совет мемлекеті шет елдерге негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын. Осыған байланысты совет экспортында Қазақстанның алатын орны ерекше болды. Өйткені ол мұндай өнімдердің қоймасының бірі еді. Мәселен, 1926—1927 жылдары Совет Одағының ішкі рыногына өткізілген мал шаруашылығы өнімдерінің 55,9 проценті және экспортқа өткізілген өнімдерінің 17,2 проценті Қазақстанның үлесіне тиді. Бірақ, ол кезде Қазақстан сыртқы сауда операцияларын негізінен Батыс Қытаймен (Синьцзянмен) және Батыс Еуропаның жеке елдерімен ғана жүргізетін.

Ал, 20-жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ еліміздің, соның ішінде Қазақстанның да халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудағы алғашқы табыстар Батыс Қытаймен сыртқы саудада Совет Одағының бірінші орынға шығуына мүмкіндік берді. Мысалы, 1929 жылы Синьцзянның сыртқы саудасының 80 проценті Совет Одағының үлесіне тиді. Мұнда Синьцзянмен 1 500 километр бойы шектесіп жатқан Қазақстан көрнекті орын алды. Атап айтқанда, кезінде көшпелі қазақ аулына өндіріс бұйымдарын өткізумен қатар, жаңа социалистік мәдениет пен тұрмыс салтын жаюдың алғашқы ошақтары болған республикамыздың өлкелік жәрменкелерінде де Синьцзянмен сауда-саттық жасалды. Мысалы, 1929 жылы Қоянды мен Қарқарада өткізілген жәрменкеде Қытай жағының өкілдерімен жасалған сауда мөлшері 2 700 мың сомға жетті. Оның үстіне Батыс Еуропаның кейбір елдеріне 1924—1928 жылдары ішінде шығарылған Қазақстан экспортының көлемі 2,7 есе артты.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру кезінде бүкіл еліміздің, соның ішінде Қазақстанның барлық байлығын сарқа пайдалану талап етілді. Бұл мақсатты ойдағыдай іске асыруда экспорттың маңызы зор болды.

Алғашқы кезде Қазақстанның экспортқа өнім шығару мүмкіншіліктерін зерттеп, оны игеру ісінде Бүкілодақтық ұйымдардың бірі—«Утилизаторская» елеулі орын алды. Айналасы екі-үш жылдың ішінде осы ұйым арқылы бұрын кәдеге жаратылмай келген шикізаттар экспортқа шығарылып, одан миллиондаған сом кіріс алынды.

Дегенмен, сыртқы сауда саласындағы кейбір Бүкілодақтық ұйымдар ол кезде республикамыздың экспорттық мүмкіншілігін жете бағалай алмады. Сондықтан да Қазақ АССР-ның үкіметі 1931 жылғы февральда Совет Одағы үкіметіне республиканың экспорттық мүмкіншіліктерін жете пайдалануды көздейтін ұсыныстар енгізді. Сонымен бірге мұндағы Бүкілодақтық ұйымдардың жүйесін кеңейту және олардың жұмыстарын анағұрлым жақсарту жөнінде мәселе қойды. Бұл ұсыныстардың бәрі де қабылданып, іле-шала нақты шаралар белгіленді. Қа-

зақстан үкіметінің бірсыпыра ұсыныстары СССР Халық Комиссарлар Советінің 1931 жылғы 12 сентябрьдегі қаулысы бойынша бекітілген экспорт жөніндегі кеңесте де ескерілді.

Бұдан соң Қазақстан өлкелік партия комитеті мен үкіметі Совет үкіметінің осы қаулысын орындау, ол үшін экспортқа шығарылатын товарлардың түр-түрін молайтып, оның сапасын арттыру, бұл мәселеге бүкіл республика жұртшылығының назарын аудару жөнінде едәуір ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың алғашқы жартысында республика бойынша белгіленген экспорттың жыл сайынғы жоспары үнемі артығымен орындалып отырды. Бұл жайында Синьцзянмен (Батыс Қытаймен) сауда-саттық жасайтын Бүкілодақтық экспорт-импорт ұйымы—«Совсиньторгтың» атқарған ролі зор. Осы тұста Синьцзянмен екі арада сыртқы сауда мәселесі бұрынғыдан әлдеқайда күшейе түсті. Соның нәтижесінде «Совсиньторгтың» қазақ өлкелік конторының құрамында «Қазэкспорт» деп аталатын дербес сектор құрылды. Бұл мекеменің негізгі міндеті республика кәсіпорындарында Синьцзян рыногында өтімді жергілікті товарларды көптеп өндіріп, оларды экспортқа шығару еді. Қазэкспорттың жемісті ісі 1934 жылдың өзінде-ақ байқалды. Мәселен, сол жылы Қазэкспорттың шет елдерге шығарған товарларының түрі 30-дан асты да, экспорт жоспары 104,9 процент орындалды. Атап айтатын бір жағдай, ол кездегі халық шаруашылығының дәрежесіне сай 1934 жылы экспортқа шығарылған товарлардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімдері, қымбат бағалы аң терілері болды да, қалғаны кен және өнеркәсіптің басқа да салаларының өнімдері еді.

«Қазэкспорт» республиканың жергілікті өнеркәсіп салаларын дамытуда елеулі роль атқарды. Біріншіден, экспортқа шығарылатын товарларды Совет Одағының орталық аудандарынан тасығаннан гөрі, біздің республикадан тасу әлдеқайда жеңіл болды. Екіншіден, Синьцзян рыногының еліміздің орталық қоры есебінен қамтамасыз етілмеген қажетін Қазақстандағы жергілікті товарлардың есебінен өтеуге мүмкіндік берді. Үшіншіден, бұл ұйымның құрылуы республикамыздың өндіргіш күшін, ең алдымен Синьцзян рыногына товар өндіруге кірісе бастаған жергілікті өнеркәсіптің өркендетілуіне себепкер болса, әрі бұрын орын алған, бірақта азамат соғысы жылдарында тоқтап қалған Қазақстан мен Синьцзян арасындағы сауда қатынастарын қайтадан қалпына келтірді.

«Қазэкспорттың» құрылып, республикамыздың Батыс Қытаймен сыртқы сауда қатынасын жасауы, әсіресе шекаралық аудандарда өткізілген жәрменкелерге қатысуы Орта Азиядағы туысқан республикаларға да өнеге болды. Атап айтқанда, бұл жылдары Синьцзянмен сауда жасасуға Өзбек ССР-нің сауда ұйымдары да белсене қатыса бастады. Мысалы, 1935 жылы Хоргос жәрменкесінде Өзбекстанның сауда ұйымдары Синьцзян сауда өкілдеріне 4 885 сомның (алтын есебімен) заттарын өткізді.

Совет үкіметі Қазақстан экспортының дамуына үнемі көңіл бөліп отырды. Мысалы, РСФСР Халық Комиссарлар Советі 1934 жылы «аудандық экспорттық кеңестеріне жауапты хатшылар орының енгізу туралы» қаулы қабылдап, осыған сәйкес республикамыздың экспортқа түрлі товарлар өндіретін 48 ауданында арнаулы қызметкер тағайындалды. Бұл республикамыздың сыртқы экономикалық байланысын күшейте түсуге әсерлі ықпал жасады.

1935—1936 жылдары Қазэкспорт шет елдерге және шекаралық аудандардағы жәрменкелерде (Бақты, Сүмбе, Чаған-Або, Хоргос) Алматы мен Семейдің, Қостанай мен Ақтөбенің және басқа қалалар мен аудандардың 30-дан астам өнеркәсіп орыны әртүрлі өнімдер сатты. Елімізде социализмнің жеңуі, осыған байланысты шаруашылық пен қо-

ғам өмірінде болған түбірлі өзгерістердің нәтижесінде 1936 жылы Совет Одағының жаңа Конституциясы қабылданды. Қазақстан автономиялы республикадан керегесі кең, терезесі тең социалистік республикаға айналды.

Советтік Қазақстан экономикасының алып адыммен дамуы — республикамызды Совет Одағының шығысындағы ірі экономикалық аудандардың біріне айналдырды. Мұның өзі еліміздің сыртқы саяси-экономикалық қатынастарында Қазақстанның көрнекті орын алуына мүмкіндік туғызды. Кәзір Қазақстанда мыңдаған өнеркәсіп орындары бар. Жаңа машиналармен, механизмдермен қаруланған бұларды революцияға дейін болған майдагер де қарапайым шеберханалармен ешбір салыстыруға болмайды.

Кәзіргі уақытта өнеркәсіп өнімдерін өндіру дәрежесі жағынан Қазақстан көптеген шет елдерден анағұрлым озып кетті. Бұл жайында Н. С. Хрущев жолдас Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде былай деді: «Бір кездерде мешеу өлке болған Қазақстан кәзір халықтың жан басына есептегенде өнеркәсіп өнімін Италиядағыдай мөлшерде өндіреді, ал, мысалы электр энергиясы халықтың жан басына есептегенде Қазақстанда Италиядағыдан көп және Жапониядағымен бірдей мөлшерде өндіріледі!». Егер бірінші бесжылдықта республикадағы электр станцияларының қуаты 24,5 мың киловатт, ал өндірген электр қуаты 66,5 миллион киловатт-сағат болған болса, ол 1960 жылы—10 512 миллион киловатт-сағатқа жетті. Бұл—бүкіл патшалық Россияда өндірілген электр қуатынан бес еседей артық.

Республикамыздың халық шаруашылығы, әсіресе соңғы жылдары ерекше дамыды. Тарихи жетіжылдықтың өткен үш жылында республика өнеркәсібінің жалпы өнімі жоспарда белгіленген 38,2 процент орнына 40,2 процент артты. Осы уақыттың ішінде өнеркәсіп жоспардан тыс миллиондаған сомның өнімін берді. Миллиондаған тонна темір, көмір, болат пен мұнай, минералдық тыңайтқыштар, тағы басқа бағалы заттар жоспардан тыс шығарылды. Кәзір Қазақстан бүкіл еліміздің өнеркәсібін түсті және қара металлургия өнімдерімен, көмір және мұнай өнеркәсібінің өнімдерімен қамтамасыз етуші ірі аудандардың біріне айналды. Қазақстан жан басына түсті металл өндіру жөнінен Америка мен басқа да бірсыпыра капиталистік елдерді басып озды.

Егер революциядан бұрын Қазақстан ине екеш инеге дейін Россияның орталық аудандарынан, қалаберді шетелдерден таситын болса, кәзір бізден шығарылатын өнімдер жер шарының түкпір-түкпіріне дейін тарап отыр. Отызыншы жылдары Қазақстан шетке, оның өзінде де көршілес елдерге ғана даяр киім мен галантерея, темекі мен кондитер тағамдарын, шарап өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының өнімдерін ғана шығарған болса, кәзіргі кезде негізінен машина жасау және кен өнеркәсібінің түрлі өнімдерін туысқан социалистік елдерге, азаттыққа таяуда ғана қолы жетіп, тәуелсіз даму жолына түскен Азия, Африка және Латын Америкасы елдері мен Батыстың дамыған капиталистік елдеріне дейін шығарады. Өткен жылы республикамыздың 59 кәсіпорны дүние жүзінің 45 еліне 280-ге жуық түрлі өнім шығарды. Оның ішінде Тың өлкелік халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары ауыл шаруашылық машиналарын, түрлі насостар, лабораториялық жабдықтар, тағы басқа да өнімдер жіберді.

Мысалы, Петропавлдың шағын литражды двигательдер зауытының түрлі өнімдері Қытай Халық Республикасына, Корей Халық-демократиялық Республикасына және Камбоджаға шығарылса, Көкшетау механикалық зауытының аспаптарын Польша мен Венгрияның, Үндістан мен Ауғанстанның, Вьетнам мен Уругвайдың және басқа да елдердің ғылыми лабораторияларынан көруге болады.

Бүкіл үнді халқының мақтанышы, үнді-совет достығының айқын белгісі болып отырған елдегі ең ірі Бхилаи металлургия комбинатының домна пештеріне керекті түрлі жабдықты: кокс батареяларын, сүзгіштерді және басқа да бағалы бөлшектерін Алматының машина жасаушылары шынайы достық ниетпен, тез де сапалы орындап берді.

Ақтөбе рентген заводының универсальды рентген аппараттары Будапеште болып өткен халықаралық жабдықтар көрмесінде үшінші дәрежелі қола медаль алды. Қазір бұл аппараттар дүние жүзінің 41 еліне, соның ішінде ержүрек Куба еліне жіберілуде. Американ континентіндегі азаттық алған тұңғыш ел—Кубада Гурьев мұнай өңдеу заводының, Петропавл изоляция материалы заводының өнімдері және Теміртаудың карбид кальциі де белгілі. Гурьев мұнай өңдеу заводы өнімінің сапасына ризалық білдіре отырып, Кубаның революциялық үкіметі бұл заводқа арнаулы силық тапсырды.

Шығыс Қазақстан мен Қарағанды халық шаруашылығы советтері кәсіпорындарының өнімдері 20-дан астам елге, соның ішінде Чехословакия мен Болгарияға, Швеция мен дербес даму жолына түсіп отырған Гвинеяға, даму дәрежесі жөнінде кезінде «дүние жүзінің мастерскойы» атанған Англияға және басқа да елдерге шығарылуда. Ол өнімдердің көпшілігі сапа жағынан өте жоғары бағаға ие болды. Мысалы, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты дүние жүзінің көптеген елдеріне түсті металл шығарушы ең ірі кәсіпорынның бірі болумен бірге, түсті металдарды өндірудің озат әдістерін үйретуші бейне бір халықаралық мектепке айналды. Бұған социалистік лагерь елдерінің түсті металл өндіру саласындағы мамандарының осы комбинатта болып, ондағы техникалық жаңалықтар мен өндірістің жаңа технологиясын тікелей үйренуі дәлел.

Қазақстанның социалистік ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының кейбір өнімдері де халықаралық аренада жоғары бағаға ие болып отыр. Әсіресе, шет елдерге шығарылатын қаракөл елтірілері өте жоғары бағаланылуда. Осының нәтижесінде Қазақстан халықаралық рынокте қаракөл елтірісін өткізу жөнінде бірінші орынға ие болды.

Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдеріне осындай асыл бұйымдары мен өнімдері арқылы әйгілі. Тек өткен жылы ғана Советтік Қазақстан халықаралық 24 көрме мен жәрменкеге қатысты. Озат өнеркәсіптің көптеген өнімдері Ауғанстан мен Индияның, Монғолия мен Марокконың, Түркия мен Швецияның, Сирия мен Герман Демократиялық республикасының және басқа да елдердің астаналары мен ірі қалаларының жұртшылығына таныстырылды. Біздің республика биыл да халықаралық 30 жәрменке мен көрмеге қатысады.

Республикамыз шет елдерге өз экономикасының өнімдерін шығарумен қатар едәуір тұтыну бұйымдары мен түрлі жабдықтарды, түсті және кара металлургияға, химия және жеңіл өнеркәсібі мен басқа да өнеркәсіп салаларына қажетті машина жабдықты шет елдерден алып отырады. Шет елден алынған жабдықтың негізінде республикамызда бірқатар маңызды кәсіпорындар, соның ішінде Шымкент цемент заводы пайдалануға берілді.

Мінеки, Отанымыздың Шығысындағы ең бай, әрі экономикасы күннен-күнге еселеп дамып, мәдениеті гүлдеп отырған республиканың бірі—Қазақстанның шетелдермен экономикалық байланысы, оның экспортта алатын маңызды орны осындай. Мұның өзі Совет Одағының халықаралық аренадағы жүргізіп отырған лениндік бейбітшілік саясатына қосылған елеулі үлес болып табылады.

Саяси қырағылық — совет азаматының қасиетті борышы

Ә. ШАЛАБАЕВ

Саяси қырағылық — әрбір азаматтың Отан алдындағы қасиетті борышы. Саяси қырағылықтың негізі социалистік Отанға, Коммунистік партияға, еліміздегі коммунистік құрылыс ісіне берілгендік болып табылады.

Империалистер Совет Одағына және басқа социалистік елдерге қарсы қастандық әрекеттерінен, агрессиялық жоспарларынан ешуақытта бас тартқан емес. Социалистік елдердің, біздің Отанның табыстары артқан сайын империалистік разведка тіміскілеу әрекеттерін күшейте түсуде, олар еліміздегі коммунистік құрылысқа кесір келтіру үшін түрлі амал-айлалар қолдануда.

Империалистер Совет Одағына және басқа социалистік елдерге қарсы соғысқа ашықтан-ашық әзірленуде. Олар соғыс әзірлігіне жыл сайын еселсіз көп қаржы жұмсайды. Міне, осындай жағдайда империалистік разведканың тіміскі әрекеттерін әшкерелеп, олардың тамырына балта шабу, соғыс өртін тұтандырушыларды әшкерелеуде совет халқының саяси қырағылығын арттыра берудің алатын орны ерекше зор.

Совет өкіметі орнағанның алғашқы күнінен бастап-ақ революциялық қырағылықтың тамаша үлгісін ұлы көсеміміз В. И. Лениннің өзі көрсетті. 1918 жылы 21 февральда В. И. Ленин Халық Комиссарлар Советінің өз қолымен жазған «Социалистік Отан хауіпте» деген декреті, тағы да бірнеше сөйлеген сөздері бұған айқын дәлел.

Советтердің Бүкілроссиялық ІХ съезінде сөйлеген сөзінде В. И. Ленин партияны, халықты қырағылықты күшейтуге, сонымен қатар капиталистік мемлекеттердің бізге қарсы әрекеттеріне әруақытта сақ болуға шақырды. Саясатымыздың басты шартының бірі, деді Ленин, барлық жұмысшы мен шаруа — сақтықта болып, біздер адамдармен, таптармен, өкіметтермен қоршауда екенімізді, олардың бізге қарсы дұшпандық істейтінін әрдайым есте ұстаулары қажет.

Мемлекеттік хауіпсіздік органдары, бүкіл совет адамдары ұлы көсеміміз Лениннің өсиеттерін бұлжытпай орындап келеді. Совет үкіметінің хауіпсіздік органдары совет адамдарының саяси қырағылығына, бүкіл халықтың қолдауына, көмегіне сүйенеді. Мысалы, империалистердің жалдамалы агенттерін — троцкийшілдерді, бухариншілдерді, зиянкестерді, буржуазияшыл ұлтшымдарды және басқа жауларды, шпиондарды, бүлдірушілерді әшкерелеуде қарапайым жұмысшылар, шаруалар, интеллигенттер мемлекеттік хауіпсіздік органдарына баға жетпес көмек көрсетті.

1918 жылы «Отан бостандығын қорғау одағы» деп аталған анти-советтік ұйым қатардағы қарапайым дәрігерлік сестраның жәрдемімен әшкереленіп, талқандалды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі бейбіт өмір жылдарында да, өткен сұрапыл Ұлы Отан соғысы жылдарында да совет халқының тамаша қырағылығы фашизмді, Отанымыздың басқа да жауларын талқандауға зор көмек көрсетті.

Саяси қырағылық кәзір де совет халқының дүние жүзінде бейбітшілік ісін қорғаудағы күшті құралы болып отыр. Совет Одағы даңқты Коммунист партиясының басшылығы арқасында аса қуатты социалистік державаға айналды. Экономика мен мәдениетті, ғылым мен техниканы дамытуда, совет халқының әл-ауқатын жақсартуда тамаша табыстарға жетті.

Совет адамдарының тапқырлығы, жарқын ойы мен қайрат-жігері адам баласының ғасырлар бойы арман еткен қиялын жүзеге асырды. Советтік Социалистік Республикалар Одағының азаматы, Лениндік партияның адал ұлы, Отанымыздың жалынды патриоты — майор Ю. А. Гагариннің дүние жүзіндегі тұңғыш космонавт-ұшқыш болып отырғанын әрбір совет азаматы мақтан етуде. Одан кейін жер шарын «Восток-2» кораблімен он жеті рет айналып ұшқан батыр Герман Титовтың даңқы да бүкіл әлемді тебіrentті. Ал үстіміздегі жылдың 11-12 августында «Восток-3» және «Восток-4» корабльдерімен ұшқан космонавтар майор Андриян Николаев пен подполковник Павел Поповичтің теңдесі жоқ сапары жер жүзінің халқын таң қалдырды емес пе?

«Николаев пен Попович жолдастардың ұлы ерлігі, — делінген КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және Совет Одағы Министрлер Советінің үндеуінде, — біздің Отанымыздың даңқын бұрынғыдан да арттырып, аса өркендеген совет экономикасының, озат совет ғылымы мен техникасының жетістіктерін, социалистік құрылыстың даусыз артықшылықтарын айқын көрсетіп берді».

Қосмоста осындай әлемді тебіrentкен ірі табысқа жетіп отырған кезде біздің дұшпандарымыздың іші күйіп мұны көре алмайтыны — ақиқат нәрсе. Біз қаншалық табысқа жетсек, соншалықты сақ, соншалықты қырағы болуға тиіспіз.

Совет халқының коммунистік құрылыста қол жеткен тарихи табыстары досымызды сүйсіндіріп, дұшпанымызды күйіндіруде. Біздің табыстар дүниежүзілік социалистік системаның бұдан былай да нығая беруіне ойдағыдай ықпал жасауда.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықтар арасында бейбітшілік пен достық орнату саясатын қажырлылықпен жүргізуде, Совет үкіметі қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста бейбіт қатар өмір сүру принциптерін негізге ала отырып, соғысты адамзат қоғамының өмірінен біржола аластау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуде. Осымен бірге Совет Одағы империалистік державалардың соғыс әзірліктерін жасап жатқанын ескермей, бейқам отыра алмайтыны табиғи нәрсе. Империалистік агрессорлардың тіміскі әрекеттері қандай бүркеншік жамылса да, олар қандай әдіс пен айла қолданса да оны қырағылықпен қадағалау — бүкіл совет халқының айбынды міндеті.

Америка Құрама Штаттары бастаған империалистік елдер жанталаса қарулануда. Осындай соғыс хаупі күшейіп отырған жағдайда әрбір совет азаматының саяси қырағылығы өзінің Отан алдындағы борышын адал орындағандық болып табылады.

Ядролық қарумен жанталаса құралданып жатқан американ империалистері біздің елге өзінің шпиондарын жіберу арқылы Отанымыздың экономикалық және әскери күш-қуаты жөнінде мәліметтер алуға, бүлдіру әрекеттерін жүргізуге жанталасады. Олар бұл жұмысқа қыруар қаржы жұмсауда. Империалистік разведка түрлі амал-айлалармен — алдау, қорқыту, сатып алу арқылы біздің ел ішінен өз қызметіне адам тартуға тырысады.

Капиталистік елдердің қай-қайсысы болса да шпиондық, тыңшылық жұмысынан қаржы аямайды. Олар бюджетінің басым көпшілігін соғыс әзірлігіне, қару-жараққа жұмсаса, разведка жұмысын одан кем қалдырып отырған жоқ. Мысалы, Герман федеративтік республи-

касының үкіметі 1951 жылдан 1961 жылға дейінгі мерзім ішінде Батыс Берлинде шпиондық жұмыс жүргізу үшін 17 миллиард марка қаражат жұмсаған. Бұл Батыстың нағыз арзанқолды «атом бомбасы» болып есептеледі. Жоғарыдағы қаржы батыс Германия мен шетел шпиондарының 90 жердегі орталығының, 100 ден астам милитаристік және рваншистік бірлестіктің, батыс германдық әртүрлі министрліктердің 50 мекемесінің шығындарына, толып жатқан полицей аппаратын ұстауға, соғыс құралдарын беретін 25 өнеркәсіп орынын салуға жұмсалған. Сайып келгенде, Герман Демократиялық Республикасына қарсы соғыс агрессиясын даярлауға жұмсалған.

Олар Батыс Берлинді құрғақ «қоқан лоққыдан» керек деген кезінде соғыстың нағыз жанып тұрған өртіне айналдыруға тырысады. Бұл жағдайды есте тұтпауға болмайды. Бұл—тек қана Герман Демократиялық Республикасына қарсы көрсеткен қыр емес, бүкіл социалистік лагерге қарсы арам ниеттің көрінісі.

Америка Құрама Штаттарында 1947 жылы құрылған ұлттық қауіпсіздік советі деп аталатын ұйым бар. Басқа елдерге қарсы жүргізілетін шпиондық жұмыстың барлығы осы ұйым арқылы іске асырылады. Бұл советтің председателі Американың президентінің өзі, ал вице-президент пен мемлекеттік секретарь, Отан қорғау министрі бұған мүше болып саналады.

Құрама Штаттарындағы информациялық агенттік те антикоммунистік жалған үгіт жүргізумен, социалистік елдерден шпиондық мәліметтер жинаумен шұғылданады. «Америка үні» деп аталатын суайт радио орталығы солардың қарамағында. Бұл агенттік шет елдердің 10 мыңнан астам газеті мен журналына хабар, мәлімет береді.

Совет елінде ғылым мен техника табысы жетіле түскен сайын, соның құпия сырларын білуге жан таласып, империалистер тобы аласұруда. Совет ғалымдары мен инженерлері тұңғыш жер серігін ұшырған кезде Американың орталық разведка басқармасының қатты әбігерленгені мәлім. Осыған байланысты олар өз тыңшылары мен шпиондарын біздің елге көптеп жіберуге әрекет жасағаны белгілі. Мұндай әрекеттерден империалистер ешуақытта бас тартпайды. Сондықтан әрбір совет адамы қырағылық ісіне ерекше мән беріп, жаудың арам ниетінің іске аспауына барлық назарды аударуы керек.

Мекемеде болсын, көпшілік орындарда болсын құпиялықты қатаң сақтау қажет. Жариялануға болмайтын кейбір мәліметтерді кез келген жерде ашықауыздықпен айтып жүру, немесе қажеті жоқ жерде мысалға келтіру дұшпанға сыр айтумен бірдей. Тыңшылық жасайтын жау элементтер, әсіресе мемлекеттік мекемелерде істейтін мылжындар мен ашықауыздарды аңиды. Мұндай ашықауыздардың қауіпті дұшпан болмағанымен, өзінің мылжындығы, бейқамдығы, мақтаншақтығы арқылы жауға мәлімет беріп қоюы ықтимал. Сондықтан партия, совет органдары мылжындыққа, бос сөзге үйірлікке жол бермей, ашықауыздыққа қарсы батыл күрес жүргізіп отыруға тиіс. Абайсызда айтылған бір цифрдың өзінен жау үшін керекті мәлімет табылуы мүмкін.

Біздің қоғамда әлі де болса ескіліктің қарғыс атқан қалдықтары—маскүнемдік, тұрмыстан азғандық фактілері кездесіп отырады. Бұл пәлеге ұшыраған адамдарды жау разведчиктері де көп аңиды. Ондайларды өзінің арам ниет, зұлымдық істеріне пайдалану әдістерін қарастыруы ықтимал. Сондықтан жаудың әрекетіне жол бермеу үшін қырағылықты күшейте берумен бірге, совет адамдарының жаңағы сияқты осал мінезділері салдарынан жау торына түсіп кетпеуін де мұқият бақылап отырған жөн.

Шет ел разведкасы отан қорғау кәсіпорнына, конструктор бюросына, қарулы күш орындарына ерекше мән беріп, тіміскілейтіні өзінен өзі түсінікті. Осыған байланысты маңызды объектілерде ішкі, сыртқы

күзет мәселесі күшейтіліп, қызмет адамдарының келіп-кету тәртібі дұрыс ұйымдастырылуы керек. Кейбір мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда бейқамдық, салақтық салдарынан құпия документтерді сақтау тәртібінің бұзылуы, мөр, штамптардың, бланкілердің қалай болса солай ашық сақталуы, құпия документтермен таныстыру ережесінің бұзылуы сияқты фактілер кездеседі. Мұндай ашыққауыздық фактілерді дұшпандар сөзсіз пайдаланатынын ешуақытта естен шығарып, ұмытуға болмайды. Бұл мәселеде де қатаң тәртіп орнату өте-өте қажет.

Партиялық құпияны сақтау—әрбір партия мүшесі мен кандидатының қасиетті борышы. Амал қанша, кейде аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінде қаралып шешілген құпия мәселелер көпшілік арасына «ұзын құлақ» арқылы тарап жүретін қолайсыз жайлар да кездеседі. Әрине, бұған ашыққауыздық жасаған, бейқамдық істеген партия мүшелерінің өздері кінәлі. Партиялық және мемлекеттік құпияларды сақтауда, саяси қырағылықты жоғары сатыға көтеруде партия ұйымдарының ролі орасан зор. Олар барлық коммунисті КПСС XXII съезі қабылдаған партия Программасының талабына сай жұмыс істеп, бұқараны соны орындау рухында тәрбиелеуі керек. КПСС Программасында бұл жөнінде былай делінген: «—Бейбітшілікті бұзуға ұмтылып отырған агрессияшыл топтар жөнінде барынша қырағылықты сақтау, соғыс авантюраларын бастаушыларды дер кезінде әшкерелеп отыру, біздің социалистік Отанымыздың, бүкіл социалистік лагерьдің хауіпсіздігін және оларға ешкімнің қол сұқпауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдану».

Империалистік разведканың агенттері біздің елдің соғыс және стратегиялық объектілерін суретке түсіріп алуға және қолынан келсе бұлдіруге тырысады. Мұндайлардың талайы ұсталып, кезінде әшкереленіп те жүр. Совет адамдарының қырағылығы және сезімталдығы арқасында қараниеттілердің талайы қолға түсті. Ондайлар жергілікті жағдайды жетік білмеуі салдарынан, кейде оғаш мінездер көрсетіп қояды, немесе оның киімі де, түрі де күдікті болады. Содан барып, совет адамында «осы кім» деген күдік туады.

Кәзір совет азаматтары сауатты да білімді, олар айналасында болып жатқан құбылыстардың қандайына болса да сын көзімен қарайтын дәрежеге жетті. Ендеше, әрбір азамат өзінің қырағылық борышын есінде сақтап, шет ел разведкасы жіберетін сұмырайлардың зиянкестік әрекетіне жол бермеудің барлық шарасын қолға алуы керек.

Саяси қырағылық болмаған жерде, әрине, дұшпан элементтерінің еркінсіп кетуі ықтимал. Мәселен, хауіпсіздік органының қызметкерлері Сафранов дегенді тұтқынға алды. Ол Отан соғысы кезінде Радом қаласында бірнеше рет поляк азаматтарын атуға, адамды жаппай қыруға тікелей қатысқан. Осы қылмысты адам ұзақ уақыт бойы жалған атпен жасырынып келген. Кей адамдардың ашық-ауыздығын пайдаланып, тіпті бір мекеменің меңгерушісі болып та істеген. Түрлі айла-амалдармен партия мүшесінің қатарына да өтіп алған.

Біздің арамызда құпия документтерді қалай болса солай салдыр-салақ сақтайтын, құнтсыз жандар әлі де кездеседі. Ондай адамдар өздерінің салақтығымен мемлекеттік құпияны жариялап, жауға көмектесетінін ескермейді. Мысалы, бір геологиялық барлау экспедициясының инженері Нечистов командировкада жүріп, жанындағы құпия документтермен ресторанға барады. Ол сылқия ішіп алып, ақырында документтерін жоғалтады. Ол документтер үш күннен кейін зорға табылады.

Мұндай фактілерден мүлде аулақ болу үшін әрбір қызметкерді, колхозшы мен жұмысшыны әрдайым саяси қырағылық рухында тәрбиелеу—маңызды міндет. Қырағы азамат дұшпандық әрекеттердің қандайын болса да әшкерелеуге көмектеседі. Оған мына төмендегі фактілер айқын дәлел. Қазақ темір жол станциясының бірінде Петров деген

біреу СССР Мемлекеттік бақылау министрлігінің ерекше уәкілдігі куәлігін көрсетіп, поезға кезексіз билет алуға тырысады. Бірақ оның сөлекет әрекеті станция қызметкерлеріне күдік туғызады да, олар дереу оны ұстайды. Сөйтсе, әлгі бейтаныс кісі жалған документ жасап, ұзақ уақыт бойы жасырынып жүрген қылмысты адам екен.

Әсіресе, шекара аудандарында тұрушы совет азаматтарынан жіті қырағы болу талап етіледі. Олар шекараны бұзушыларға қарсы күрес жүргізуде шекарашыларға белсенді көмек көрсете алады. Мәселен, Алматы облысындағы Панфилов совхозының бақташысы Бершімбеков жолдас бір күні мал жайып жүріп, тал арасымен Панфилов қаласына қарай бұқпантайлап кетіп бара жатқан белгісіз кісіні байқап қалады. Біршама жақындап келіп, оның документін сұрайды. Ал, бейтаныс адам документін көрсетудің орнына Бершімбековты ұрып жіберіп, қаша жөнеледі. Бірақ Бершімбеков есесін жібермейді, қуып жетіп, жерге алып ұрады. Сол екі арада қарымды дұшпан Бершімбековтың қолынан сытылып шығып, бастан ұрып есенгіретіп кетеді. Сөйтеді де тал арасына жасырынады. Есің жиған Бершімбеков атына міне сала шек ара күзетіне хабарлайды. Шекарашылар бейтаныс адамды ұстайды. Тексере келгенде ол қашып жүрген қылмысты адам болып шығады.

Мынадай бір жағдайды да мысалға келтіруге болады. Шекараға таяу бір елді пункттің адамы аң аулаудан келе жатып бейсауат жүрген бір әйелді байқап қалады. Күннің ыстығында әйел басына түбіт шәлі орап алған. Аңшының байқауынша әйелдің аяғын аттап басуы өрескел, қимылы еркекке ұқсайды және күдіктенген кейпі бар. Аңшы «әйелді» тоқтатып, шекарашыларға алып келгенде, ол әйел киімін киіп жасырынбақшы болған шекара бұзушы сұм болып шыққан.

Үлкен қалалардың бірінде ойнап жүрген бір топ мектеп оқушылары кірпіш дуалдың қасына келген біреуді байқап қалады. Ол кісі жанжағына қарап қойып, бір кірпішті суырып алады да, қайтадан орнына қойғандай болады. Ол кеткеннен кейін балалар жаңағы кірпішті алып қараса, ішіне қағаз салған темір трубка табылады. Тексере келгенде бұл қағаздың шет ел разведкасы агентінің құпия хабары екені анықталады. Мектеп балаларының қырағылық сезімі шет ел разведкасының бір ұясын құртуға көмектескен.

Мұндай мысалдар толып жатыр. Сайып келгенде, Ұлы Отанымыздың хауіпсіздігін сақтау, империалистік разведканың зымияндық әрекеттеріне жол бермеу үшін әрбір совет азаматы қырағы болуы керек. Оның басты шартының бірі—мемлекеттік құпияны мұқият сақтау. Саяси қырағылықты күшейте отырып, еліміздің бейбітшілік жолмен өркендей беруіне қамқорлық жасау—әрбір совет азаматының Отан алдындағы қасиетті борышы.

Партия Программасы туралы әңгіме

Ұлт-азаттық қозғалыстың кәзіргі кезеңдегі ерекшелігі

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің нәтижесінде империализмнің отаршылдық системасына күшті соққы берілді. Революцияның ықпалымен отар халықтардың ұлт-азаттық күресі ерекше тың күш, жана серпінмен кең құлаш жайды. Өте-мөте соңғы жылдардың ішінде империализмнің экономикалық, саяси және идеологиялық позициялары онан сайын әлсіреп, оның негізгі қайшылықтары бұрынғыдан да бетер шиеленісе түсті. Бұл жұмысшы табының революциялық күресінің, халықтардың демократиялық және ұлт-азаттық қозғалысының орасан зор көлемде өріс алуына кең жол ашты. Сөйтіп империализмнің бүкіл отаршылдық системасы орны толмас дағдарысқа ұшырады: «Егер империализм, — деп көрсетілген КПСС Программасында, — халықтардың көпшілігінің ұлттық тәуелсіздігі мен бостандығын басып, жаныштап, оларды қатал отаршылдық құлдықтың бұғауымен шырмап тастаған болса, социализмнің дүниеге келуі езілген халықтарды азат ету дәуірінің басталғаны болып табылады».

Социалистік системаның күш-қуаты мен оның халықаралық ықпалының үздіксіз артуы езілген халықтарды ұлт-азаттық күресінде жігерлендіруші және барынша қолдаушы күдіретті күшке айналды. Егер 1945 жылы отаршылдық езгінің тепкісінде 663 миллион адам зар илесе, кәзір олардың саны 70 миллион адамға дейін азайып отыр.

Отаршылдық системаның күйреуі дүние жүзінің саяси картасының бейнесі мен халықаралық аренадағы күштердің жалпы арасалмағын түбірінен өзгертті. Соның арқасында бір жарым миллиардтан астам халқы бар елдер отаршылдық бұғауынан азат етілді. Кәзір жер шарында бұрынғы отар және жартылай отар елдердің орнында 50-ге жуық дербес мемлекет өмір сүріп отыр. Олардың көпшілігі соңғы 16 жылдың ішінде пайда болды.

Әсіресе, 1960 жыл тарихқа «Африка жылы» деген атпен енді. Тек осы жылдың өзінде ғана отаршылдық державалар жалпы халқының саны 80 миллионнан асатын өздерінің бұрынғы отарындағы 17 елінен айрылып қалды.

Ендігі жерде империалистер отар елдерде өздерінің емін-еркін билеп-төстеуінің күні өткенін сезіп, отарларға саяси тәуелсіздік беруге мәжбүр болып, отаршылдық қанаудың әдіс-айласын өзгертуге, бұл елдерде капиталды орналастыру үшін «шарт жасау негізіне» бой ұрып, олардың жерін соғыс-стратегиялық мақсатқа пайдалануға көшіп отыр. Бұл, әсіресе Англияда кең өріс алуда. Реакцияшыл феодалдық элементтермен одақ жасауға мүмкін болған жерде, ағылшын билеп-төстеуші топтары бұл елдерге саяси тәуелсіздік беруге дейін баруда. Бұған Малайя федерациясы айқын мысал бола алады. Мұнда саяси билік ескі феодалдық князьдер мен реакциялық топтардың қолында қалуда.

Алайда, осызаманғы отаршылдықтың ең басты тірегі АҚШ империализмі болып отыр. АҚШ-тың шығыс елдеріне соғыс-саяси жағынан баса көктеп кіруінің негізгі түрлері—СЕАТО және СЕНТО соғыс блоктары, сондай-ақ «екі жаққа бірдей», «хауіпсіздікті қамтамасыз ету» деп аталатын екі жақты соғыс-саяси шарттары мен келісімдері болып са-

налады. Бұл шарттар мен келісімдер АҚШ-қа басқа елдердің жеріне соғыс базаларын орналастыруға, олардың ішкі ісіне араласуға, қарулы күштеріне бақылау жасауға право береді.

Ескі әдет бойынша сыртқы сауда жасау мен капитал тасып шығару арқылы да, сондай-ақ экономикалық нашар дамыған елдерге «сыйлықтар», түрлі қарыз беру арқылы да АҚШ Шығыс елдерін экономикалық жағынан кіріптар етіп отыр. Оны мынадай бір фактіден-ақ айқын көруге болады. Егер АҚШ-тың барлық араб елдеріне 1945 жылдан 1958 жылға дейін берген көмегі 462 миллион доллар болса, ал американың мұнай монополиялары 1957 және 1958 жылдардың ішінде ғана Орта Шығыста 1165 миллион доллар пайда түсірген.

Отаршылдықты жақтаушылар, оның идеологтары отаршылдық саясатты барынша дәріптеп көрсетуге жанталасуда. Олар «отаршылдық кәзіргі шақта елеске айналып отыр», «батыс отаршылдығы деген жоқ» деген жалған пікірлерді желеу етіп, нашар дамыған елдердің халықтарын өздерінің саяси тәуелсіздігі мен экономикалық жағынан тәуелсіздік жолындағы күресті әлсірету үшін әдейі айла-шарғы жасауда.

Әрине, отар елдердің езілген еңбекшілері тек саяси тәуелсіздік алумен империализмге қарсы күрес тоқтамайтынын біледі. Бұл күрес экономикалық қарым-қатынасты да қамтып, жаңа сипат алады. Бұл жайында КПСС Программасында былай деп атап айтылған: «Ұлт-азаттық революция саяси тәуелсіздікті жеңіп алумен бітпейді. Егер революция әлеуметтік және экономикалық өмірде терең өзгерістер жасауға жеткізбейтін болса, ұлттық қайта көркеюдің толғағы жеткен міндеттерін шешпейтін болса, онда бұл тәуелсіздік әлсіз болады және жалған тәуелсіздікке айналады».

Экономика жағынан нашар дамыған елдердің демократияшыл халық бұқарасы экономикалық тәуелсіздік үшін күреске ерекше маңыз береді. Ал, бұған олар дамудың капиталистік емес жолын таңдап алғанда ғана жете алады. Кәзір отаршылдық тепкіден азат етілген елдер халықтарының алдында қандай жолмен даму қолайлы: капиталистік жолмен бе, әлде капиталистік емес жолмен бе?—деген түбірлі мәселе тұр. Әрине, олар капитализмнің—қайғы-қасірет шегу жолы екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да, бұл жолға қайтып аяқ басуға дәттері бармайды. Оларға керегі—мәңгі бақи езгіден азат ететін, экономика мен мәдениетті гүлдендіріп, көркейтетін, әлеуметтік теңсіздікті жоятын даму жолы. Бұл жол—социализм. Тек дамудың осы жолы ғана халықтарды бостандық пен бақытқа жеткізе алады.

КПСС Программасында атап көрсетілгендей, кәзіргі кезеңде экономика жағынан нашар дамыған халықтарға ұлттық-демократия мемлекетін құру және дамыту жолында зор болашақ ашылып отыр. Ал, мұның саяси негізі не? «Ұлттық демократия мемлекетінің саяси негізі,—делінген Программада,— ұлт тәуелсіздігін толық қамтамасыз ету жолында, кең демократия жолында, антиимпериалистік, антифеодалдық, демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу жолында күресуші барлық прогресшіл, патриоттық күштердің блогы».

Мінеки, тап кәзіргі кезеңде коммунистік партиялар осы мақсат үшін, әлеуметтік прогресс жолында белсене күрес жүргізуде. Оған керісінше, империалистік күштер, ең алдымен дүниежүзілік реакцияның басты тірегі және халықаралық жандарм—американ империализмі, отаршылдық құлдыққа түсірудің алуан түрлі айла-амалын қолданып, өздерінің позициясын сақтап қалуға тырысуда. Бірақ та империалистер қанша жанталасса да, тарих дөңгелегін кері бұра алмайды. Қоғамдық дамудың бүкіл барысы осыны дәлелдейді.

Кәзіргі маңызды міндет—империализмге қарсы шығып отырған барлық күшті біріктіру, антикоммунизм мен реформизмнің идеологиясы мен практикасын батыл әшкерелеу.

Экономикалық тәуелсіздік жолындағы күрестің барысында бір-біріне қарама-қарсы екі бағыт және әр бағыттың мүддесін жақтаушы қоғамдық екі күш пайда болады. Мұның біріншісі—капитализмнің барлық экономикалық қатынасын байыпты түрде жоюға, осы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүдделі қоғамдық топтардың ықпалын әлсіретуге, дүниежүзілік социалистік шаруашылықпен байланысты жанжақты нығайта беруге бағытталған революциялық бағыт. Ал, екіншісі—шетелдік монополиялық капиталмен одақтасуға бағытталған реакцияшыл бағыт болып табылады. Реакцияшыл бұл бағыттың үстем алуы тәуелсіз елді шетелдік монополиялық капиталдың жартылай отарына айналдырар еді, сөйтіп халықтың құлдық бұғауының қыспағында зар илеуін одан сайын асқындыра түсер еді. Сөйтіп, мұның өзі, сайып келгенде, империализмнің саясатын жаңа жағдайда жүргізу болып табылар еді. Себебі, батыс империализмінің тарихы Шығыс елдерін қанау, олардың байлығын: інжу-маржанын, алтын мен алмасын, піл сүйегі мен каучүгін, мұнай мен мақтасын, материалдық ресурсын... жалмап қою тарихы. Шынында да Шығыстың байлығы арқасында ғана Батыс тап көзiргiдей үлде мен бұлдеге бөленiп отыр,—деп атап көрсеттi Араб шығысындағы елдердiң бiр өкiлi Бiрiккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзiнде. Бұл—батыстың империалистік державаларының тонаушылық, арсыздық саясатына берiлген айқын сыпаттама едi.

Нашар дамыған елдердiң халықтары отаршылдық қамытын бiр-жолата лақтырып тастаған жағдайда ғана өздерiнiң шынайы экономикалық дамуын тездете алады. Мысалға ұлттық тәуелсiздiкке қолы жеткен үндi халқын алыңыз. Олар екi жылдық жоспар бойынша отаршылар Үндiстанда үстемдiк еткен барлық дәуiрмен салыстырғанда экономикалық даму үшiн әлдеқайда көп шаралар белгiлеп отыр.

Экономикалық тәуелсiздiк үшiн күресiп жатқан әрбiр елде шетелдiк капиталдың емiн-еркiн жайлауына қарсы күрес барған сайын күшейе түседi. Әрi ұлттық капиталдың ықпалын нығайту, мемлекеттік секторды дамытуға, экономиканы мемлекет тарапынан басқару мен халық шаруашылығын жоспарлауға бағытталған пәрмендi шаралар кең көлемде жүргiзiлiп отырады. Саяси тәуелсiздiк алған көптеген нашар дамыған елдер халық шаруашылығының бiрқатар салаларына шет ел капиталының енуiне тиым салып отыр. Мәселен, Индонезияда темір жол транспортына, электр станциясы, байланыс, теңiз қатынасы, авиация, суландыру жүйелерi құрылысына, қару-жарақ өндiру, сондай-ақ өнеркәсiптiң ел өмiрiнде шешушi маңыз алатын басқа да салаларына шет ел капиталын жұмсауға тиым салынған.

Экономикалық даму мақсатын көздеген елдер империалистік державалар иелiк етiп келген кәсiпорындарды национализациялау арқылы да шет ел капиталына қатты соққы беруде. Бұған 1956 жылдың июль айында Египет үкiметiнiң Суэц каналын, Индонезияда голландиялық меншiктi национализациялау арқылы отаршылардың агрессиялық саясатына берiлген күштi соққылар дәлел. Мiнеки, мұның бәрi шет ел капиталының баса көктеп кiруiне қарсы нашар дамыған елдерде түрлi бағытта, түрлi тәсiлмен жүргiзiлiп отырған күрес жолдарын көрсетедi.

Бұл мәселе экономикалық тәуелсiздiк алу жолында халықтардың қалың тобы белсене күреске шыққан елдерде алғашқы жемiстi нәтижесiн берiп отыр. Бұл ретте Индонезия, Бiрiккен Араб Республикасы, Индия, Цейлон және басқа елдердi атауға болады.

Отаршылдық тепкiден азат етiлген, бiрақ империалистердiң әрқилы одақтарына шырмалып калған елдерде жағдай мүлде басқаша. Мәселен, бұған Пакистан айқын мысал бола алады. Пакистан СЕАТО-

ның соғыс-саяси одағына кіре отырып, шет ел капиталының, соның ішінде американ капиталының кең өріс алуына жол берді.

Индияның, Бирманың, Индонезияның және басқа нашар дамыған елдердің прогресшіл күштерінің империализм күштерімен бірге шет ел капиталына құлшылық етіп, бас июге әзір тұратын өз елдеріндегі билеп-төстеуші үстем таптарға да қарсы күресулеріне тура келеді. Мұның өзі нашар дамыған елдердің шын мәніндегі ұлттық күштерін біріктіре бастайды. Бұл күштер империализмге экономикалық тәуелді болудан шығудың бірден-бір дұрыс жолы—социалистік елдермен достық және өзара тең негізде экономикалық ынтымақты нығайта беру екенін жақсы түсінеді.

Осы мақсатпен олар өз елдерінің экономикасының тәуелсіздігін қамтамасыз ету, өз халқының тұрмыс жағдайын жақсарту үшін социалистік система елдерінің қалтқысыз достық көмегіне сүйенеді. Енді олар осызаманғы құрал-жабдықты алу үшін қанаушылардың алдында бұрынғыша бас имейтіндей халге жетіп отыр. Өйткені, оларды мұндай құрал-жабдықпен социализм елдері де қамтамасыз ете алады. Бұл үшін нашар дамыған елдер саяси немесе экономикалық жағынан ешқандай да басыбайлы болмайды.

Экономикалық мешеулікті түбірінен жою, Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің қолын шынайы тәуелсіздікке жеткізу мәселесінің халықаралық маңызы ерекше зор. Сондықтан да социалистік лагерь елдерінің, оның ішінде қуатты Совет Одағының экономика жағынан әлі де әлсіз елдерге қол ұшын беріп, жанжақты жәрдем көрсетуінің баға жетпес мәні бар. Совет Одағының көмегімен Индияда салынған Бхилай металлургия заводы, Египеттегі қуатты Асуан плотинасы, Индонезия мен Ауғанстандағы бірқатар алып құрылыстар бұған тамаша айғақ бола алады. Сонымен бірге Совет Одағы бұл елдерге ұлттық маман кадрларын даярлау ісіне де аса зор көмек көрсетуде. Бұған Москвада Достық университетінің ашылуы да толық дәлел.

Социалистік елдер мен экономикасы нашар өркендеген елдер арасында экономикалық салада екі жаққа бірдей тиімді сауда қатынас соңғы жылдары бұрын болып көрмеген дәрежеде дамуда.

Совет Одағы бастаған социалистік лагерь елдерінің экономикалық жағынан кенже қалған елдерге қалтқысыз көмек көрсетуі отаршылдық саясаттың өрісін барған сайын тарылта түсуде. Ал, мұның өзі отаршылдық қалдықтарды біржолата жою ісін анағұрлым жеңілдетеді.

Европа мен Азиядағы барлық социалистік елдердің тәжірибесі еңбекшілердің социализм негізінде ғана бақытты тұрмысқа жететінін, отаршылдық қанауды жою ең артта қалған елдердің тез арада гүлденіп дамуын қамтамасыз ете алатынын айқын дәлелдеп отыр.

Советтік Қазақстан мен Орта Азия республикаларының гүлденген өмірі осының айқын үлгісі. Мәселен, тарихи қысқа мерзім ішінде біздің республикамызда түбірлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасалды. Мұның өзі В. И. Лениннің Шығыс халықтарының өмірін түбірінен қайта құру «бүкіл Азия үшін және дүние жүзіндегі барлық отар елдер үшін» үлкен өнеге бола алады деген кеменгерлік сөзін толық растады. (Шығармалар, 30-том, 124-бет).

Тарих империализмнің отаршылдық, қанаушылық дәуірінің күні қараң екенін және Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің халықтары империализмге қарсы ұлт-азаттық күресте тек қана саяси тәуелсіздікпен бірге экономикалық тәуелсіздікке жету правосын, капиталистік системаға тәуелсіз ұлттық экономикасын дамыту правосын жақтап отырғанын көрсетуде. Мұның өзі ұлт-азаттық қозғалыстың кәзіргі кезеңдегі басты ерекшелігі болып саналады.

М. ЕСЕНӘЛИЕВ,

**КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Қоғамдық ғылымдар академиясының аспиранты.**

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі тақырыбына

Коммунизм ісіне берілгендік немен ыспатталады

Т. ТӘЖІБАЕВ.

профессор

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі совет халқының алдына коммунистік қоғам орнатудың ұлы міндеттерін қойды. Жеңімпаз совет халқы кәзір съездің сол тарихи шешімдерін бұлжытпай іс жүзіне асыру үшін қажырлы күрес жүргізуде. Партиямыздың Орталық Комитеті март Пленумының ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі қаулысы және СССР Жоғарғы Советінің биыл болып өткен сайлауы қалың бұқараның жаңа Программаны іске асыру жолындағы күш-жігерін онан әрі тасыта түсті.

Партиямыздың XXII съезі қабылдаған Программа 20 жыл ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, адамдар арасындағы коммунистік қарым-қатынасты қалыптастыру және коммунизм құрылысшыларын—жаңа адамды тәрбиелеу міндеттерін алға қойды. Демек, коммунизм құрылысы — біздің практикалық ісіміз. Бұл қасиетті де қиын міндеттерді орындау үшін әрбір совет адамын коммунизм ісіне, ұлы Отанымызға, сүйікті Коммунистік партияға ақырына дейін берілгендік рухында тәрбиелеу керек. Басқаша айтқанда, біз социалистік Отанымыздың жалынды патриоттарын тәрбиелеуіміз қажет. Бұл жөніндегі міндет партиямыздың жаңа Программасында айқын көрсетілді.

«Партия, — делінген онда, — кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстағы басты нәрсе — еңбекшілерді жоғары идеялық, коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жанжақты, жарасымды жетілдіру, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау деп санайды».

Міне, осыған орай, партиямыздың Программасында коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексі белгіленді. Онда адамгершіліктің ең негізгі принциптерінің бірі — коммунизм ісіне берілгендік, социалистік Отанға, социализм елдеріне сүйіспеншілік деп көрсетілген. Демек, совет адамдарының басты қасиетінің бірі—коммунизм орнату жолындағы күрестің алдыңғы сапында болу.

Отанға, партияның ұлы ісіне, коммунизм ісіне қалтқысыз қызмет ету дегеніміз не? Н. С. Хрущев жолдас Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XIV съезінде сөйлеген тарихи сөзінде бұл сұраққа тамаша жауап берді.

«Отанға және коммунизмге қызмет ету дегеніміз,—деді ол,—жақсы және тынбастан оқу, цехтағы, заводтағы, колхоздағы, совхоздағы жолдастардың барлық тәжірибесін пайдалана отырып, ғылым мен тех-

ника жетістіктерінен үнемі жаңа, тағы да жаңа білімдермен сусындай отырып, қажырлы еңбек ету деген сөз.

Отанға, коммунизм ісіне қызмет ету дегеніміз — қажымай-талмай оқу, марксизм-ленинизмнің сарқылмас қазынасынан білім алу, ғылым мен техниканың шыңына өрлеу, осызаманғы мәдениет қазынасын меңгеру деген сөз.

Отанға, коммунизм ісіне қызмет ету дегеніміз—қашан және қай кезде болса да — заводта, егіс даласында, даңқты Қарулы Күштердің қатарында, біздің Отанымыздың хауіпсіздігінің күзетінде, ғылым мен техникада, өнер мен мәдениетте, қоғамдық, комсомол, партия жұмыстарында болсын алдыңғы қатардағы жауынгер болу деген сөз.

Ал бұл талапты орындау үшін адам не істеуі мүмкін? Ол өзінің барлық күш-жігерін еліміздің еңбекшілері алдына қойылып отырған ұлы мақсаттарды жүзеге асыру ісіне жұмсауға, ал егер керек болса, өзінің өмірін де қиюға тиіс. Сонымен бірге ол өз басының мүдделерін коллективтің мүдделеріне бағындыра білу керек. Былайша айтқанда, коммунизм ісіне берілгендік дегеніміз — советтік еліміздің игі ісіне берілу, яғни жалынды патриот болу деген сөз. Ал патриотизм дегеніміз — өз Отанын сүю. «Патриотизм дегеніміз — ғасырлар бойы және мыңдаған жылдар бойы оқшауланып келген Отан арқылы қалыптасқан ең терең сезімдердің бірі» (В. И. Ленин. Шығармалар, 28-том, 181-бет).

Советтік патриотизм—патриотизмнің ең жоғарғы түрі. Ол—адамның жақсы қасиеттерін сипаттаудың айқын көрінісі. Бұл патриотизм қоғамдық болмыс мүлде жаңа негізге ие болып отырған кезде, социалистік идеология салтанат құрып, халқымыздың моральдық-саяси бірлігі үстемдік еткен кезде пайда болды. Коммунистік партия өзінің жаңа Программасында совет адамдарының патриотизмі немен ыспатталатынын атап көрсетті. «Совет халқының өз Отанына деген сүйіспеншілігін дамыта отырып, — делінген онда, — партия социализмнің дүниежүзілік системасының құрылуына байланысты социалистік қоғам азаматтарының патриотизмі өзінің Отанына, социалистік елдердің бүкіл достық ынтымағына берілгендігімен, адалдығымен бейнеленетінін негізге алады». Демек, өз Отанына шексіз берілу, коммунизм ісін өз ісім деп білу, социалистік лагерьдегі туысқан халықтардың ынтымағы мен бірлігіне ақау түсірмеу — әрбір патриоттың басты қасиеті.

Еліміздің еңбекшілері үшін «Отан» және «Туған ел» деген ұғым тек ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана, халық өз тағдырының қожасы болғаннан кейін ғана, еліміздің барлық байлығы мен дәулеті бүкіл халықтың игілігіне айналғаннан кейін ғана өзінің шын мағнасына ие болды. Революциядан бұрын еліміздегі көп нәрселер: феодалдық-капиталистік экономика, қоғамдық-саяси құрылыстың өзі, сол кезде үстем болған буржуазиялық-монополиялық идеология қалың бұқараға жат болатынды. Сондықтан да өз Отанын, өз халқын, өз тілін, халықтың тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген еліміздің озат адамдары крепостниктік пен деспотизмді мейлінше жек көрді, еңбекшілердің күйзеліп, аш-жалаңаш болуына себепкер болған сол кездегі қоғамдық құрылыс пен саяси тәртілге қарсы аяусыз күрес жүргізді.

Еліміздің қаһарман халықтарын самодержавиені құлатып, совет өкіметін орнатуға бастаған большевиктер нағыз патриоттық, ұлы істер істеді. Жұмысшылар мен шаруалардың бұл жеңісі Отанымыздың жедел дамуын, оның тәуелсіз және азат ел болуын қамтамасыз етті.

Дүние жүзі тарихында тұңғыш рет советтік қоғамда: Отанға деген сүйіспеншілік социалистік құрылыс пен Советтік мемлекетке деген сүйіспеншілікке қосылып, онымен тығыз байланысты болып отыр.

Мұндай жағдайды бірде-бір капиталистік ел білмейді, білуі мүмкін де емес.

Социалистік еліміздің мүдделері — совет адамдарын алға ұмтылдыратын жетекші күш. Олай дейтініміз, совет халқы өз елінің бұдан да бай, бұдан да қуатты бола беруін тілейді. Міне, нақ осының өзі — советтік қоғамдық құрылыстың өте өміршеңдігінің негізі, оның орасан зор ішкі қозғаушы күші. Ал бұл күш — оның орнықтылығының және беріктігінің, оның тоқтаусыз өсіп, дамып отыруының қайнар бұлағы.

Патшалық Россияның қанаушы таптары еліміздің мүдделерін аяқ асты етті. Олар Россияның байлығын аяусыз талан-таражға салды, ол байлықты топ-тобымен және жекелеп шет ел капиталына сатып отырды. Техника-экономикалық жағынан артта қалғандықтан және Батыс-европа елдеріне тәуелді болғандықтан Россия өзінің өнеркәсібін жөнді дамыта алмады және елдің қорғаныс қабілетін нығайта алмады, сөйтіп, бара-бара жартылай отар елге айналды.

Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс Россияның патшалық өкіметінің негізі мейлінше іріп-шірігендігін және әлсіздігін көрсетті. Жұртқа мәлім, Россия бұл соғысқа империализмнің пайдасына бола қатысқан-ды.

Батыстың капиталистік елдері Россияны өздеріне рухани жағынан да бағындыруға тырысты. Россияның үстем таптары Батыс алдында құрдай жорғалады, халықтарымыздың санасын уландырды, оларды «сіздер әрқашан да Батыс Европаның «шәкірті» болуға тиістісіздер» деп сендіруге әрекет жасады.

Россияның үстем таптары халықтардың творчестволық күшіне сенбеді, орыс ғылымының келешегіне күмәнданып, оны қолдамады, ғылымның өкілдерін патриоттық ұлы істерге ынталандырмады. Бұл жағдай шетелдіктердің «орыс халқы талант және рухани жағынан кедей халық» деп далбасалауына себеп болды. Бұл «сәуегейлікті» тарих кейін жоққа шығарды. Орыс халқының кәзір бүкіл адамзат цивилизациясына тамаша үлес қосып отырғаны жұртқа мәлім.

Россия халықтарының творчестволық ақыл-ойына, оның күшқуаты мен қабілетіне сенген большевиктер партиясы және ұлы Ленин оларды зор жеңістерге бастады, ғылым мен техникада және мәдениет саласында шын мәнісіндегі революция жасауға ұмтылдырды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын-ақ В. И. Ленин «Россия Батыстың соңынан сүйретіліп еруде, ол тек «үлгілі» батысқа еліктеп қана отыратын ел, ол Батысқа үлгі бола алмайды» деген ертегінің күл-талқанын шығарған болатын.

Шынында Россияға Батыс үлгі көрсеткен жоқ, қайта Россия Батысқа революцияның, социализмнің жолын көрсетті. Россия пролетар революциясының Отанына, социализм Отанына айналды, сөйтіп, дүние жүзінің барлық халықтарына азаттық алудың, бақытты өмір құрудың үлгі-өнегесін байқатты.

Еліміздің еңбекшілері Совет өкіметі орнағалы бері коммунизм идеясымен қаруланып келеді. Былайша айтқанда, коммунистердің ұлы партиясы социализмнің жеңісі жолындағы күресте де, коммунистік құрылыс кең өрістетілген кәзіргі кезеңде де қалың бұқараны жоғары саналылықта, еңбекке коммунистік көзқарас рухында, қасиетті Отанымызды шын жүректен сүйу рухында, коммунизм ісіне шексіз берілу рухында, өз күші мен қабілетіне сену рухында тәрбиелеп келеді.

Еңбекшілерді марксизм-ленинизм идеясымен қаруландыру үшін партия барлық шараны қолдануда. Саяси оқу жүйелерінің жұмысы жақсарды, баспасөз, радио, телевизия жұмысы жетілдірілді. Сөйтіп, қалың бұқараны жаңа, әділетті қоғам орнату ісіне жұмылдыруға,

оларға қоғам дамуының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталған игі шаралар жүзеге асырылуда.

Совет халқының коммунизм жолындағы күресіне данышпандық басшылық еткені үшін Коммунистік партия мен Совет үкіметін барлық еңбекшілер орынды мақтаныш етеді, құрметтейді және оған шексіз сенеді. Сондықтан да халық оған өз тағдырын сеніп тапсырып отыр.

Еліміздің әрбір адал адамы Коммунистік партияны, өзінің Отанын мақтаныш етпей және оған деген өзінің патриоттық шынайы сезімдерін көрсетпей тұра алмайды. Өйткені, оның осы Отанында Коммунистік партияның басшылығымен пролетариат революциясы тұңғыш рет жүзеге асты. Бұл революция капитализмнің бұғауын бұзып, Россияның халықтарына тәуелсіз және еркін дамудың жолын ашты. Дүниеде тұңғыш социалистік қоғам құрылды. Ол халықтарға нағыз демократиялы және бақытты өмір берді. Социалистік қоғамдық құрылыс—цивилизацияның ең жоғарғы бейнесі. Оның капиталистік қоғамдық құрылыстан орасан зор артықшылығы бар. Совет халқы ұлы Отан соғысында зұлым жауға қарсы жан аямай шайқасып, дүниежүзілік цивилизацияны күйреуден аман сақтап қалды, осы арқылы адамзаттың прогресс, мәдениет, бейбітшілік және хауіпсіздік үшін күресіндегі өзінің авангардтық ролін көрсетті. Міне, біздің халқымыз мұны заңды мақтаныш етеді. Бұл сұрапыл соғыста қазақ халқының патриот ұлдары мен қыздары да асқан ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Қазақтың қабырғасы қатпаған, бұғанасы бекімеген жас қызы Мәншүк Мәметованың 70-ке жуық неміс-фашистерін жер жастандырып, Совет Одағының Батыры атағын алуы—ұлы Отанымызға деген сүйіспеншіліктің, жалынды патриотизмнің жарқын белгісі.

Советтік қоғамдық құрылыс—нағыз халықтық демократиялық құрылыс. Біздің халықтық мемлекетіміз барлық еңбекшілердің мүдделерін қорғайды. Сондықтан да совет адамының Отанға деген сүйіспеншілігін оның советтік қоғамдық құрылысқа, Совет мемлекетіне деген шексіз берілуінен бөле қарауға болмайды. Кәзір совет халқы өзінің мемлекетін нығайта беруге, қоғамдық тәртіпті мейлінше күшейтуге ерекше назар аударып отыр. Тек Қазақстанның өзінде қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатымен құрылған 7 200-ге таяу халық жасақтары 348 мыңдай патриотты біріктіріп отыр. Ал 5 мыңдай жолдастық соттың жұмысына 35 мыңнан аса адам қатысуда. Бұлар қоғамдық тәртіпті сақтай отырып, арамтамақтыққа, нысапсыздыққа, бұзақылыққа қарсы аяусыз күрес жүргізуде.

Халқымыздың патриот ұлдары мен қыздары белсене қатысып жүрген басқа да қоғамдық ұйымдардың ролі арта түсуде. Соңғы кезде партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін бөлімдер мен аралуан комиссиялар анағұрлым көбейіп отыр. Тек қалалық, аудандық партия комитеттерінде қоғамдық негізде 350-ден аса бөлім мен 300-ден аса тұрақты комиссия жұмыс істейді. Қоғамдық негіздегі саяси-оқу кабинеттерінің саны 670-тен асты. Сөйтіп, бұл кезде республика бойынша қоғамдық негіздегі партия жұмысына 50 мыңнан астам коммунист қатысып жүр. Жергілікті Советтердің қоғамдық негіздегі жұмысына бұдан да көп адам қатысуда. Ал, кәсіподақ ұйымдарында тұрақты жұмыс істейтін 5 640-тан аса өндірістік кеңес бар. Олардың жұмысына 210 мыңнан аса адам қатысады. Мұның бәрі—Совет мемлекетінің бірте-бірте коммунистік қоғамның өзін-өзі басқару орнына ұласуының алғашқы қадамы.

Кімде-кім өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсетсе, былайша айтқанда, ол өзінің жасампаз еңбегі арқылы социалистік Отанымыздың онан әрі гүлденуіне, оның күш-

қуаты мен даңқының одан әрі арта беруіне тікелей көмектесетін болса, сол адам коммунизм ісіне, ұлы Отанымызға берілген нағыз патриот болып саналады.

Мәселен, халық шаруашылығының сан алуан саласында жемісті еңбегі арқылы социалистік жарыста үздік озып, жүлде алған, яғни үкімет наградына және құрметті атақтарға ие болған адамдар бізде көп-ақ. Бұлар—совет патриоттарының алдыңғы сапындағылар. Олай дейтініміз, әрбір адам өзінің патриоттығын жемісті еңбегімен, іскерлігімен, қиыншылықты жеңе білетіндігімен көрсетуге тиіс. Демек, еңбекке коммунистік көзқарас игі істе, еңбекте, қоғамдық жұмыста пайда болады және адамның коммунизм ісіне берілгендігі, оған сенетіні сол арқылы сыналады.

Кәзір бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстан еңбекшілері де партиямыздың XXII съезінің тарихи шешімдерін бұлжытпай іске асыру үшін қажырлы күрес жүргізуде. Бұл игі күресте еңбек майданының нелер тамаша саңлақтары өсіп жетілді, олар кәзір жемісті еңбек етудің, патриоттықтың керемет үлгілерін көрсетуде. Бұған мысалға Қарағанды облысының «Есенкелді» совхозының сауыншысы И. Диордиева, «Ұлытау» совхозының аға шопаны А. Жүнісов, «Трудовик» совхозының трактор бригадасының бригадирі М. Раннер жолдастарды алуға болады.

Коммунизм ісі үшін қажырлы еңбек еткен озаттардың бір тобы зор абыройға ие болып, үстіміздегі жылы өткізілген СССР Жоғарғы Советінің сайлауында Совет парламентіне мүше болып сайланды. Солардың ішінде Алматы облысының Іле ауданындағы «Қызыл кайрат» колхозы жастар звеносының бастығы, әрбір гектардан 500 центнер қант қызылшасын алған Меруерт Кіндікбаева, Қызылорда облысындағы әрбір гектардан 50 центнер күріш өндірген звено бастығы, партияның XXII съезіне делегат болған Захира Ержанова, Қарағанды көмір кеніндегі 31-шахтаның комбайн машинисі М. У. Әлбатыров, Семей облысының атақты сауыншысы М. Найманова сияқты республикамыздың даңқты адамдары бар.

Бұдан әрине, патриоттар тек еңбек адамдарының ғана қатарынан шығады деген теріс ұғым тұмауға тиіс. Өзінің ғылыми еңбектерімен, ашқан жаңалығымен және тапқан өнерлерімен ғылым, техника, әдебиет пен өнер саласындағы игі ісіміздің алға басуына көмектесіп отырған совет интеллигенті де, жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беріп отырған мұғалім де, коммунизм құрылысшыларының денсаулығын қорғап отырған дәрігер де, өзінің күнделікті міндеттерін адал және абыроймен орындайтын қатардағы жәй қызметкер де, Отанымызды қорғайтын жауынгер де, жер шарын айналып ұшқан космонавтар да, тағы басқалар да коммунизмнің ісіне берілген нағыз патриоттар болып есептеледі.

Партия мен үкіметтің басшылығымен аз жылдың ішінде Қазақстанда және Сібірде орасан көп тың жерлер игерілді. Оны игеріп жатқан совет адамдарының қажырлы еңбегінің өзі-ақ ең жоғары патриоттық сезімнің көрінісі емес пе? Жұртқа мәлім, осы жоғары мақсат, өз Отанына деген сүйіспеншілік, коммунизм ісіне берілгендік 700 мың комсомолец-жастар мен механизаторларды, колхозшылар мен жұмысшыларды және ауыл шаруашылығы мамандарын өздері туып өскен, еңбек етіп, үйренген жерлерін тастап, бүкіл семьясымен алыстағы Сібірге, Қазақстанға аттануға рухтандырды.

Жаңа жерлерді игеру ісі еңбектің тәрбиелік маңызы өте зор екенінің тамаша үлгілерін көрсетті. Тың жерлерді игеру үшін біздің ұланбайтақ еліміздің ол шеті мен бұл шетінен келгендер, әсіресе жастар коммунистік тәрбиенің үлкен мектебінен өтіп жатыр. Бұған тың түлектері Михаил Довжик, Виктор Дубинин, Михаил Кимбель, Эдмунд

Штоль, Грант Саркисян, Николай Ли сияқты механизаторлардың патриоттық сезіммен жемісті еңбек етіп, бүкіл елімізге әйгілі болып отырғаны айғақ.

Отанға деген сүйіспеншілік, коммунизм ісіне берілгендік Валентина Гаганованы артта қалған бригадаға баруға құлшындырды. Ол бұл бригаданы да алға шығарды. Елімізде Гаганованың үлгісімен 50 мыңдай өндіріс озаты артта қалған учаскеге барып, өздерінің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін көрсетуде. Гагановашылар біздің республикада мыңдап саналады.

Партиямыздың ХХІІ съезі коммунизм құрылысының ұлы міндеттерін белгіледі. Съезд еліміздің экономикасын онан әрі жедел дамыту мәселелерімен бірге пайдаланылмай жатқан қазнасы мол Шығыс өлкелерін де жедел дамыту ісіне айрықша көңіл бөлді. Біздің жас патриоттарымыз кәзір партиямыздың шақыруымен тың жерлерді игеруге аттанған кездегідей, аса бай көмір кендерін шығаруға, әртүрлі металдар өндіруге, кәзіргі заманға сай қалалар, алып заводтар мен электр станциялар, темір жолдар салуға, үлкен өзендерді тізгіндеуге құлшына аттанып жатыр.

Бұл біздің жауынгер жастарымыздың коммунизм ісіне беріліп, аса жоғары патриоттық сезімдерге кенелгенін, өмірде өзінің орнын тауып, коммунистік тәрбиенің үлкен мектебінен өтіп отырғанын көрсетеді.

Коммунизм ісіне берілу әрбір патриоттан Отанымыздың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтау үшін қажымай-талмай күресуді талап етеді.

Қырағы болу — коммунизм ісіне берілген әрбір совет адамының негізгі қасиеттерінің бірі. Революциялық қырағылықты күшейту, мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі жауапкершілікті арттыру қалың бұқараны тәрбиелеу ісінде әрқашан да зор маңыз алып келеді. Бұл өте орынды да. Өйткені кейбір елдердің империалистік жыртықшытары бүкіл әлемге үстемдік жүргізу жөніндегі есуастық идеяны уағыздауын әлі де қоймай отыр. Олар Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс ашуға ашықтан-ашық шақырып келеді. Соғысты насихаттаумен қатар, олар социалистік елдерге қарсы өтірік-өсектің барлық түрлерін пайдаланудан шімірікпейді.

Бұл жағдай совет адамдарынан мейлінше сақ болуды, жинақты, ұстамды болуды, ашықауыздықтың қандайына болса да төзбеуді талап етеді.

Коммунизм ісіне берілген әрбір патриот совет халықтарының достығын, сонымен қатар басқа елдер халықтарының да бостандығы мен тәуелсіздігін құрметтейді, олармен бейбіт және достық өмір сүруге дайын болады. Мұның өзі — өмір талабы. Өйткені еліміздегі коммунизм құрылысы және халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыс өзара туысқандық, достық байланысын орнатып отырған бүкіл социалистік лагерь еңбекшілерінің күшімен жүргізіліп жатыр.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізіп келеді. Бұл саясат социалистік система мен капиталистік системаның бейбіт қатар өмір сүру мүмкіншілігін негізге алады, бейбітшілік, демократия және өзара ынтымақтасу жолындағы күресте халықтардың бір-біріне жақындасуына көмектеседі.

Қорытып айтқанда, коммунизм ісіне берілген адамға партиямыздың Программасы белгілеген коммунизм құрылысшысының моральдық кодексіндегі көрсетілген адамгершілік принциптер тән болуы керек.

Партия тұрмысы

Жаңаша басқарудың жақсы лебізі

С. НИЯЗБЕКОВ,

Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші секретары

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығына басшылық етуді жақсарту жөнінде нақтылы шараларды белгілеп берді. Ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау міндетін қысқа мерзімнің ішінде орындау үшін, ең алдымен, ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесін күшейтіп, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге партия ұйымдарының жауапкершілігін арттыру мәселесі бірінші кезекке қойылды. Партия ұйымдарының өміріне март Пленумы енгізген жаңалықтардың мәні партиялық ішкі демократияны онан әрі өрістетуге, халық шаруашылығының барлық саласында басқару ісін халық бұқарасының белсенділігімен неғұрлым тығыз ұштастыру, сөйтіп, партияның ұлы Программасын жүзеге асыру болып табылады.

Бұл жөніндегі міндетті Никита Сергеевич Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің март Пленумында жасаған баяндамасында былайша тұжырымдады: «Партиямыз бен халқымыздың алдында тарихи маңызы зор міндет тұр. Біз XXII съезд қабылдаған коммунизм орнату Программасын жүзеге асырып, экономика мен мәдениетті онан әрі өркендетудің, халықтың әл-ауқатын ұдайы арттыра берудің ұлы жоспарларын қысқа мерзімде орындап шығуға тиіспіз».

Мінеки, осындай өмірлік маңызы зор міндетті орындауға байланысты пленумнан кейінгі жерде еліміздің барлық партия ұйымдары сияқты, біздің облыстың партия ұйымында аса елеулі жұмыс жүргізілді: совхоз-колхоз өндірісі басқармалары, оларда облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушылары ұйымдастырылды. Біздің облысымызда осындай сегіз басқарма құрылды. Оны басқаруға және облыстық партия комитетінің парторгі қызметіне іс-тәжірибесі мол, ауыл-село еңбекшілерін алға қойылған міндеттерді орындауға шебер жұмылдыра алатын партия, совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының жетік мамандары жіберілді. Олардың алдына ауылшаруашылық өндірісіне басшылық етуді түбірімен өзгерту және оны жетілдіре беру, бұл жұмысты еңбекші бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеу ісімен ұштастыру міндеті қойылды. Аудандық партия комитеттерінің бұрынғы секретарынан 11 адам, жоғары дәрежелі білімі бар екі колхоз председателі территориялық басқармаларға жіберілді. Оның есесіне аудандық партия комитеті секретарьларының құрамы село еңбекшілері арасында партиялық-саяси жұмыс жүргізуге әзірлігі мен дағдысы бар жас қызметкерлер есебінен толықтырылды.

Біздің облыста басқару органдарындағы қайта құру жұмысы аса маңызды науқан — көктем егісіне әзірлену және оны өткізу мерзімімен сәйкес келді. Ал мұның өзі партиялық саяси және шаруашылық жұмыстың барлық буындарында басқару ісін қайта құруды жүзеге асырудың өміршендігін сынаудың ең бір елеулі кезеңі еді. Облыс партия ұйымдарымен, совхоз және колхоз басшыларымен бірлесе отырып, жаңадан құ-

рылған басқару органдары бұл сыннан сүрінбей өтті деп батыл айтуымызға болады.

Өндірістік басқармалардың мамандары, ондағы облыстық партия комитетінің парторгтері көктемгі егіске кіріспес бұрын аудандық партия комитеттерімен, аудандық атқару комитеттерімен бірлесе отырып, егіс көлемінің құрылымын қайта қарау жөнінде елеулі жұмыс жүргізді. Бұл жұмыстың қиыншылығы біздіңше мынадай еді: ұзақ жылдар бойы егіс көлемінде шөптанапты егіс жүйесі әбден қалыптасқан болатын, ал енді осы жүйені жақтаушылар мен практиктердің көзін ол жүйенің зияндылығына әбден жеткізу, отамалы дақылдардың прогрессивтік мәнін түсіндіру оңша оңайға түсе қоймады. Өте-мөте бұршақ, кант қызылша, асбұршақ сияқты бағалы дақылдарды егу жөніндегі мәселеге айрықша көңіл бөлінді.

Егіс көлемінің жаңа құрылымы әзірленіп болғаннан кейін бүкіл партия, совет, комсомол органдары мен шаруашылық ұйымдарының алдында жаздық дақылдарды себудің белгіленген жоспарын мүлтіксіз жүзеге асыруды қатаң бақылау, егісті қысқа мерзімде, әрі агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу міндеті тұрды.

Ал, біздегі екінші бір қиыншылық, биылғы жылдың көктемі құбылмалы болды. Ол бұрынғы жылдарға қарағанда ерте шықты да бірден аңызак жел тұрып алды. Мұның өзі топырақты құрғатып жіберу қаупін туғызды. Бірақ облыс еңбекшілері бұл қиыншылықты да жеңе білді. Дер кезінде 3 миллион 667 мың гектар егістік жерге ылғал жабылды, сонымен бірге, дәнді дақылдарды себу жұмысы ең қолайлы мерзімде зор қарқынмен жүргізілді. Соның нәтижесінде облыс еңбекшілері көктемгі егіс жоспарын Өлке бойынша бірінші болып аяқтап шықты. Жоспардан тыс 360,2 мың гектар жаздық дақыл егілді.

Жаңа басқару органдарының, аудандық және бастауыш партия ұйымдары мен барлық шаруашылық орындарының жұмысындағы ерекше бір атап көрсететін жай, биылғы жылы барлық істе де ұйымшылдық, нақтылық және мақсаттылық берік орын алды. Әсіресе ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін жанжақты зерттеу, орын алған кемшілік жайларды жоюдың тиімді шараларын бірлесіп қарастыру әдетке айналды. Совхоз бен колхоз коллективі осы басқару органдарының тарапынан биылғы жылы нақтылы және іскерлік көмекті тұңғыш рет сезінді.

Жаңа басқару органдарының жақсы лебізі кәзірдің өзінде айқын сезіліп отыр. Облыс колхоздары мен совхоздары биыл егін жинау мен астық тапсыру науқанына жылдағыдан әлдеқайда тыңғылықты әзірледі, сөйтіп, бұл аса жауапты, әрі құрметті жұмысқа ұйымшылдықпен кірісті. Облыс партия ұйымы мен ауыл шаруашылығының бүкіл еңбекшілері партиямен үкіметтің Қазақстанның барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуін қызу қарсы алды. Олар егін жинауды қысқа мерзімде аяқтап, мемлекетке 187 миллион пұт астық тапсыру жөнінде алған абыройлы міндеттемесін орындауға барлық күшін жұмсауда.

Үстіміздегі жылы егін жинауда механизаторлардың егінді шапшан және топтап жинау әдісі кеңінен өрістетілді. Целиноград ауданының «Заря» совхозының комбайншысы, республиканың еңбек сіңірген механизаторы Василий Скрыль жолдас таяу арада комбайн агрегатының звено құрудың бастамашысы болды. Кәзір оның өзі төрт комбайннан құрылған звеноны басқаруда. Ол өзінің әріптестерімен бірге ең кемі 1 200 гектар жердің астығын ысырапсыз жинап алуға міндеттенді. Кәзір оның звеносы күн сайын бір жарым-екі норма орындайды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде де едәуір алға басқандық бар. Өткен жеті айдың ішінде іріқара 57,7 мың, шошқа 21,6 мың, қой 194,7 мың артты. Ал осы мерзім ішінде құс саны 3,3 есе көбейді. Өткен жылмен салыстырғанда ет өндіру 32,1 процент, сүт 7,1

процент өсті. Осының нәтижесінде мал өнімдерін дайындауда елеулі жетістіктерге қол жетті. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда биыл ет 2 мың тонна, сүт 5 100 тонна, жүн 820 тонна, жұмыртқа 4,7 миллион артық дайындалды.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының тарихи шешімдеріне, Н. С. Хрущев жолдастың кеңестері мен ұсыныстарына сәйкес облыс партия ұйымы ауылшаруашылық еңбекшілерінің алдына 100 гектар егістік жердің көлеміне есептегенде 75 центнерден, ал басқа жерлерге 16 центнерден ет өндіру дәрежесіне 1970 жылы жетуге міндеттеді. Біздің белгілеген шараларымызда облыс колхоздары мен совхоздары биылғы жылдың өзінде мал азығын дайындауды екі есе арттыру, сөйтіп 1962 жылы ет өндіруді 1961 жылмен салыстырғанда екі есе көбейтуді қамтамасыз ету атап көрсетілді.

Мал өнімдерін өндіруді еселеп арттырудың негізгі көзі тез жетілетін түліктерді, атап айтқанда, құс пен шошқаны көп өсіру, жемшөп өндіруді күрт арттыру, мал шаруашылығындағы көп жұмысты тілейтін қиын еңбек процестерін түгелдей механикаландыру және озат еңбек әдістерін өндіріске кеңінен енгізу болып табылады.

Облыстық партия комитеті бұл салада бастама көтерген бірсыпыра шаруашылықтардың жақсы ісін қолдап, оларды барлық шаруашылықтарға енгізуге ерекше көңіл бөлді. Мәселен, биыл Балкашин ауданындағы «Максимовский», Целиноград ауданының «Заря» совхозы ірі қараны байлаусыз ұстау және «елочка» типті қондырғылар орнату жөнінде бастама көтерді. Бұл озық әдісті тарату мақсатымен совхоз, колхоз мамандарының, территориялық басқарманың, аудандық партия комитетінің және бастауыш партия ұйымы секретарьларының экскурсиялары ұйымдастырылды. Олар осы екі совхоздағы жаңа жұмыс әдістерімен жете танысып, оны басқа шаруашылықтарға тарату жөнінде бірсыпыра жұмыс істеді. Қазір облыс шаруашылықтарында 370-тен астам сиыр сауатын қондырғы, сонымен бірге мал азығын дайындайтын басқа аппараттар орнатылды.

Партия, совет және шаруашылық органдары таяудағы екі-үш жыл ішінде қой шаруашылығын өркендетуге тиімді шаралар белгілеуде. Осы мақсатпен қой тұқымын асылдандыру ісін ерекше қолға алып отыр.

Облыс партия ұйымдары жаңа басқару органдарымен бірлесе отырып, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының жағдайын жақсарту, олар үшін мәдени-тұрмыстық құрылыс орындарын салу жөнінде қажетті шаралар белгіледі. Өткен жеті ай ішінде облыс бойынша осы мақсатқа 114 миллион сомның күрделі қаржысы игерілді. Қолхоздар мен совхоздарда 173 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Бұл 1961 жылмен салыстырғанда 3,6 есе артық. Құрылыс жұмысының қарқынды жүргізілуін мына фактінің өзінен де аңғаруға болады. Екінші тоқсандағы селолық құрылысшылардың жұмыс қорытындысы бойынша Өлкелік партия комитеті, Өлкелік атқару комитеті және Өлкелік кәсіпшілер Советінің ауыспалы Қызыл туы біздің облыстың құрылысшыларында қайтадан қалдырылды.

Экономика мен мәдениеттегі бұл жетістіктер жаңа басқару органдарының саяси және коллективтік іскерлік жұмысының нәтижесі екені даусыз. Оны Атбасар ауданындағы «Самар» совхозы партия ұйымының (секретары В. Чепраков жолдас) үлгілі ісінен айқын көруге болады. Партия ұйымының жиналысы мен мәжілісінде совхоз экономикасын онан әрі нығайту, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту, совхоз жұмысшыларының мәдени-тұрмыс дәрежесін көтеру және партиялық-ұйымдастыру жұмысының ең маңызды мәселелері үнемі талқыланып отырады. Совхоз партия бюросының практикалық жұмысында ашық партия жиналыстарын жиі-жиі өткізіп отыру дағдыға айналған. Ал мұның өзі маңызды мәселелер талқылауға, онда өздерінің

пікірлері мен ұсыныстарын айтып, істегі кемшіліктерді жоюға қолқабыс тигізу, сөйтіп совхоз коллективінің әр мәселесіне белсенді тұрда қатысуға совхоз жұмысшылары үшін қолайлы жағдай екені сөзсіз.

Партия бюросы өзінің күнделікті жұмысында партия топтары мен комиссияларға, кәсіподақ және комсомол активтеріне арқа сүйейді. Партия ұйымының жанында егіс жоспарының орындалуын бақылау, егіншіліктегі озат әдістерді өндіріске енгізу және техниканы сақтау, мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуын бақылау, қаржылардың дұрыс жұмсалуды және өнімнің түсер құнын кемітуді, техниканың қауіпсіздігі мен құрылыс жұмыстарының барысын бақылау жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді. Комиссия мүшелері әдетте партия жиналыстары мен бюро мәжілістеріне мәселе дайындауға белсене қатынасып отырады. Комиссия мүшелерінің көмегімен өткен жылы декабрь айында жергілікті жерде механизаторлар даярлау жөнінде жалпы жиналыс қаулы қабылдады. Бұрын механизаторлық мамандығы жоқ совхоз жұмысшылары, әсіресе жастар арнаулы курстарда оқыды. Бұл өзінің жемісті нәтижесін берді. Қыс кезінде совхозда 60 тракторшы, 54 комбайншы, 111 шофер даярланды. Сөйтіп, бұл совхоз биылғы жылы сырттан келетін механизаторлардың көмегінсіз-ақ егіс жұмыстарын өз күшімен атқара алатындай дәрежеге жетті. Оның бержағында егіс жұмысы басталмай тұрып, отряд, звено жетекшілерінің оқуы ұйымдастырылды. Бюро мүшелері мен үгітшілер әрбір бригадаға бөлініп, саяси тәрбие жұмысын жүргізді. Міне, осының нәтижесінде совхоз коллективі көктемгі егісті облыста бірінші болып өткізді.

Астрахань территориялық басқармасының коллективі еңбекшілер арасында үлкен ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысын жүргізуде. Бұл басқарманың қарауында 14 совхоз бен 3 колхоз бар.

Басқарма мамандары мен облыстық партия комитетінің парторгі алғашқы күннен бастап өздерінің негізгі міндетін партия, совет және шаруашылық органдарының күшін біріктіре отырып, өндірісте пайдаланылмай жатқан резервтерді ашуға және оларды толық пайдалануға ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені өндіріске кеңінен енгізуге, ауыл шаруашылығы еңбеккерлері арасында саяси жұмысты күшейте отырып, кадрларды бүгінгі күннің талабына сай тәрбиелеу ісіне жұмылдыру екенін терең сезіне білді. Соңғы айлардың ішінде территориялық басқарманың бастығы И. М. Боровой, облыстық партия комитетінің парторгі А. Халыков жолдастар басқарма мамандарымен және аудандық партия комитетімен бірлесе отырып, Калинин ауданындағы «Қызылжар» совхозының шаруашылық жайын терең талдап танысты. Сөйтіп, совхоз дирекциясы мен партия ұйымының ұйымдастырушылық жұмысындағы бірсыпыра елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Бірақ олар мұнымен ғана тынған жоқ. Совхоз ортасында ұзақ уақыт болып, ашылған кемшіліктерді жою жөнінде бірқатар шаралар қолданды. Атап айтқанда, совхоз кадрларын іріктеу және орналастыру, еңбек тәртібін нығайту, есеп пен еңбекке ақы төлеу және басқа да жұмыстарды қалыпқа келтірді. Кәзір совхоз бұрынғымен салыстырғанда шаруашылық жұмыстарын анағұрлым тәуірірек, әрі сапалы жүргізе бастады.

Ауылшаруашылық өндірісін басқарудың жаңа органдары партия, совет, шаруашылық органдарының жұмысына және олардың басшыларына игілікті әсерін тигізуде. Мұның бәрі бір ғана мақсатты—елімізде коммунизм құрудың ұлы Программасын жүзеге асыру ісіне еңбекші бұқараны ұйымшылдықпен жұмылдыру мақсатын көздейді.

Партия тобы—біздің сүйенішіміз

Елімізде коммунистік қоғам орнатудың жаңа Программасын қабылдаған КПСС XXII съезінен бері № 31 шахта партия ұйымының өмірінде де елеулі өзгерістер болды. Шахтаның партия бюросы өскелең жаңа міндет-талаптарға орай өз жұмысын қайта құрып, әсіресе партия топтарының жұмысын жолға қоя бастады, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін анағұрлым арттырды.

Партия тобы—бұқараның белсенді ұйымдастырушысы, сенімді тәрбиешісі. Шахтерлер арасындағы тәлім-тәрбие жұмысын жақсартып, мемлекеттік жоспар мен алынған міндеттемелерді орындауда партия тобының үлкен роль атқаратынын кәзір тәжірибе көрсетіп отыр.

Біздің № 31 шахта партия бюросында жүз алпыстан астам коммунист есепте тұрады. Олардың 75 проценті тікелей өндірісте істейді, жер астындағы аса күрделі де ауыр жұмыстарды атқарады. Коммунистерді өндіріске дұрыс орналастырып, олардың еңбек майданында жетекші роль атқаруын қамтамасыз еткен учаске, смена, бригадаларда азғантай топтың өзі-ақ келеді істің белсенді ұйымдастырушысы болатынына көз жетіп отыр.

Шахтада өткен жылы небәрі 9 партия тобы бар еді, партияның XXII съезінен кейінгі уақытта оның саны 14-ке жетті. Осы мерзімнің ішінде партия қатарына жаңадан 40-қа жуық еңбек озаты қабылданды.

Партия тобының жұмысын жақсарту неліктен қажет болып отыр?—деген сұрақтың тууы мүмкін. Бұл арада біз мынаны еске алдық: партия тобы өндіріске неғұрлым жақын тұрған ұйым, өндірістік жұмыстың барысындағы жаңа бастама мен орын алған кемшіліктің бәрін бұрын көретін де, оны жоюға қолма-қол шара қолданатын да партия топтары, сол топқа біріккен коммунистер. Сондықтан да партия тобын басқаруға тікелей өндірісте істейтін немесе оған тікелей қатысы бар адамдар, еңбек озаттары, алдыңғы қатарлы инженер-техник қызметкерлер іріктеп алынды. Мысалы, кәзір партия тобының жұмысын басқаратындардың ішінде Социалистік Еңбек Ері, коммунистік еңбек бригадасының бригадирі атақты кенші Б. Нұрмағамбетов, кен мастері Бойко, слесарь Майоров, проходчик Аукеев, тағы басқалар бар.

Партия бюросы партия топтарының жоспарлы түрде тиянақты жұмыс істеуін ұдайы бақылайды. Сонымен бірге олардың жетекшілерінің өндірістік, әсіресе саяси білімін көтеру, партиялық жұмыс әдістеріне жетілуіне қамқоршы болып, нақты көмек көрсетіп отырады.

Біз партия топтары жетекшілерінің семинар, кеңестерін үнемі өткізіп, олардың жұмыс жайын партбюрода тыңдап отырамыз. Партияның XXII съезінен бері өткен уақытта партия тобы жетекшілерінің семинары бірнеше рет өткізілді. Мұнда: жетіжылдық жоспарды асыра орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету; еңбек өнімділігін арттыру және өндірілетін көмірдің түсер құнын кеміту; еңбек тәртібін күшейту; өндіріске ғылым жетістігі мен озат тәжірибені енгізуі, тағы сондай толып жатқан мәселе талқыланды. Бұл семинарларда инженер Секачев, партия бюросының мүшелері Маенков, Зигалов жолдастар түрлі тақырыпқа баяндама жасады. КПСС Программасында комму-

низм орнату жөнінде баяндалған теориялық қағидаларды практикалық жұмыспен қалай байланыстырып, жүзеге асыру жөнінде партия тобы жетекшілеріне кеңес берілді.

Партия бюросы бұл семинарларда, партия топтары жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуын да ұйымдастырып отырады. Мысалы, өткен жылдың аяғында, биылғы жылдың басында № 4 учаскенің партия тобының жетекшісі Бойко жолдас семинарда КПСС XXII съезінің материалдарын жұмысшылардың қалай оқып-үйреніп жатқаны жөнінде және учаскеде цикл алу графигі бойынша жұмыс істеу тәжірибесі туралы баяндама жасады.

Бұл партия тобында 11 коммунист бар. Бұлардың барлығы да тікелей өндірісте істейді. Ол партия жұмысын жоспармен жүргізеді, партия тобы жиналысында өндіріс, саяси-бұқаралық, еңбек тәртібі тағы сондай мәселелердің іскерлікпен талқылануына баса көңіл бөліп отырады. Жыл басында болған партия тобының жиналысы лавадағы жұмысты цикл алу графигіне көшіру жөнінде учаске бастығы Маенков жолдастың баяндамасын тыңдады. Шахта бастықтарынан «Донбасс» комбайнының моторын ауыстыру, конвейерді автоматпен басқаруға көшіру сұралды. Бұл шараларды іске асыру жақсы нәтижеге жеткізді: февраль айынан бері бұл учаске өндірістік тапсырманы үнемі асыра орындап келеді.

Бойко жолдастың өзі әрі экономикалық мектептің насихатшысы. Сонымен қатар ол учаске коллективі арасында партияның XXII съезінің материалдарын оқып-үйренушілерді көрнекті құралмен, оқу өткізетін аудиториялармен қамтамасыз еткен активтің бірі. Биылғы жылдың бірінші жартысында ғана бұл учаске 840 тонна көмірді жоспардан артық шығарды. Сонымен бірге учаске цикл алу графигіне көшкеннен бергі уақыттың ішінде еңбек өнімділігі 22 процент артты, жалақы қоры 20 процентке жуық үнемделді. Осы тәрізді озат тәжірибені алмастырудың басқа учаскелер мен партия топтарының жұмыстарын жолға қоюда маңызы зор.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Нұрмағамбетов жолдас басқаратын № 2 учаскедегі партия тобының жұмыс тәжірибесі де көңіл аударарлық. Мұндағы коммунистердің бәрі тікелей өндірісте істейді. Жыл басында учаске жұмысында ірі кемшіліктер орын алған болатын. Ол жоспарын орындамайтын учаскелердің қатарына ілінген еді. Бұл мәселені Нұрмағамбетов жолдас партия тобының арнаулы жиналысына қойды, учаскені қысқа мерзім ішінде олқылықтан қалай шығару керек екенін коммунистермен, озат жұмысшылармен ақылдасты. Ақыры забойдың жолын аршинғын арнаулы бригада құру керек деген ұйғарым қабылданды. Бұл жұмысты коммунист Щербинин мен партия тобының жетекшісі Б. Нұрмағамбетов жолдастардың өздері тікелей басқарды. Қазір бұл учаске олқылықтан шығып, озаттар қатарына қосылды. Мұнда биылғы жылдың бірінші жартысында 4 мың тоннадан астам, ал жеті айдың ішінде 10 мың тоннаға жуық көмір жоспардан тыс шығарылды. Учаскеде еңбек өнімділігі былтырғы осы уақыттағыдан 15 процент артты, көмірдің түсер құнын кеміту есебінен 10 мыңнан аса сом пайда түсті. Учаскеде өндірістік тапсырманы орындамайтын бірде-бір кенші жоқ. Нұрмағамбетов жолдастың бригадасы еліміздің атақты шахтері Н. Мамаймен жарысқа түскен.

Б. Нұрмағамбетов жолдас басқаратын бригада міндеттеме бойынша биыл 6 мың тонна көмірді жоспардан тыс өндіруге тиіс еді. Бұл жеті айдың ішінде-ақ абыроймен орындалды. Міндеттемесін қайта қараған бригада мүшелері жыл аяғына дейін жоспардан тыс шығарылатын көмір мөлшерін 9 мың тоннаға жеткізуге серт берді.

Шахта ішіндегі транспорт учаскесінде Малый жолдас партия ұйымдастырушысы болып істейді. Мұнда партия қатарының өндіріс озатта-

ры есебінен өсуіне баса назар аударылады. Партия тобы учаске кеншілері арасында еңбек тәртібінің нығаюына, жұмысшыларды тұрақтандыруға бағытталған нақты шаралар қолданып отырады. 1959 жылдан бері шахта ішіндегі транспорт учаскесіндегі партия тобы 27 адамға өсті. Олардың бәрі еңбек озаттары. Мысалы, электровоз машинистері Қәрімжанов, Гаврилюк, слесарьлар Смирнов, Қенжин, тіреушілер Харламов, Борисов, жол қараушылар Жанаев, Хамзин жолдастар таңдаулылар санатында. Олар өндірістік тапсырманы ұдайы асыра орындайды. Бұлардың көбі кәзірдің өзінде 1964 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Бұл партия тобындағы коммунистердің бәрі саяси, экономика мектебінде, орта және жоғары оқу орындарында сырттан оқиды.

Механика цехындағы Бұқатов жолдас басқаратын партия тобы өндірістегі істің жайын біле отырып басқарудың, партиялық, саяси, ұйымдастыру ісін шаруашылық құрылыс тәжірибесіне лайықтап құрудың үлгісін көрсетіп келеді. Бұдан біраз бұрын бұл цехта еңбек өнімділігі төмен болатын. Партия тобы бұл мәселені арнаулы жиналыста қарап, пайдаланылмай жатқан резервті іске қосудың жолын іздеп тапты. Жұмыстың кейбір саласын автоматтандырды. Тағы осы тәріздес шаралар қолданылды. Соның нәтижесінде 80 адамның қызмет орны босатылды, жалақы қорын жыл ішінде жүз мың сомға үнемдеуге мүмкіндік туды, еңбек өнімділігі едәуір арттырылды.

Осы цехта үгіт-бұқаралық жұмыстың жолға қойылуы нәтижесінде жұмысшылардың инициативасы, саяси белсенділігі, еңбектегі жігері анағұрлым артты. Партия тобы қабырға газеттерін, ұрандар, плакаттар шығарып тұрады. Мысалы, шахта, цех, жеке бригада немесе еңбек озаты өндірістік жаңа табысқа жеткен екен делік. Бұл жөнінде дереу «Найзағай» шығарылады, цех жұмысшыларын озаттардан үлгі алып, жаңа табысқа жетуге шақырады. Бұл шаралардың бұқараны шаруашылық міндеттерді орындау күресіне ұйымдастырып, саналылық рухында тәрбиелеуге тигізетін ықпалы зор болып отыр.

Жеке партия топтары жұмыстарының едәуір жақсаруы шахтадағы өндірістік жұмыстардың дәрежесін көтеруге көмектесті. Жетіжылдық жоспарды орындау күресі басталғаннан бері № 31 шахта коллективі алған міндеттемесін асыра орындап келеді. 1958 жылмен салыстырғанда 1962 жылдың бірінші жартысында тәулігіне көмір өндіру мөлшері мұнда 75 процент өсті, еңбек өнімділігі 65 процент артты, өнімнің түсер құны 25 процент кеміді. Шахта коллективі биылғы жарты жылдық жоспарды 106 процент орындап, елімізге жоспардан тыс 16 мың тоннадан астам көмір берді.

Алайда, партия бюросының учаскелердегі партия топтарына басшылық жасауында әлі де болса жеке кемшіліктер орын алып отыр. Партия топтарының бәрі бірдей өз міндеттерін ойдағыдай атқарып отырған жоқ.

Шаруашылық құрылыстағы істің табысты болуы партиялық ұйымдастыру жұмысының дәйектілікпен жүргізілуіне тікелей байланысты. Кейбір партия топтары жұмысындағы орын алып отырған кемшіліктерді жоя отырып, кеншілерге партиялық ықпалды күшейте түсеміз, оларды елімізге қара алтынды көп беру күресіне жұмылдырамыз. Бұл — шахтадағы барлық коммунистердің ардақты борышы.

Т. БӨКЕБАЕВ,

№ 31 шахта партия бюросының секретары.

Қарағанды.

Комсомолдың күші—партия басшылығында

Коммунистік партия комсомолдың жұмысына әрдайым зор мән беріп келеді. Бұл түсінікті де. Өйткені жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беру—партиямыздың, бүкіл қоғам жұртшылығының негізгі міндеттерінің бірі.

Коммунистік партияның аталық қамқорлығы нәтижесінде комсомол орасан зор күш болып жетілді, миллиондаған совет жасы үшін нағыз өмір мектебіне айналды. Елімізде коммунизм құрылысының кең өріс алуына байланысты комсомолдың ролі бұрынғыдан арта түсті. «Жастарды коммунизм рухында тәрбиелеуде, — делінген партияның Программасында, — оларды жаңа қоғамның практикалық құрылысына тартуда, коммунизм тұсында өмір сүріп, жұмыс істейтін және қоғамдық істерді басқаратын жанжақты жетілген адамдардың ұрпағын даярлауда партияға көмектесуші жастардың дербес қоғамдық ұйымы болып табылатын коммунистік жастар одағының ролі артады. Партия жастарды совет халқының коммунизм жолындағы күресінде жасампаз, творчестволық күш деп біледі».

Комсомолдың күші партия басшылығында екенін КПСС әрдайым атап көрсетіп келеді. Партия ұйымдары ұдайы көңіл бөліп, үздіксіз басшылық етіп отырса, комсомол өз міндетін ойдағыдай орындайды. Мұны Семей облысындағы кейбір комсомол ұйымының жұмысынан айқын көруге болады. Соңғы үш жылда партия ұйымдары комсомолдың жұмысына байланысты 93 мәселе қарады. Бұларда негізінен комсомолға партия басшылығын жақсарту мәселесі сөз болды.

Соңғы кезде партия комитеттерінің комсомолға басшылығы бұрынғыдан біраз жақсара түсті. Бұл комсомолецтер мен жастардың саяси белсенділігін арттырып, шеберлігін шындай түсуіне көмектесті. Қазір облыстағы барлық комсомол мүшесінің 63 проценті тікелей өндірісте істейді. 5 мыңнан астам жас жұмысшы мен колхозшы партияның XXII съезін зор еңбек табысымен қарсы алды. Жастар «Жетіжылдықтың комсомолдық қассасына» 6 миллион сом қаржы салды, экономикалық пайдасы 3 миллион сомдық 2 500 жаңалық ұсыныс жасады. 117 комсомолец-жастар коллективіне коммунистік еңбек коллективі атағы берілді; бұларда 7 500 жас жұмысшы мен колхозшы еңбек етеді. Қазір колхоздар мен совхоздардағы жастардың 54 коллективі осы құрметті атақты алу үшін күресуде.

Кеме жөндеу зауыдының жас жұмысшылары, коммунистік еңбектік екіпінділері А. Дәуренбеков, В. Бершауэр, халық шаруашылығы советі құрылыс тресінің В. Фомичева басқаратын кірпіш қалаушылар бригадасы жетіжылдықтың бесінші-алтыншы жылының есебіне жұмыс істеуде.

М. И. Калинин атындағы ет-консерві комбинатының комсомолецтері партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне бірінші болып үн қосты. Комсомол комитетінің секретары М. Першин жол-

дас бас болып, 17 жас Бесқарағай ауданының «Кривинский» совхозына тұрақты жұмысқа барды. Семей қаласынан ауыл-селоға көмекке 200-дей жас аттанды.

Абай ауданының қазақ қыздары механизатор мамандығын меңгеруді ұйғарды. 60-қа тарта қыз механизация училищесіне оқуға түсті. Олар кәзір егін даласында практикадан өтуде. Бұл бастаманы облыстың басқа аудандарындағы жастар қызу қолдады.

Бірақ, жалпы алғанда, облыс партия ұйымдарының комсомолға басшылығы нашар болып отыр. Бірсыпыра партия ұйымдары жастарды еңбекке баулу, олардың бастамасын қолдап, көптің игілігіне айналдыру мәселелерін кейде назардан тыс қалдырады. Кейбір колхоз бен совхозда жастар тапсырылған іске жауапсыз қарайды; сондықтан да олар егіншілікте агротехникалық ереженің бұзылуына, малдың өлім-жітіміне, ауылшаруашылық техникасының дұрыс сақталмауына төзімділік жасайды.

Игілікті бастама көтеріп келе жатқан комсомол ұйымдары жоқ емес. Мысалы, Семей қаласының кәсіпорындарында комсомолдық рейд ұйымдастырылды. Тексеру үстінде көптеген іске жарамды жабдықтың қозғалыссыз, шаң-тозаң басып жатқаны, тағы басқа кемшіліктердің беті ашылды. Бұл жөнінен тиісті орынға хабарланды. Қалалық партия комитеті мен Семей халық шаруашылығы советі тиісті шара қолданды. Бірақ бұл құнды бастама облыстың басқа кәсіпорындары мен шаруашылықтарына таратылмады. Бастаманы көптің игілігіне айналдыру туралы қаулы қабылданады, бірақ жүзеге асырылмайды. Өткен жылдың басында Володарский атындағы фабрика комсомолецтері өнім өндіру жұмысында брак жібермеу, бақылаушысыз жұмыс істеу жөнінде бастама көтерді. Бастаманы жастар арасына кең тарату ұйғарылды. Бірақ фабрика партия ұйымы жеткілікті көмек көрсетпегендіктен ұйғарым қағаз жүзінде қалып қойды. Бұған облыстық және қалалық комсомол комитеттері де жете мән бермеді.

Жастар арасында социалистік жарыс ұйымдастыру жөнінде де үлкен кемшілікке жол беріліп жүр. Өткен жылы облыстың комсомолец-жастары 90 мың гектар жүгері өсіруді қамқорлыққа алған еді, бірақ олар уәдені орындай алмады. Өйткені, жас жүгерішілерді оқытып, даярлау ісі бетімен жіберілді, озаттардың тәжірибесі жастар арасына жеткілікті таратылмады. Мал шаруашылығына жастарды көптеп жіберу туралы міндеттеме де орындалмай қалды. Мәселен, Бесқарағай ауданында Е. Шанохин жолдастың комсомол-жастар бригадасы 1 800 гектар тарының әрбір гектарынан 15 центнерден өнім алуға міндеттеніп, жастарды социалистік жарысқа шақырғанды. Міндеттемені аудандық партия комитеті мақұлдаған еді. Бірақ ұйымдастыру, басшылық жұмыстарының нашарлығынан комсомолецтер мен жастар уәдесін орындай алмады.

Облыстың комсомол ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру, жаңа техниканы өндіріске енгізу, қаржыны үнемдеу, өнімнің сапасын жақсарту күресіне қызу араласа алмай отыр. Семей қаласындағы негізінен жастар жұмыс істейтін көптеген кәсіпорын өндірістік және экономикалық көрсеткіштер жөнінен кенже қалып келеді. Кейбір жерде жұмыс нормасын орындамайтын жас жұмысшылардың саны көбейіп кетті. Өткен жылы шұлық тоқу комбинатында 41 жас жұмысшы тапсырмасын орындамаса, биыл олардың саны 287 адамға жетті.

Жастарды коммунизм рухында тәрбиелеуде коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың маңызы ерекше зор. Бірақ бірқатар партия, кәсіподақ ұйымдарының басшылары коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің қозғалысына нақты басшылық ете алмай келеді.

Жастарға идеялық-саяси тәрбие беруге жете көңіл бөлінбейді. Сондықтан да саяси оқу үйірмелері көбінесе үздік-создық жұмыс істей-

ді. Ал, бірсыпыра ауданда саяси оқу үйірмелері оқу жылының басында-ақ өз жұмысын тоқтатты.

Кейде, комсомол қызметкерлерінің өздері үйірме жұмысына жете мән бермейді. Облыстық комсомол комитеті насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Олейничева жолдас колхоздар мен совхоздарда болған кезінде саяси үйірме жұмысымен мүлде шұғылданбаған, бірде-бір сабаққа қатыспаған.

Жас еңбеккерлер арасындағы лекциялық насихат, үгіт-бұқаралық жұмыс партияның XXII съезі қойған талапқа сай болмай келеді. Кейбір аудандарда лекция өте сирек оқылады, басшы қызметкерлер бұл жұмысқа аз тартылады; жастардың кеші, бұқаралық-ұйымдастыру жұмысының өзге де түрлері жете пайдаланылмайды. Семей қалалық комсомол комитетінің, Абай, Шар, Үржар аудандық комсомол комитеттерінің жанынан құрылған жас лекторлар тобы мүлде жұмыс істемейді. Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның аудандық бөлімшелері жанындағы жастар комиссияларының жұмысы да ойдағыдай емес.

Лекция мен баяндама көбінесе ығыр болған тақырыпта оқылады. Оның өзінде жергілікті мысалдар мен фактілер аз пайдаланылады. Әсіресе, эстетикалық, атеистік тақырыптағы, коммунистік және интернационалдық тәрбие мәселелеріне арналған лекциялар өте аз.

Соңғы кезде мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы аздап жақсарды. Дегенмен, олар көбінесе кино көрсету, би ұйымдастырумен ғана тынады. Әсіресе, малшылар арасындағы мәдени-көпшілік жұмысы мәз болмай отыр. Бесқарағай, Көкпекті, Новопокров, Абай аудандарының көптеген колхозы мен совхозында қарапайым спорт базаларының өзі, спорт жабдығы жоқ. Байланыс бөлімшелерінің жұмысы нашар. Газет, журнал мезгілінде жеткізіліп тұрмайды.

Комсомол ұйымдарының негізгі міндеті—жастарды қоғам үшін еңбек етуге тәрбиелеу, идеялық жағынан шындау, қоғамдық меншікті көздің қарашығындай сақтауға, мінез-құлықты саналы, эстетикалық талағамы күшті болуға тәрбиелеу. Мұндағы мақсат—жергілікті комсомол ұйымдарының, оның қызметкерлерінің өмірде болып жатқан құбылыстарды, жаңалықтар мен өзгерістерді дұрыс түсініп, одан дұрыс қорытынды шығаруына көмектесу; тек сонда ғана коммунистік мораль принциптері жеке адамның сындарлы ұғымына айналады. Бірақ комсомол ұйымдарының жұмыс дәрежесі көп ретте бұл талапқа сай болмай жүр. Бірсыпыра жас қоғамдық еңбектен бас тартады, діннің шырмауына түседі, бұзақылық, тәртіпсіздік жасайды, ішкілікке салынады.

Жоғары оқу орындарының, техникумдардың, арнаулы оқу орындары мен мектептердің комсомол ұйымдарына партиялық басшылықта да елеулі олқылықтар бар. Оқу орындарының көбінде комсомол ұйымының ролі төмендеп кеткен.

Облыста тікелей өндірісте жұмыс істейтін жастардың жалпы білім дәрежесін көтеру жайы қанағаттанғысыз. Көптеген партия ұйымдары КПСС Программасының таяудағы уақытта жалпыға бірдей орта білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды қағидасын назардан тыс қалдырған.

Комсомолдың күші бірліктен, ұйымшылдықтан көрінеді. Бұлай болмаған жағдайда ішкі тәртіп бұзылады. Облыстың бес ауданында комсомолецтердің саны азайып кеткен. Өйткені бұларда комсомолға қабылдау тәртібі бұзылған. Аякөз ауданында, Семей қаласында комсомолға қабылданған адамдарға комсомол билеті мезгілінде тапсырылмайды. Мәселен, Семей қалалық комсомол комитеті мүшелікке қабылданған 37 адамға 8—11 ай бойы билет бермеген.

Бірсыпыра комсомол ұйымында есепке алу, мүшелік жарна төлеу ісі дабыл көтерерлік жағдайда болып отыр. Сол сияқты комсомол жи-

налысы, пленум уактылы шақырылмайды. Новопокров ауданының Семей совхозында, Киров атындағы колхозында, Аякөз ауданының Карл Маркс атындағы колхозында, «Қарақол», Калинин атындағы совхоздарында жыл бойы комсомол жиналысы өткізілмеген.

Сондай-ақ облыстық, аудандық партия комитеттері кейде колхоздар мен совхоздардың жұмысы яки мәдени-бұқаралық жұмысы туралы маңызды шешім қабылдаған кезде комсомол ұйымдарын ұмыт қалдырады. Мысалы, биылғы жылы Семей облыстық партия комитетінің бюросы: «Жүгеріден мол өнім алу жөніндегі озат тәжірибе мектебінің жұмысын жақсарту туралы», «Үржар ауданындағы саяси оқу жүйесінде КПСС XXII съезінің материалдарын оқып-үйренудің барысы туралы» және басқа қаулылар қабылдады. Бұл қаулыларда комсомол туралы бір ауыз сөз жоқ.

Облыстың партия ұйымдары комсомол кадрларына жете қамқорлық жасамайды. Тәжірибелі, іскер жас коммунистер мен комсомолецтер қызметке өте аз жоғарылатылады. Оның есесіне, кейде комсомол қызметіне жастар арасындағы жұмыстың ерекшелігін білмейтін, шенқұмар, даурықпа, әпербақан, кездейсоқ адамдар жіберіледі. Мәселен, облыстық комсомол комитетінің насихат және үгіт жөніндегі секретары А. Г. Алексеев ішкілікке салынып, қоғамдық орында тәртіпсіздік жасап, оғар мінез көрсеткені үшін қызметтен босатылды. Облыстық комсомол комитетінің екінші секретары Г. И. Пчелинцев қалалық комсомол комитетінің секретары болып тұрған кезде пионерлердің металл сынығын жинап тапқан ақшасына коллектив болып ішкілік ұйымдастырған. Сол үшін ол партиялық жаза алған. Үржар ауданында партияның XX съезі атындағы колхозда бұзақылық жасағаны үшін заң жүзінде жазаланған Оразбеков, Абай ауданының «Қызылту» совхозында мас болып біреуді жәбірлеген Т. Аяпбергенов әлі күнге дейін комсомол ұйымының секретары болып істеп жүр.

Комсомол кадрларын іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу жөніндегі осындай төзгісіз кемшіліктерді тез жою—партия ұйымдарының төлміндеті. Партия комитеттері бастауыш, аудандық, қалалық комсомол ұйымдарына қабілетті, беделді, іскер жас коммунистер мен комсомолецтерді жіберуге тиіс. Басшы қызметке, әсіресе ауыл шаруашылығының мамандарын, қыздарды, оның ішінде қазақ қыздарын жоғарылатқан жөн. Өйткені, облыс комсомол ұйымы дәл осы мәселеде үлкен кемшілікке ұрынды.

Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы кәзір коммунизмнің нұрлы шыңына қарай қадам басып барады. Партияның аталық қамқорлығынан, зор сенімінен бойына қуат алған комсомолецтер мен жастар коммунизм құрылысына лайықты үлес қосуда. Ендігі міндет—партия ұйымдарының комсомолға басшылығын бүгінгі күннің талабына сай неғұрлым жоғары дәрежеге көтеріп, елеулі кемшіліктерді жою. Тек сонда ғана комсомол ұйымдары өз жұмысын жақсартып, комсомолецтер мен жастардың саяси және еңбектегі белсенділігін арттыра түседі.

О. БАТЫРБЕКОВ,
Т. НӘБИН.

Еңбек өнімділігін арттыру — өзекті міндет

А. МҰСЫЛМАНҚҰЛОВ

Партияның XXII съезінің тарихи шешімінде, КПСС Програма-сында жалпы транспортты, оның ішінде, әсіресе темір жол транспортын неғұрлым шапшаң өркендетудің күрделі шаралары да белгіленді. «Транспорт саласындағы аса маңызды міндеттер, — делінді Програмада, — транспорт жол құрылысын кеңейту және халық шаруашылығы мен халықтың жүк тасымалының барлық түрі жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету, темір жол транспортын техникалық жағынан бұдан былай да қайта жарақтандыра беру».

Шынында, жанжақты дамыған темір жол транспортынсыз коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың, мәдениет пен техниканы өрістетудің күрделі міндеттерін ойдағыдай орындау мүмкін емес. Сондықтан да теміржолшылардың даңқты революциялық және еңбек дәстүрлерін дамыта отырып, болат жолдың барлық мүмкіндігін іске қосу, техниканы тиімді пайдаланып, озат тәжірибе мен ғылым табыстарын кеңінен қолдану — түбегейлі міндет.

Міне, осындай өскелең талапқа орай, Қазақстанның темір жол транспортын одан әрі өркендету жөнінде нақты шаралар осы жетіжылдық ішінде жүзеге асырылмақ. Бұл міндетті орындау мәселелері Қазақ теміржолшыларының биыл болып өткен кеңесінде жанжақты талқыланды. Онда: 1965 жылға белгіленген тасымал жұмысын жұмысшылар санын көбейтпей-ақ, мерзімінен бұрын орындау, еңбек өнімділігін 60 процент арттырып, тасымалдың түсер құнын 28 процент кеміту жөнінде міндеттеме қабылданды. Тасымал қарқынын жеделдетумен қатар жүк тиеу-түсіру және қойма жұмыстарын жаппай механикаландыру, автоматтандыру, транспорттың бүкіл техникасын, машина-жабдығын тиімді пайдалану, жолаушыларға қызмет көрсету мәдениетін арттыра түсу, темір жол шаруашылығының күллі саласында жұмысты шұғыл жақсарту бағытында да нақты шаралар белгіленгенді.

Белгіленген осындай шараларды жүзеге асыруда, ең алдымен еңбек өнімділігін арттырудың маңызы ерекше зор. В. И. Ленин еңбек өнімділігін арттыру — жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты шарт деп көрсеткен болатын. «Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — біздің прогресіміздің өлшемі және адамдардың тұрмыс дәрежесі артуының аса маңызды көзі міне осы. Мәселені бұдан басқаша қоюдың қандайы болса да бос сөз».

Қазақ темір жолында кәзіргі кезде жүк тасымалының көлемі артудымен бірге түрлі мамандықтағы теміржолшылардың еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беру жолындағы күрес үдей түсіп отыр. Бұлардың нәтижесінде ауыр салмақты составтардың жүріс жылдамдығы арттырылды, айналымы тездетілді, локомотивтердің салт жүрісі анағұрлым азайтылды. Мұның өзі жүкті көп тасуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, еңбек өнімділігін арттыру жолында едәуір табысқа қол жетті. Қазақ темір жол транспортында еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасы 1960

жылы 103,3 процент, 1961 жылы 104,8 процент, ал осы жылдың алты айында 107 процент орындалды.

Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрес көптеген бөлімшелерде, өндіріс орындарында қызу жүргізілді. Олардың біразы міндеттемелерін асыра орындап, жұрттың сүйіспеншілігіне ие болуда. Мысалы, Үштөбе локомотив және Алматы вагон деполары бойынша еңбек өнімділігі жөнінде алынған міндеттемелер 118 проценттен орындалды. Сонымен бірге саналуан мамандықтағы темір жолшылар арасынан көптеген еңбек ардагерлері де өсіп шықты. Бұл арада мысал ретінде 1 Алматы станциясындағы поезд құрастырушы К. Самойленконың, вагон тіркеуші В. Бучневтің, машинист В. Прасолдың, машинист жәрдемшісі Б. Тұрдыәлиевтің еңбек өнімділігін еселеп арттырудағы қол жеткен табысы көзге түсерліктей екенін айта кету орынды. Айнабұлақ дистанциясының жол қараушысы М. Жарболов, Жамбыл станциясының вагон тіркеушісі Ж. Сыздықов сияқтылар да озаттар санатында болып отыр. Мұндай алдыңғы қатарлы өндіріс орындары мен озат жұмысшылар Қазақ темір жолында аз емес.

Қазақ темір жолында еңбек өнімділігін арттырудың басты міндетінің бірі — өндіріс жұмыстарын автоматтандыру мен механикаландыру, жаңа техника мен озат тәжірибені кеңінен пайдалану. Кәзір жолда бір орталықтан диспетчерлік басқарудың аса тиімді тәсілі тәжірибеде сынан өткізіліп, кеңінен қолданылуда. Бұл бастаманы Қарағанды—Целиноград—Қарталы—Магнитка жолдарын электрлендіру жөнінде барлау-жобалау жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс Қарағанды, Целиноград учаскесінде биыл басталып 1963—1964 жылдары бітуге тиіс. Бұл бастаманы СССР Жол қатынасы министрлігі мақұлдады, оны Совет Одағындағы барлық темір жолда кеңінен қолдануға ұсынды.

Бұл әдістің тиімділігі неде? Бұл ең алдымен техниканы тиімді пайдалануға, штатты едәуір қысқартып, қаржыны әрі үнемдеуге, әрі оның айналымын тездетуге мүмкіндік береді. Мысалы, айырым пункттерінде жүріс және байланыс қызметіндегі жұмысшылардың бірыңғай штаты құрылып отыр. Мұнда станция бастығы электромеханиктің, станция кезекшісінің, арнаулы монтердің қызметін қоса атқарады. Бытыраңқы байланыс околоткаларының орнына байланысшылардың тұтас механикаландырылған бірыңғай бригадалары құрылатын болады. Осылардың нәтижесінде бір орталықтан диспетчерлік басқару тетіктерімен жабдықталған 100 километрлік жолдан 90 адамның қызмет орнын қысқартуға мүмкіндік туды. Сонымен бірге диспетчерлік басқару құрылысына жұмсалатын қаржы басқа жолдарда 4—5 жыл ішінде өтелетін болса, ол Қазақ темір жолында 1,5—2,5 жыл ішінде өтелетін болып отыр.

Диспетчерлік басқару жол бойында жылдан жылға арта түсуде. Мысалы, бір орталықтан басқарылатын жол 1959 жылы 414 километр болса, ал 1960 жылы 617 километрге жеткізілді. Биылғы жылдың өткен айларында оның ұзындығы 800 километрге жеткізіліп отыр.

Кәзіргі кезде темір жол транспортында паровоздың орнына тепловоз бен электровоз кеңінен қолданылуда. Ұзындығы 12 мың километрге жететін Қазақ темір жолының 5 628 километрінде кәзірде тепловоз жүреді, 1885 километр болат жол толық және жартылай автомат арқылы басқарылады. Транспортты жаңа техникамен жабдықтап, оны қайта құруда бұлар сияқты істеліп жатқан іс аз емес.

Қазақ темір жолында тепловозды кеңінен қолданудың нәтижесінде поездардың шапшаңдығы едәуір артты, олардың салмағы 2—3 есе өсті, локомотив бригадаларының жұмыс жағдайлары жақсартыла түсті, поездар жүрісінің хауіпсіздігі анағұрлым күшейді. Жалпы алғанда темір жолға жаңа техниканы кең енгізудің, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың, әртүрлі ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде жеті мыңнан аса адамның қызмет орны қысқартылды, жылына

9 миллион сомға жуық мемлекет қаржысы үнемделетін болды. Бұл арада Защита темір жол бөлімшесінің еңбек өнімділігін едәуір арттырып, 230-ға жақын адамның қызмет орнын қысқартқан, жылына 189,4 мың сом қаржы үнемдеген жақсы тәжірибесін айта кету артық емес.

Өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру ісіне өнертапқыштар мен жаңашылдардың қосарлық үлесі зор. Сондықтан да олардың игі бастамасы батыл қолданылып отырады. Биыл жолда істейтін төрт мыңға жақын өнертапқыштан алты мыңдай ұсыныс түсті, оның бес мыңдайы өндіріске енгізілді. Мұның өзі мемлекеттің тоғыз мыңнан аса сом қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Өнертапқыштар ұсыныстары, әсіресе, Алматы темір жол бөлімшесінде көп түсті. Мұнда 540 өнертапқыштан биылғы жарты жылда тоғыз жүздей ұсыныс түсті. Бұл ұсыныстардың 745-і өндіріске енгізілді. Сол арқылы бөлімше бойынша 3,4 тонна болат, 7,2 текшеметр құрылыс материалы, 110 метр құбыр, 2,4 тонна қалайы үнемделді.

Кәзір есімін бүкіл темір жол транспортының қалың жұртшылығы жақсы білетін Арыс станциясының тепловоз депосының слесары В. Шкарин, Түркстан паровоз депосының слесары И. Әбішев, Шымкент вагон депосының мастері Ф. Бурданов сияқты озат өнертапқыштардың қатары күннен күнге көбейе түсуде.

Поездардың салмағын арттыру үшін күресу — жол бойында еңбек өнімділігін арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан тәсілдің бірі. Бұл әдіс жүкті неғұрлым көп тасуға, оған жұмсалатын қаржыны кемітуге мүмкіндік туғызады. 1962 жылдың 6 айы ішінде Қазақ темір жолы бойында 20 мыңнан астам ауыр салмақты поезд жүргізіліп, халық шаруашылығының 20 миллион тонна жүгі тасылды. Ауыр салмақты поездарды кідіріссіз алып жүретін озат машинистердің қатары өсіп келеді. Бұл жөнінде Сарыөзек депосының машинистері Пугук, Холоденко, Шалқар паровоз депосының машинисі Тілешкенбаев, Арыс станциясындағы локомотив депосының машинисі М. Шепиловтардың қажырлы еңбектері, өнегелі істері кімге де болса үлгі боларлық.

Бірақ поездар салмағын арттыра беру барлық бөлімшелерде де жақсы ұйымдастырылып отырған жоқ. Мысалы, биылғы жылдың алты айы ішінде Қызылорда темір жол бөлімшесінен жөнелген поездардың жалпы салмағы нормадағысынан 152 459 тонна жеңіл, 207 поездың құрамында 1 476 вагон кем болды. Осы іспеттес елеулі кемшілік Арыс станциясынан да кездеседі. Бұл бөлімшеде осы жылдың бірінші жартысында 360-тан астам поездда жоспардағыдан 75 мың жарым тонна жүк кем тиелген, 789 вагон кем жөнелтілген. Қарағанды темір жол бөлімшесінде де жағдай осындай.

Коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүру жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа теміржолшылар да кең қатысып отыр. Бұл күндері жол бойында коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін 622 бригада, смена, цех өзара жарысқа түсті, 10 900 адам коммунистік еңбек екліндісі атағын алу үшін күрес жүргізуде. Осындай құрметті атаққа 164 бригада, төрт мыңдай темір жолшы ие болды. Жұмысты барынша жақсы ұйымдастырып, тамаша көрсеткіштерге қолы жеткен озат бригадалар да аз емес. Алматы темір жол бөлімшесіндегі есімі елге белгілі жол мастері Социалистік Еңбек Ері Әбілхат Құлтанов басқаратын коммунистік еңбек бригадасы номері бірінші околodka деген абзал атақ алды. Сол тәрізді Арыс станциясының кезекшісі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Әуезхан Салықбаев жолдас басқаратын коммунистік смена озат әдіс қолданып, өндірістік тапсырманы үнемі асыра орындап келеді. Олар еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемесін 142 процент орындады. Бұл тәрізді жұмыстың жақсы жағын сипаттайтын фактілер аз емес.

«Коммунизм орнатуда еңбек өнімділігін арттырудың маңызы зор деп бізде жиі-жиі қайталап айтылуда, — деген болатын Н. С. Хрущев жолдас темір жол транспорты қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде 1962 жылғы 10 майда сөйлеген сөзінде. — Бұл дұрыс, бұл туралы айту керек. Бірақ кейде мұның өзі тым көп айтылып, былайша алғанда, сөздің сәнін келтіру үшін қолданылып жүр. Партия және шаруашылық органдары қызметкерлерінің бәрі бірдей жоғарғы еңбек өнімділігінің неден құралатынын, еңбек өнімділігін ұдайы арттырып, өнім өлшеміне еңбек жұмсауды қысқарту, өнімнің сапасын арттыру үшін не істеу керек екенін ойластырып отырған жоқ деп, өкінішті болса да, атап айту керек».

Еңбек өнімділігін арттыра беру мақсатында темір жолда пайдаланылмай жатқан резервтер мен мүмкіншіліктер әлі көп. Мысалы, жол бойындағы локомотив деполары өткен жылы отынды нормадағысынан 43 процент, ал биылғы жылдың алғашқы жартысында да 47,4 процент артық жұмсады. Қазір транспортта 80-нен астам кәсіпорны жүк тасымалы жөніндегі жоспарды орындамай отыр. Осы тәріздес кемшіліктер салдарынан көптеген кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру дәрежесі ойдағыдай болмай жүр.

Қазіргі шақта теміржолшылар үшін де жұмыстың нағыз қауырт кезеңі туды. Жаңа егіннің ондаған миллион пұт астығын элеватормен дайындау пункттеріне ешбір кідіріссіз шашпай, төкпей тасу осыларға жүктеледі. Бұл міндетті абыроймен орындау—темір жолшылардың қасиетті борышы.

Темір жол транспорты қызметкерлерінің Москвада өткен бүкілодақтық кеңесінде транспорт жұмысын жақсарту берудің нақты шаралары белгіленді. Оларды жүзеге асыру ісіне Қазақ темір жол магистралінің жұмысшылары мен қызметшілері де лайықты үлес қосады.

Шымкент цементі

Қөк желекке оранған кәзіргі Шымкент — алуан салалы өнеркәсіп орталығы. Оның Одақ көлемінде әйгілі қорғасын заводы өз алдына бір бөлек. Оған жапсарлас жатқан өнімі дүние жүзінің 20-дан астам еліне жіберілетін М. И. Калинин атындағы пресс-автомат, химфарм, гидролиз, қаракөл заводтары мен мақта-мата, май комбинаттары тағы бар.

Осылармен қатарлас, қаланың оңтүстік-шығыс жағында цемент заводы жатыр. Бұл заводтың етек-жеңін толық жиып, 1 миллион 800 мың тонна цемент бере бастағанына әлі бір жыл да болған жоқ. Партияның XXII съезінің ашылу қарсаңында құрылысшылар заводтың соңғы бесінші және алтыншы пештерін пайдалануға берді. Сөйтіп, завод мемлекеттік жоспарда көрсетілген мерзімнен бір жарым жыл бұрын іске қосылды.

Завод іші ғажап бір дүние. Жанжақтан шыққан механизмдер дүбірі, әрі-бері үздіксіз ағылған машиналар гүрілі бұл өңірде тасқындаған еңбек қарқынын көрсетеді. Төңіректегі жұртшылықтың бәрі қауырт қимыл құшағында.

Завод директоры, партия ұйымының секретарымен бірге цехтарды аралап келеміз. Міне, қатарласып көлденең көлбеу жатқан 6 пеш. Айтар ауызға пеш дегені болмаса бұл 90 түрлі торапты күрделі қондырғы. Бұлардың әрқайсысының ұзындығы 150, жуандығы 4 метр. Мұншама қомақты темірдің жеңіл айналып тұрғанына таң қаласың да, оның тізгінін берік ұстап, өз дегеніне көндірген жұмысшы әрекетіне тәнті боласың.

Мұның бәрін күйдіру цехы біріктіреді. Бұл заводтағы негізгі буын. Завод бойынша өндірістік көрсеткіш осы цехтың жұмысымен өлшенеді. Жастығына қарамастан биыл цементшілер 1962 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жарысына бастаушы болды. Сондықтан да олар жұмыс қарқынын күннен күнге арттырып келеді.

Пешшілер төрт сменаға бөлінген. Әр пеште бір-бір машинистен бар да, екеуіне бір көмекшіден бөлінген. Ал, айналмалы пештің әр машинисі бригадир қатарында есептеліп, оған шлам (әртүрлі химиялық қоспалар қосылған сұйық балшық) беріп тұрушыны, транспортершіні, машинистің көмекшісін және тоңазытқыш машинисін қосып берген.

Өзара социалистік жарыста Кривенко жолдастың сменасы бәрінен де озық болып отыр. Футеровканың төзімділігін нормадағы 90 күннің орнына, 140 күнге жеткізгені және брак жібермегені үшін оларға цехтың ауыспалы жалауы тапсырылған. Сменаның Костин, Матвеев, Сайкұлов сияқты мүшелері өз жұмыстарына мұқият қарауда.

Бұл жолы да алдымызға жан салмаймыз деген ниетпен Костин жолдас басқарған коллектив бар күшін сала қимылдауда. Манағы алып механизмді мүлтіксіз жүргізіп жүрген де осылар. Бір жолы қапыда брак жасап, өкініп қалған № 5 пештің машинисі В. Голиков енді бар ынтасымен іске берілген. Ол бірде пештің ыстық жақ шетіндегі саңлауға тақалып, көгілдір түсті шынымен клинкердің күйу процесін

байқаса, енді бірде барометрге көз жіберіп, пештің қызу қалпын қадағалайды. Өзінің жедел қимылына біздің таңданғанымызды сезген адамдай сөйлей жөнелді.

— Бұл жұмыс шапшаң қимылды, сонымен бірге барынша сақтықты, ұқыптылықты талап етеді. Шабан қимылдасаң пештің қызуы төмендеп, дымқыл шлам араласып кетсе брак жасалады. Өткенде осындай жайға тап болдым. Партия жиналысында коммунистер айыбымды бетіме басып, жанжақты сынағанда «ет жемесем де сорпа ішкендей» болғаным есімнен кетпейді. Сондықтан да екінші рет талқыға түскім жоқ,—деп жауап қайтарды ол. Сөйтті де жұмысымен айналыса берді.

Василий Федорович пештің сонау суық жақ беткейіне шлам жіберіп тұрған Найля Харисовамен байланыс жасап, бөшкенің қимыл процесін де біліп тұр.

— Халың қалай, Василий Федорович, бүгін нешеге жеткізесің,—деп осы кезде Арыстан Шорабеков кіріп келді.

— Бүгін сағатына 31 тоннадан клинкер береміз бе,—деп тұрмыз. Оның даусы көтеріңкі шықты.

— Оһо, жарайсың, сөзіңе қарағанда кібіртең кездеспеген-ау, шламыңда кедергі жоқ па?

— Қазір сіздің алдыңызда ғана кезекшімен байланыс жасадым, бәрі де ойдағыдай.

— Осы қарқыннан таймандар. Анау Матвеевтің жігіттері сендерден озамыз деп жатыр. Кезекті бермендер.

— Біздің көрсеткішке сенуіңізге болады, уәде—уәде ғой,—деді ол.

Цех бастығының орынбасары Арыстан Шорабековтың машинистер қасына келіп, хал-жайды сұрағанда, шламға көңіл бөлгенінің өзіндік мәнісі бар-ды. Өйткені бөшкеде кідіріс болса, айналмалы пешке шлам біркелкі бармайды, қызу температурасы жоғарылап, футеровканың бүлінуі мүмкін. Сондықтан оны әрбір бес минут сайын тексеріп тұру шарт. Ал, кеспек дегеніміз — карьерден келіп түскен тасты ұнтақтап, шикізат дайындау цехының тік шламбассейнінде араластырылған, онан көлбеу бассейнінде химиялық түрлі қосындылар қосылып, сұйық балшыққа айналған, заттың белгілі мөлшерде сақталатын ыдысы. Соған шлам айналмалы пештің суық жақ шетінен құйылып оның 1 400—1 500 градустық ыстығына күйіп клинкер болып шығады. Мұнан кейін ол мұздатқышқа жіберіледі. Содан ол диірменге түскеннен кейін цемент даяр болады.

— Айналмалы пештің ұзын бойы бес аймаққа (зонаға) бөлінеді. Оның әрқайсысында температура әртүрлі. Біздің міндетіміз—бұл қондырғының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұны мінсіз атқарып келеміз,—дейді В. Голиков жолдас.

Бұл сөзде ешқандай бояу жоқ. № 5 пештің адамдары өз жұмысына мейлінше жауапкершілікпен қарайтын жандар. Жақында мынадай бір жай кездесті. Пешті екінші сменадан қабылдау кезінде Голиков жолдас подшипникке жалғасып тұратын бандаждың бір бұрандасының босап кеткенін көреді. Әдетте мұндай ақауды мастер жөндеуге тиіс. Бірақ ол мастерді іздемей-ақ өзі кірісіп, оны ретке келтіре қояды. Бұл туралы кейін мастерге және цех бастығының орынбасарына хабарлағанда олар Голиковке рахмет айтады.

Жұмысшылармен жиі хабарласып, олардың жай-жапсарын жете біліп жүретін цех бастығының орынбасары Шорабековтың мана Голиковтың бригадасына келіп, назар аударуында да мән бар еді. Өйткені, оның жұмысынан бір жолы төтеннен брак жасалғаны оның есінде. Кездескен олқылықтың қандайын болса да үлкен кемістік деп білетін олар енді ақаусыз жұмыс істеуге серт байласқанды. Бұл бригада коллективінің кәзіргі іс-әрекетіне, атқарған жұмысына қанағаттан-

ған Арыстан олардың алдағы уақытта да берген сертінде тұратынына зор сенім артып кеткен.

№ 5 пештегі Голиков жолдас басқарған бригаданың ісі ойдағыдай болғаны өткен айдың қорытындысынан айқын көрінді. Олар клинкер шығару тапсырмасын артығымен орындады. Мұны білген цех бастығының орынбасары Василий Федоровичке келіп жоғары көрсеткішімен құттықтап жатты.

№ 4 пештегі Шүкіров жолдас басқарған бригада жұмысшылары да жоспарды артығымен орындап келеді. Бұлар өткен айда ешқандай бракқа жол берген жоқ. № 6 пештегі Кучми жолдастың бригадасы да алда келеді.

Жалпы нәтиже де жаман емес. Өзара жарысушы төрт смена да бір-бірінен қалысқан жоқ. Соның ішінде Ростин бригадасы жігіттерінің қызу қимылы, қажырлы еңбегі басымырақ болды. Өткен айда олар тапсырмаларын 112 процент орындап қалған үш сменадан озып шықты.

Цементшілердің мұндай табысқа жетуіне бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдарының тигізген әсері зор. Олар коллективтің социалистік жарысын тікелей басқарып, олардың творчестволық белсенділігін арттыра беруге әруақытта ұйтқы болып жүр. Социалистік жарыс қорытындыларын шығарып, жария етіп отыру — коммунистер мен кәсіподақ мүшелерінің дәстүрлі ісіне айналды. Заводтың қай цехына барсаңыз да, қай жұмысшымен сөйлессеңіз де партия, кәсіподақ ұйымдарының жұмысы көзге бірден түседі. Завод басқармасының алдындағы шағын тақтада кәсіпорынның әр күні қанша өнім шығарғаны, қанша цемент жөнелткені жазылып отыратынын байқағанда, еріксіз риза боласың. Озаттардың, жаңашылдардың көрсеткіштері де үнемі толтырылып, жаңартылып тұрады.

Бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдары техникалық прогресс қозғалысына да басшылық жасайды. Олар коллектив мүшелерін кәсіпорынның өндірістік жобалық қуатын толық игеру жолындағы күреске бастаған. Мәселен, бас механик Верин, күйдіру цехының бастығы Классин, механик Литвиненко жолдастардың тоназытқыштың конструкциясын жақсартып, оның кей бөлшектерін жетілдірудің керектігі туралы ұсыныстар жасады. Мұның өзі экономикалық жағынан көп пайда келтірді.

Коллективте мұндай игілікті істер толып жатыр. Коллективтің творчестволық еңбегінің жемісі күн сайын айқын көрініп келеді. Бұл кәсіпорын барлық өндірістік жұмыстары механикаландырылған, тетіктерді автомат арқылы басқаратын заводқа айналып отыр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша құрылысшылар мен құрылыс материалдары өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподағының бүкілодақтық Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алған қызметшілер, биылғы жеті айдың өндірістік жоспарын асыра орындап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіподақтары советінің ауыспалы Қызыл туын қолда берік ұстауда. Бірақ олар қол жеткен табысқа қанағаттанып қоймайды. Биылғы жылдың жеті айлық жоспарынан тыс 30 мың тоннадай цемент берген жұмысшылар алдағы уақытта да еселеген жігермен еңбек етуге бел байлап отыр.

Ә. ӘЛІМБЕКОВ

Шымкент қаласы.

Оқушылар сұрағына жауап

Техниканың моральдық тозуы деген не?

Павлодар, Семей қалаларындағы журнал оқушылары Т. Сәдуақасов, Ш. Сұлтанов, А. Құрманғалиев жолдастар техниканың моральдық тозуы туралы түсінік беруді сұрайды.

Төменде осыған жауап ретінде А. Басов жолдастың мақаласы жарияланып отыр.

Машинаның, станоктың, аппараттың және басқа құрал-жабдықтың жұмыс кезінде белгілі дәрежеде табиғи тозатыны мәлім. Табиғи тозудың салдарынан құрал-жабдық әуел бастағы жаңа түрінен, сапасынан және техника-экономикалық көрсеткішінен (жұмыс өнімділігі, қуаты, жүріс жылдамдығы, жүк тарту күші, т. б.) айрылады. Сөйтіп, алғашқы құнын кемітеді.

Белгілі бір машинаның бастапқы жұмыс қабілетін қалпына келтіру үшін оның ақау түскен жерін күрделі, я жеңіл жөндеуден өткізіп, тозған бөлшектерін, тораптарын ауыстыру қажет.

Сонымен, техниканың табиғи тозуын жөндеу арқылы қалпына келтіруге болады. Әлбетте, бұған белгілі мөлшерде қаржы жұмсалады.

Табиғи тозумен қоса техника заман талабына сай келмей ескіреді. Мұны моральдық тозу деп атайды. Оның мәнісі мынада: құрал-жабдық жұмысқа әзірге жарамды болады, бірақ ол өзінің әуел бастағы сапасынан, бағасынан айырылып қалады. Техниканың үздіксіз жетіліп жаңара беруі нәтижесінде кейбір машина моральдық жағынан тозады, яғни оны пайдалану тиімсіз болады. Өйткені техникалық прогресс нәтижесінде құрал-жабдықтың жаңа, неғұрлым арзанға түсетін, үнемді, жұмысы өнімді, ыңғайлы түрлері пайда болып отырады.

Социалистік шаруашылықта техниканың моральдық тозуы капитализм тұсындағы моральдық тозудан мүлде өзгеше, одан үлкен айырмашылығы бар. Капитализм тұсында өндіріс құралдары жеке меншікте болады. Меншік иелері арасында бәсекелік күрес өрістейді. Кейде бұл да техниканың моральдық тозуына себеп болады.

Социалистік шаруашылықта өндіріс құралдары қоғам меншігінде, мұнда бәсеке, анархия жоқ. Халық шаруашылығы жоспармен жүйелі түрде өркендетіледі. Сонда да техниканың моральдық тозуы болып тұрады. Өйткені техника үздіксіз жетіліп жаңара береді де, оның кейбір түрі мезгілсіз ескіріп қалады.

Сонымен, техниканың моральдық тозуы социализм тұсында негізінен техникалық прогреске байланысты болса, капитализм тұсында қанаушы таптың қисапсыз көп пайда табуы үшін аласұрып әрекет жасаумен байланысты болады.

Табиғи тозу да, моральдық тозу да экономикалық жағынан бірдей із қалдырады. Екеуінде де құрал-жабдықтың әуел бастағы құны жойылады. Солай бола тұрса да тозудың бұл екі түрінің арасында елеулі айырмашылықтар бар. Табиғи тозығы жеткен техника күрделі жөндеуден өтпейінше өндіріске жарамайды. Ал моральдық тозудың қандай түрінде болса да техниканы алдағы уақытта пайдалана беруге болады, бұл үшін күрделі қаржы жұмсаудың қажеті жоқ. Сондықтан моральдық жағынан тозған жабдықты өндірістің маңызы онша емес

саласында (жабдықтың жаңа түрі жетіспейтін салада) біраз уақыт пайдалануға болады.

Партияның Орталық Комитеті машина жасау заводтарын металл жонатын жаңа станоктармен бірінші кезекте қамтамасыз ету, өнеркәсіптің бұл саласынан босаған, бірақ әзір жұмыс істеуге жарамды станоктарды жөндеу мақсатына пайдалану туралы нұсқау берген болатын. Амал не, бұл нұсқауды біздің республиканың бірқатар халық шаруашылығы советтері ойдағыдай орындай алмай келеді. Қазақстанда бар металл өңдеу станоктарының 30 проценті машина жасау өнеркәсібінде, қалғандары өнеркәсіптің басқа салаларында, ауыл шаруашылығында, транспортта пайдаланылады. Жөндеу станоктарының дені ұсақ мастерскойларға орнатылған. Бірақ олар мұнда машина жасау өнеркәсібіндегіден анағұрлым тиімсіз, бей-берекет пайдаланылады.

Техниканың моральдық тозуының жарқын мысалын темір жол техникасынан көруге болады. Ұзақ жылдар бойы темір жол магистральдарында паровоздың бірден-бір локомотив болғаны мәлім. Ал, кәзір жағдай өзгерді. Техникалық прогресс тепловоздың паровоздан анағұрлым артық екенін көрсетті. Бу машинасының (турбина) дизельмен тайталасуға шамасы келмей қалды. Өйткені дизельдің пайдалы коэффициенті жоғары. Ол суды аз жаратып-ақ бу машинасынан артық шапшаңдықпен істей алады, әсіресе шөл-далада тиімді келеді. Сөйтіп темір жолдағы техникалық прогрестің нәтижесінде паровоз моральдық жағынан тозды. Тепловоздарды жасап шығару жеткіліксіз болып отырғандықтан паровоз әлі де пайдаланылуда. Бірақ паровоз негізгі магистральдарда кәзір қолданылмайды, тек қосалқы учаскелерде ғана пайдаланылады.

Мына жағдайды да айта кету керек. Енді тепловоз жаңа локомотив — электровоздан кейін қалып қойды. Елімізде электрлендірудің кең өріс алуына қарай электровоздар барған сайын молырақ пайдаланылуда. Өткен жылы бүкіл дүние жүзіндегі ең ұзын (5 500 километр) магистраль—Москва—Байкал темір жолы электровозға көшірілді. Партияның Программасында темір жол транспортын жаппай электрлендіру шаралары белгіленген.

Кәзіргі уақытта жұмысы өнімді локомотивтер (тепловоздар мен электровоздар) жүк көп тасылатын темір жол магистральдарында пайдаланылады. Бұлар елдегі бүкіл жүктің 60 проценттен астамын тасиды. Электровоздың болашағы зор, өйткені ол экономикалық жағынан өте тиімді, пайдалануға ыңғайлы, отын мен суды аз жұмсайды.

Трактор, автомобиль, авиация өнеркәсібі салаларында техника неғұрлым жаңалануда. Соның нәтижесінде бұл салаларда машинаның моральдық тозуы да басым болып отыр. Мысалға трактор өнеркәсібін алуға болады. Елімізде трактор жасау ісінің басталғанына 35 жыл өтті. Міне, содан бері моральдық жағынан тозған трактордың бірнеше конструкциясы өндірістен алынып тасталды. Бір кезде қуаты 20 аттық дөңгелекті «Фордзон» тракторын жасап шығарған Ленинградтың Киров атындағы (бұрынғы Путилов) заводы кәзір 250 аттық күші бар, тың аудандарына арналған «болат тұлпар», алып тракторларын жасап шығаруға даярлануда.

Еліміздің машина жасау заводтары осы кезде тракторлардың жиырмадан аса түрін шығарады. Оны еліміздің халық шаруашылығына және көптеген шет елдерге беріп отырады.

Соңғы кезде Алтай, Волгоград заводтары шығарып келген «ДТ-54» тракторының өзі де моральдық жағынан тозды деп саналып жүр. Оның орнына «ДТ-75» жаңа трактор шығарылуда. Бұл жаңа трактор әрі қуатты, әрі жүрдек, жанармайды аз жұмсайды.

Сол сияқты Челябині трактор заводы «С-80» және «С-100» тракторларын жасап шығарды. Кәзір завод «Т-108» қуатты жыланбауыр трактор-

торын көптеп жасауға әзірленуде. Бұл трактор жанармайды өте үнемдеп жұмсайды. Трактордың салмағы жеңіл, қуаты күшті, жүріс жылдамдығы «С-100» тракторынан жоғары болады.

Өндірісте жаңа машина, құрал-жабдық түрлерін шығарумен бірге өндіріс технологиясы да өзгереді. Әрине, жаңа технология да бұрынғыдан тиімді келеді.

Біздің социалистік шаруашылықта жаңа техника, оны өндірудің жаңа технологиясы халық шаруашылығының талаптарына сәйкес белгіленген жоспар бойынша енгізіліп отырады. Халық шаруашылығы жоспарында моральдық жағынан тозған техниканы неғұрлым жетілдірілген, үнемді, экономикалық жағынан тиімді техникамен ауыстыру жыл сайын көзделеді. 1960 жылы бүкіл Совет Одағы бойынша конструкциясы ескірген 600-ден астам машина, аппарат, аспап, өндірістен алып тасталды. Былтыр да моральдық тозуға киліккен осындай құрал-жабдықтар бұдан әрі жасалмайтын болды.

Республиканың халық шаруашылығы жоспарында шығарылатын құрал-жабдықты жаңартып отыру жыл сайын белгіленеді. Соңғы екі жыл ішінде конструкциясы ескірген ондаған машинаның оқасалуы тоқтатылды. Олардың көбі жетілдірілген жаңа түрлерімен ауыстырылды. Оның ішінде сым созыш станок, түрлі насостар, астық тиегіштер, металл жонатын станоктар, ұсталық-пресс машиналары және басқалар бар.

Жоғарыда айтылғандай, табиғи тозуды жоюдың жолы—машинаны жөндеу. Ал, техниканың моральдық тозуының әсерін тоқтатуға немесе бәсеңдетуге бола ма?

Моральдық тозуды бәсеңдетудің маңызды жолының бірі—модернизация яғни техника жетістігін қолдану негізінде құрал-жабдықты жаңартып отыру. Мұның өзі техникалық прогрестің бір түрі болып саналады және ол қаржыны аз жұмсай отырып, машинаның техникалық дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

Партияның XX, XXI съездерінде жаңа техниканы кеңінен енгізумен бірге бар құрал-жабдықты жаңарту, оның жұмыс өнімділігін арттыру шаралары белгіленген.

Машина жасау заводтарының құрал-жабдығын—металл жонатын станоктар мен ұсталық-пресс машиналарын жаңғыртып отырудың маңызы зор. Бүкіл елімізде металл жонатын станок паркі 2 миллион данадан асады, әрине, оларды бірден толық жаңартуға болмайды. Сондықтан модернизация әдісін кең қолдану керек.

Құрал-жабдықты жаңартудың қандай түрі болса да машинаның жұмыс өнімділігін арттыру, оның салмағын жеңілдету, пайдалы жұмыс коэффициентін көтеру мақсатын көздеуге тиіс. Мұның бәрі сайып келгенде құрал-жабдықтың түсер құнын едәуір кемітуге жеткізеді. Мысалы, металл жонатын станокты жаңарту металды кесу процесін жылдамдатуды көздейді. Станоктың жылдамдығын арттыруға, қуатын ұлғайтуға бағытталған шаралар да ескеріледі.

Металл жонатын құрал-жабдықты жаңарту жөніндегі шаралар халық шаруашылығы жоспарында жыл сайын белгіленіп, іске асырылады. 1961 жылы республикамызда металл жонатын 413 станок, 38 ұсталық-пресс машинасы жаңартылды. Халық шаруашылығы жоспарында биыл 502 металл жонатын станокты, 42 ұсталық-пресс машинасын жаңарту көзделіп отыр.

Түсті металлургия өнеркәсібінде жаңарту жұмысы кәсіпорындардың өз күшімен өз қаржысымен жүргізіледі. Әдетте бұл жұмыс құрал-жабдықты күрделі жөндеу ісімен ұштастырыла атқарылады.

Техниканың моральдық тез тозуы халық шаруашылығында құрал-жабдықты неғұрлым жақсы, тиімді пайдалану міндетін алға қояды. Н. С. Хрущев жолдас биыл теміржолшылардың Бүкілодақтық кеңесін-

де сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Ал, жабдықтарды пайдалану мәселесі — жай нәрсе емес. Ол — біздің орасан зор мүмкіншілігіміз. Неге десеңіз, жабдықтың тозатын мезгілі шамадан артық ұзартылатын болса, онда машина қуаты жағынан тозып қана қоймайды, сонымен бірге кәзіргі заманның талабына да сай келмей қалады. Машинаның жұмыс істеу мерзімінің ұзақтығы — игілікті іс емес. Машинаны жұмысқа тиімді пайдалану, машиналардың бұл конструкциясы заман талабына сай келуден қалатын кезден асырмай пайдалану үшін ақылға сыйымды мерзім белгіленуі тиіс».

Жұмысты тәулік бойы үздіксіз істейтін өндірістің металлургия, химия, кен байыту сияқты салаларында құрал-жабдық неғұрлым тиімдірек пайдаланылады. Бірқатар өнеркәсіп саласында оның пайдаланылуы жеткіліксіз. Мысалы, машина жасау өнеркәсібінде жағдай осындай болып отыр. Республиканың машина жасау кәсіпорындарында құрал-жабдықтың ауыстырылу коэффициенті 1,42-ден аспайды. Ауыстырылу коэффициентін 1,8—2-ге жеткізу республиканың машина жасау өнеркәсібінде өнім шығаруды, онша көп күрделі қаржы жұмсамай-ақ, едәуір арттыруға мүмкіндік берер еді.

Жұмыс істеп тұрған техниканы тиімді пайдаланумен қатар орнатылмаған құрал-жабдықты тезірек іске қосудың да мәні орасан зор. Осыған карамастан орнатылмаған құрал-жабдық мөлшері барған сайын көбейіп барады.

Біздің республикада да орнатылмаған машинаның, станоктың және басқа құрал-жабдықтың көбейіп кеткенін байқаймыз. Орталық санақ басқармасының мәліметіне қарағанда, орнатылмаған құрал-жабдық құны жағынан өткен жылы 10 процент азайған. Бірақ солай бола тұрса да орнатылмаған құрал-жабдықтың құны әлі де 118 миллион сомнан асып отыр. Мұның үштен бірі Қарағанды халық шаруашылығы советінің үлесіне тиеді.

Бостан-бос жатқан орасан мол техниканы жедел іске қосып, ұтымды пайдалану жөнінде Қазақ халық шаруашылығы советіне, әкімшілік-экономикалық аудандардың халық шаруашылығы советтеріне үлкен жауаптылық жүктеледі. Ал бұл жұмысты ұйымдастырып, оған нақты басшылық ету — партия ұйымдарының жауапты міндеті. Жанадан алынған құрал-жабдықты әрбір кәсіпорнында босқа жатқызбай іле-шала орнатып, өнімді пайдалану — халық шаруашылығындағы мол резервтерді іске қосудың ұтымды жолының бірі. Мұны есте берік сақтау керек.

А. БАСОВ,

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы машина жасау өнеркәсібі бөлімі бастығының орынбасары.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмагамбетов З.,
(жауапты секретарь), Әбілдаев К., Бейсенбаев С.,
Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Мендібаев К.,
Өржанов Ш., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.

3/IX-1962 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆, 2,5 қ. — 6,85 авт. т.

Тир. 26019 УГО4805.

ККП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 1016.



Партия оқуы жүйесіне арналған жаңа әдебиеттер

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ БАСПАЛАРЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

Л. А. ЛЕОНТЬЕВ. Саяси экономияның бастауыш курсы. Толықтырылып екінші басылуы. 512 бет, бағасы 71 тиын.

Кітап экономикалық ғылымның негіздерін түсіндіреді. Кітаптың осы соңғы басылуында партияның XXII съезінің материалдарына байланысты өзгерту, толықтыру енгізілген. «Социализм мен коммунизм» деген тарау көп толықтырылып, қайта жазылған, «Капитализмнің жалпы дағдарысы» деген бөлімнің мазмұны анықтала түскен.

Социалистік шаруашылықты басқару мектебі (Өнеркәсіп орындарының экономикасын оқып-үйренетін жұмысшы мектептеріне арналған оқу кітабы). 296 бет, бағасы 60 тиын.

Кітапта кәсіпорындарды басқару, олардың жұмысын жоспарлау, өнімнің түсер құнын кеміту, сапасын арттыру мәселелері, кәсіпорындардың экономикасына байланысты басқа мәселелер баяндалады. Мұнда жұмысшылардың өндірісті жетілдірудегі ролі ерекше атап көрсетіледі, кәсіпорындардың өмірінен көптеген нақты мысалдар келтіріледі.

П. НИКИТИН. Саяси экономияның негіздері. Көпшілікке арналған оқулық. Өзгертіліп, толықтырылып екінші басылуы. 399 бет, бағасы 52 тиын.

Оқулықтың «Өндірістің коммунистік тәсілі» деген тарауы, «Социализмнің пайда болуы және орнығуы», «Социализм тұсында халық шаруашылығының жоспарлы түрде өркендеуі», «Социализмнің дүниежүзілік системасы», «Монополистік капитализм—империализм» деген бөлімдері КПСС XXII съезінің материалдары, партияның жаңа Программасы негізінде едәуір өзгертіліп, қайта жазылған. «Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту» деген бөлімнің орнына жаңа үш бөлім жазылған; бұл бөлімдерде коммунистік қоғамға ыспаттама беріледі, социализмнің коммунизмге ұласуының заңдылықтарына, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, социалистік өндірістік қатынастардың коммунистік өндірістік қатынастарға ұласуы мәселелеріне талдау жасалады.

В. АФАНАСЬЕВ. Философия білімдерінің негізі. Көпшілікке арналған оқулық. Өзгертіліп, толықтырылып екінші басылуы. 400 бет, бағасы 52 тиын.

КПСС XXII съезінің материалдарына, партияның жаңа Программасына сәйкес оқулықтың тарихи материализм деген тарауы едәуір толықтырылған. Мұнда коммунистік қоғамға, социализмнің коммунизмге ұласу заңдылықтарына ыспаттама берілген. Ұлттар және ұлт-азаттық қозғалысы туралы тарау қайта жазылған, мемлекет, әлеуметтік революция туралы және басқа бөлімдер едәуір өзгертілген.

В. Афанасьевтың «Философия білімдерінің негізі», П. Никитиннің «Саяси экономияның негіздері» деген оқулықтарын қазақ тілінде басып шығаруға даярлық жүргізіліп жатыр.

Маркстік философияның негіздері. Оқулық. Екінші басылуы. 656 бет, бағасы 1 сом 5 тиын.

Оқулық диалектикалық және тарихи материализмнің мазмұнын жанжақты баяндап түсіндіреді. Кітаптың екінші басылуында партияның жаңа Программасының, КПСС XXII съезінің теориялық және практикалық қорытындылары негізге алынған.

Халықаралық жағдай және СССР-дің сыртқы саясатын, халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыс, дүниежүзілік коммунистік, жұмысшы, және ұлт-азаттық қозғалысы тәжірибесін оқып-үйрену жөніндегі программа. Үйірмелерге, семинарларға және жеке жоспар бойынша оқытындарға арналған. КПСС Орталық Комитеті Қоғамдық ғылымдар академиясының халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысы тарихы кафедрасы даярлаған. 30 бет, бағасы 4 тиын.

КПСС тарихын оқып-үйрену жөніндегі программа. Партия оқуы жүйесіндегі үйірмелерге, семинарларға және жеке жоспар бойынша оқытындарға арналған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының КПСС тарихы кафедрасы даярлаған. 56 бет, бағасы 8 тиын.

Диалектикалық және тарихи материализм жөніндегі программа. Партия оқуы жүйесіндегі үйірмелерге, семинарларға және жеке жоспар бойынша оқытындарға арналған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының философия кафедрасы даярлаған. 32 бет, бағасы 4 тиын.